

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі  
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясы

А.Ә.ӘБУТАЛИЕВА

ҒЫЛЫМИ-ІСКЕРЛІК ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН МАГИСТРАНТТАРҒА  
АРНАЛҒАН МӘТІНДЕР ЖИНАҒЫ

Қарағанды - 2012

**Әбуталиева А.Ә. Ғылыми-іскерлік қазақ тілінен магистранттарға арналған мәтіндер жинағы. Қарағанды, 2012.**

Ғылыми-іскерлік қазақ тілінен магистранттарға арналған мәтіндер жинағында берілген тақырыптар өзара сабақтасып, жүйелі түрде беріліп отыр, әрбір тақырып магистранттың сөздік қорын молайтып, тіл дамытуға арналған. Сонымен бірге қысқаша шығарма, эссе жазу үнемі қатарласа жүргізіледі. Сондықтан тілдік материалдар қажетіне, тиімділігіне, ұтымдылығына қарай топтастырылған. Жинақ жалпы магистранттарға, тыңдаушыларға, тіл үйренушілерге арналады.

**Пікір жазған:** Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры,  
ф.ғ.д. М.Әбдуов

## 1-мәтін

**Мемлекет** - белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік ұйымы. Егемендікке, заңдастырылған зорлықты пайдалануға монополияға ие және қоғамды басқаруды арнайы механизмдер (аппарат) арқылы жүзеге асыратын қоғамдағы саяси билікті ұйымдастырудың ерекше түрі, саяси жүйенің орталық институты. Мемлекеттің белгілері мемлекеттің орталық және жергілікті билік органдары жүйесі болады, оған заңды, атқарушы және сот органдары, әскер, полиция жатады; мемлекеттің тұрғындары әкімшілік-аумақтық бірлестіктерге (облыс, аудан, ауыл, т.с.с.) бөлінеді (ол бірліктер әр елде түрліше аталады); мемлекеттің шекарасы анық белгіленген аумағы болады; мемлекеттің әскерді, полицияны, сотты, басқа мемлекеттік мекемелерде қызмет істейтін шенеуніктерді ұстау үшін салық жинайды; мемлекет заңдар және басқа нормативтік-құқықтық актілер шығарады, солардың көмегімен қоғамды тәртіп орнатады. Мемлекет түрлері: Мемлекет құрылымы бойынша келесі түрлерге бөлінеді: *Унитарлық* (лат. *unitas* - біртұтас, біріккен) құрылыста саяси билік бір орталыққа бағынады, мемлекет ішінде өз алдына бөлек басқа құрылымға жол берілмейді. Оның территориясы, конституциясы бір болады. Мемлекеттік биліктің жоғары органдар жүйесі, азаматтығы ортақ. Мысалы, Италия, Франция, Қазақстан т.б. осы түрге жатады. *Федерация* (лат. *Foederatio* - одақ, бірлестік) - белгілі бір саяси тәуелсіздігі бар, бірнеше мемлекеттік құрылымдардың бірігіп, одақтық жаңа бір мемлекетті құруы. Федерация мен оған кіретін субъектілердің міндеттері арасындағы айырмашылықтар жалпы мемлекеттік конституциямен реттеледі. Әр субъектінің өзінің жоғарғы билеу (заң шығарушы, атқарушы, сот органдары болады). Мұндай мемлекеттерге АҚШ, Алмания, Малайзия, т.б. жатады. Мемлекет басқаруы бойынша *Монархия* (гр. *Μοναρχία* - біртұтас билік) - абсолюттік және конституциялық болып екіге бөлінеді. Абсолюттік монархия - мұраланған тақ иесінің (монархтың) ешқандай заңдармен шектелусіз, өз қалауынша дара билік жүргізуі. Шыңғыс хан және оның ұрпақтары билеген Қыпшақ мемлекеттері, XVIII ғасырдың соңындағы буржуазиялық революцияға дейінгі Людовиктер басқарып келген Франция осы абсолюттік монархияға мысал. Атадан балаға мұра боп қалған билік иесінің мемлекеттің сайланып қойылатын басқару органдарымен біте қайнасып, демократиялық ұстанымдармен үйлесім тауып басқаруын конституциялық монархия дейді. Мысал ретінде қазіргі Англия, Жапония мемлекеттерін айтуға болады. *Республикалық басқару* - *парламенттік* және *президенттік* болып екіге бөлінеді. Парламенттік жүйесі бар елдерде парламенттегі орындардың көпшілігін сайлауда жеңіп алған партия немесе партиялар коалициясы - премьер-министр басқарады. Үкімет өзі жасап парламент бекіткен бағдарлама бойынша жұмыс істейді, парламентке есеп береді. Парламент жетекші рөл атқарады, қажет десе, басқарушы үкіметті қызметтен кетіре алады. Парламент заңдарды ұсынады және оларды қабылдайды. Премьер-министр де парламенттің қарауына заңдар ұсынады. Сот билігі тек заңдарға сүйеніп жүзеге асырылады. Парламенттік республикалық басқаруға Италия, Алманияны жатқызуға болады. Президенттік жүйеде президентті және парламентті халық сайлайды, заңды билік пен атқарушы билік арақатынасы өзгереді, ел президенті мемлекеттің де, үкіметтің де басшылығын өз қолына алады. Президенттік басқару үлгісі ретінде АҚШ-ты келтіруге болады.

### Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз.
2. Мәтіннен орфографиялық принцип бойынша жасалған сөздерді табыңыз.
3. Мәтіннен есім сөздерді тауып, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңіз.

4. *Саяси билік, егемендік, заңдастыру, қоғамды басқару, саяси билік, саяси жүйе, жергілікті билік, сот органдары, әскер, полиция, әкімшілік-аумақтық бірлестіктер* сөз және сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.
5. Мына сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз: *Президенттік жүйеде президентті және парламентті халық сайлайды, заңды билік пен атқарушы билік арақатынасы өзгереді, ел президенті мемлекеттің де, үкіметтің де басшылығын өз қолына алады.*

## 2-мәтін.

### Дәстүрлі қазақ қоғамының ата заңдары

Қазақтың әдет-ғұрып заңдары орта ғасырлардағы ислам дінін ұстанатын Араб, Шығыс және Орта Азияның елдеріндегі жаппай қолданыста болған шарифат заңдарынан мүлдем бөлек болды. Басқаша айтсақ, қазақ халқының әдет-ғұрыптық жолдары мен құқықтық жарғылары ерекше тарихи кезеңнің, әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістердің туындысы еді.

Қазақ хандығының заңдары “жарғы” деп аталды. “Негізі орта ғасырларда қыпшақ, шағатай ұлыстарында қолданған «ярғұ» заңынан алынған. Қазақша “жарғы” әділдік деген ұғымды білдіреді. Түпкі мәні жарудан, нәрсенің салмағын бір жағына аудармай, дәл, әділ айырудан шыққан.

Халық Қасым ханның шарифатты алмай, ежелден қалыптасқан билер заңы - Жарғыны жаңадан көтергенін қатты ұнатып, оны “Қасым ханның қасқа жолы” деп атап кетті. Бұл заңға енген ережелер: 1) Мүлік заңы (мал, мүлік, жер дауын шешу ережелері); 2) Қылмыс заңы (кісі өлтіру, ел шабу, мал талау, ұрлық қылмыстарына жаза); 3) Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат); 4) Елшілік жоралары (майталмандық, шешендік, халықаралық қатынасында сыпайылық, әдептілік); 5) Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке үстіндегі ережелер, жасауыл, бөкеуіл, тұтқауылдардың міндеті). Ереже заңдары өзгеріссіз XVII ғасырға жетіп, Есімнің кезінде (1598-1645) “Есім салған ескі жол” (“Есім ханның ескі жолы”) деп аталады.

Мемлекеттік басқару институтының құрамында айтулы өзгерістер болды, яғни, саяси жүйесінде үлкен құқықтарға ие болумен қатар, ішкі және сыртқы саясатты жүргізуде ерекше рөлге ие “Билер кеңесі” енгізілді. Ханның қасындағы ақыл-кеңесшілік органға айналған “Билер кеңесі” түйінді саяси шешімдер қабылдауға құзырлы сайланбалы алқалық орган ретінде өзінің қызметін тұрақты атқарып отырды. “Ханда қырық кісінің ақылы бар” деген сөз сол кезде туындаған, ал “Билер кеңесінің” құрамы қажет болған жағдайда кеңейтіліп отырған. Елдегі дауларды шешуде, қылмыстық әрекет жасаған адамдарды жазалауда, әділ сот жүргізуде, рушылдықты тежеуде де билердің алқасы үлкен роль атқарды. Сол себепті де жарғының әрбір тармағы Күлтөбенің басында өткен кеңесте талқыланып, үш жүздің ойшыл саңлақ билері - Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің бастауымен хан қасындағы қырық рудан жиналған “Билер кеңесінің” талқылауынан өтті. Ал “Билер кеңесі” дегеніміз қазіргі кездегі парламенттің үлгісі іспетті өкілдік институт еді. Басқаларын айтпағанның өзінде, “Жеті жарғы” қазақтарда демократияның далалық үлгісі болды деген тұжырымды нақты дәлелдейді.

Тәуке ханның «Жеті Жарғысында» қазақ қоғамының мемлекеттік құрылымы, өкіметтің қалыптасуы, хандарды сайлау тәртібі сияқты мемлекеттік құқықтың институттары бекітілмегенімен, оның кейбір баптары жас қазақ мемлекеттілігінің құрылымын қорғауға және оның территориялық тұтастығын, ұлттық бірлігін сақтауға бағытталғанын да айта кеткен жөн.

### Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз, мазмұнын баяндаңыз.
2. Морфологиялық принцип бойынша жасалған сөздерді табыңыз.
3. *Заң, ереже, мүлік заңы, қылмыс заңы, әдет-ғұрыптық жолдары, құқықтық жарғылары* сөздері мен сөз тіркестерінің жасалу жолдарын түсіндіріңіз.
4. Мәтіннен көнерген сөздерді туып, оның мағынасын ашыңыз.
5. Төмендегі сөйлемге морфологиялық талдау жасаңыз: *Мемлекеттік басқару институтының құрамында айтулы өзгерістер болды, яғни, саяси жүйесінде үлкен құқықтарға ие болумен қатар, ішкі және сыртқы саясатты жүргізуде ерекше ролге ие “Билер кеңесі” енгізілді.*

### **3-мәтін.**

#### **Мемлекетаралық экономикалық одақтар**

Әлеуметтік-экономикалық, аумақтық қажеттілікке байланысты немесе аймақтық рыноктарды қалыптастыру, біртұтас экономикалық кеңістік құру үшін, кей жағдайда басқа экономикалық одақтардан қорғану үшін құрылады. Мұндай одаққа кірген мемлекеттер сыртқы сауда, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық, ғылыми-техникалық прогресс, валюта, қоршаған ортаны қорғау салаларында, аймақтық саясатта бірыңғай шаралар жүйесін іске асырады. Мемлекетаралық экономикалық одақтар экономикалық интеграцияға кең жол ашады. Дүние жүзінде мемлекетаралық экономикалық одақтар ХХ ғасырда кең өріс алды. Олардың кезеңді міндеттерге орай ауқымы мен басқару функциялары өзгеріп, құрылымы жетілдіріліп отырды. Кейде оның құрамында бір құрылымда орналасқан мемлекеттер түгелдей дерлік қамтылады. Батыс Еуропа экономикалық одағы осындай үлкен мемлекетаралық экономикалық одақтарға жатады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері бірнеше Мемлекетаралық экономикалық одақтарға: Кедендік одаққа (1995), Шанхай ынтымақтастық ұйымына (2001), Еуроазия экономикалық одағына (2002), Орталық Азия ынтымақтастық ұйымына (2004) мүше болды. Қазақстанның және осы одақтар құрамына енетін басқа да мемлекеттердің алға қойған негізгі мақсаты - алыс-жақын көрші елдермен арадағы экономикалық қарым-қатынасты нығайту, сыртқы сауда-саттықты дамыту, аймақтағы тұрақтылықты, қауіпсіздікті, өзара тиімді байланыстарды қамтамасыз ету, ішкі реформалардың іске асырылуына қолайлы жағдай туғызатын сыртқы ортаны қалыптастыру. Олар ағымдағы мәселелермен қатар келешектегі күрделі мәселелерді де шешуге күш салады. Мәселен, Орталық Азия аймағында мұнай мен газды, электр қуаты мен су ресурстарын тиімді пайдалану, экологиялық мәселелерді бірлесіп шешу, ортақ рынок құру, халықаралық лаңкестікке, есірткі бизнесіне қарсы бірлесіп күресу, тағы басқа Орталық Азия ынтымақтастық ұйымының алдына қойылып отырған ортақ күрделі міндеттер болып табылады.

#### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз, мазмұнын баяндаңыз.
2. Орфографиялық принцип бойынша жасалған сөздерді табыңыз.
3. Мәтіннен сын есімдерді тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңіз.
4. Мәтіннен экономикалық терминдерді тауып, оның мағынасын ашыңыз. Сөздермен сөйлем құрастырыңыз.
5. Төмендегі сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз: *Олардың кезеңді міндеттерге орай ауқымы мен басқару функциялары өзгеріп, құрылымы жетілдіріліп отырды.*

### **4-мәтін**

## Ежелгі дәуірлердің заңдары

Ерте дәуірлерде туысқандық жақындық бірінші орынға қойылып, ондай адамдардың мақсат-мүддесі ортақ, рулық намысы күшті болған. Егер бір рудың адамын басқа бір рудың адамы өлтірсе, “қанға-қан, жанға - жан” дәстүрі қолданылған. “Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы” деген қағида қасиетті парыз саналған. Кімнің әдет-ғұрыптық қағида-ережелері әлсіреп, тәртіптілігі нашарласа, ондай рулар тарих аренасынан өшкен, болмаса басқа руларға сіңісіп, болмыстарын жоғалтқан. Ру мүшелерінің құқықтық еркіндіктері мол болған. Олар өздерін еркін санап, өз бостандықтарын қару-жарағымен қорғаған, бес қаруын үнемі асынып жүрген. “У ішсен, руыңмен” деген жосықты ұстанып, тәні мен жаны руымен, жерімен етене болған. Осы тұста әдет-ғұрып заңының кодекстері қалыптаса бастады. Бұл кодекстің басты талабы: әрбір көшпелі бір-біріне мейірімді, досына – адал, дұшпанына – қатал, ержүрек, туысқандық сезімі терең, қонақжай, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін, әлсізге қол ұшын беруге даяр, кім болса да лауазым-билігіне қарамай шындықты айтатын, күштілер алдында қалтырамайтын, намысы мен арын аяққа таптатпайтын, руының намысын қорғаушы, сол жолда жанын пидә етуші жан болуға борыштылығы. Сөйтіп, руластардың мақсат-мүддесі, көші-қоны ғана ортақ емес, сонымен бірге намыстары да ортақ, еліне, жұртына келетін жақсылық пен ұят та ортақ болды. Кейін құралған тайпалық одақтастық, мемлекеттілік кезінде де бұл қасиеттер сақталды. Ертедегі заңдарды “ата-баба жолы”, “жөн-жосық” деп атаған. Ең күрделі даулар бетпе-бет жағдайда, өз жөн-жосығымен, өз рет-жолымен шешілген. Ата-баба заңдарын ақылды да білімді, өнерлі де өнегелі билер, ғұламалар, жыраулар, ел көсемдері шығарып отырған. Бұл заң-ережелер түркі халқының мәдениетін, тәртіптілігін дамытып, өркендетуге зор үлес қосқан. Олардан қалған шешендік сөз “үлгілі сөз”, “аталы сөз”, “нұсқалы сөз” аталып, кейінгі ұрпақтарына жол көрсеткіш үлгі рөлін атқарды. Заманаға қарай құқықтық салт-дәстүрлер бірде дамып, бірде кенже қалып отырды. Көне замандардағы өрлеу мен құлдырау бізге беймәлім. Тек Елжау би, Нән би, Тонкөк, Оңқай би, Аяз би, Төбе би, Майқы би айтқан тағылымды билік сөздері ғана бізге еміс-еміс жеткен.

### Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз, мазмұнын баяндаңыз.
2. Қосымшалардың қандай орфографиялық принцип бойынша жасалғанын түсіндіріңіз.
3. Мәтіннен етістіктерді тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңіз.
4. “Ата-баба жолы”, “жөн-жосық”, “аталы сөз”, “қанға-қан, жанға - жан” деген сөз тіркестерінің мағынасын ашыңыз. Сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.
5. Төмендегі сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз: *Кімнің әдет-ғұрыптық қағида-ережелері әлсіреп, тәртіптілігі нашарласа, ондай рулар тарих аренасынан өшкен, болмаса басқа руларға сіңісіп, болмыстарын жоғалтқан.*

## 5-мәтін

### Ежелгі Ресей

Ресейде 16 ғ-дан бастап заң ілімі дербес пән ретінде оқытыла бастады. 1687 жылы құрылған Славян-грек-латын академиясында “рухани және дүниәуи құқық төрелігінен” дәріс беру көзделді. 1715 жылы Петр I-ге “Ресейде мемлекеттік кеңселердің пайдасы үшін саясат академиясын құру туралы жоба” табыс етілді. 1703 – 15 жылы Мәскеуде Нарышкин училищесі жұмыс істеді, онда басқа пәндермен қатар заң ілімі мен саясаттың нышандары қамтылған этика пәні оқытылды. “Бас регламентке” сәйкес 1720 жылы юнкерлер алқасы құрылды (1763 жылы таратылды), олар іс жүзінде алқалардың жанында заң ілімін оқуға

тиіс болды. 1825 жылы Ресей Ғылым академиясы құрылған кезде құқықтану кафедрасын ашу көзделді, 1726 – 65 жылы академиялық университетте заң ілімі оқытылды. 1732 жылы Шляхта корпусы ашылып, оның бағдарламасына теориялық заң ілімін оқыту енгізілді. Мәскеу университетінде құқықтан дәрістер алғаш рет 1755 жылы берілді, алайда, заң факультеттерінде жүйелі дәрістер мен сабақтар 1764 жылдан беріле бастады. КСРО-да заңгерлер, негізінен, 5 жыл оқытатын университеттердің және 4 жыл оқытатын институттардың заң факультеттерінде даярланды. Оқу процесі кең профильді заңгерлер даярлайтындай етіп ұйымдастырылды, мұндай заңгерлерді заң білімін талап ететін, сонымен қатар заң қызметінің белгілі бір саласы бойынша терең білімі бар заң мамандарын қажет ететін кез келген лауазымдық қызметке пайдалануға болатын еді. Сондықтан студенттерге мемлекет пен құқықтың жалпы теориясы, мемлекет пен құқық тарихы, саяси және құқықтық ілімдердің тарихы, әкімшілік құқық, азаматтық құқық, жер құқығы, еңбек құқығы, ұжымшар құқығы, қаржы құқығы, қылмыстық құқық, криминология, сот құрылымы, азаматтық іс жүргізу, қылмыстық іс жүргізу, халықаралық құқық, т.б пәндермен қатар әлеуметтік-экономикалық (саяси экономика, философия, СОКП тарихы, ғылыми Коммунизм) пәндері де оқытылды. Студенттер мемлекетті басқару және кеңестік құрылыс, халық шаруашылығындағы заң қызметі, сот-прокуратура-тергеу жұмысы профильдері бойынша маманданды. ҚҚМ үшін маман заңгерлерді ішкі істер академиясы, Қарулы Күштер үшін – Кеңес Армиясы Әскери институтының әскери-заң факультеті даярлады.

#### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз, мазмұнын баяндаңыз.
2. Ілгерінді, кейінді ықпал заңдары арқылы жасалған сөздердің табыңыз.
3. Мәтіннен септік жалғауларын тауып, сөйлем құраңыз.
4. Мәтіннен сан есімдерді тауып, жасалу жолдарын анықтаңыз.
5. Төмендегі сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз: *Мәскеу университетінде құқықтан дәрістер алғаш рет 1755 жылы берілді, алайда, заң факультеттерінде жүйелі дәрістер мен сабақтар 1764 жылдан беріле бастады.*

#### **6-мәтін**

### **Кеңес Дәуіріндегі Заң Ғылымы**

Кеңес дәуірінде де заң ғылымының негізгі салалары – азаматтық, қылмыстық, сот құқықтары орыстық жүйемен қалыптастырылды. Әдет-ғұрып заңдарына күйе жағылып, олардың сан ғасырлар бойы қазақ қоғамына қызмет етіп келгені ескерілмей, қайта ескіліктің сарқыншақтары деген желеумен тәрік етілді. Сөйтіп, Қазақстандағы заң ғылымы тамырынан ажыратылып, батыстық жүйеге көшті. Батыстық жүйе қазақ халқы үшін пайдалы ма, жоқ па, ол жағын зерделеген ешкім болмады. Дегенмен, батыстық үрдісте даму сипатына қарамастан заң ілімін, заң құрылысын жете танып, зерделейтін отандық ғылым қалыптаса бастады. Отандық заң ғылымы, негізінен, кеңестік сипатта жүйеленді. Қазақстанда кеңестік дәуірде заң ғылымының негізгі салалары – азаматтық, қылмыстық және сот құқықтары қалыптасып дамыды. Оның үстіне мүлде жаңа құқықтық салалар пайда болды. Олар: жер, су, орман, кен, табиғат қорғау, еңбек, еңбекпен түзеу, тұрғын үй, шаруашылық, мемлекеттілік, әкімшілік, ұжымшар, кеңшар, көлік құқықтары. 1926 жылы Қызылорда қаласында (республиканың сол кездегі астанасы) заң кадрларын даярлайтын тұрақты курс ашылып, ол кейін екі жылдық заң мектебіне айналды. 1934 жылдың басында Алматыда Кеңес құрылысы институты ашылды. Бұл Қазақстандағы заң білімінің дамуына жол ашқан кеңестік тұңғыш жоғары оқу орны еді. 1938 жылы осы

институттың негізінде құрылған Заң институты 1955 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің құрамына заң факультеті болып енді. 1972 жылы Қарағанды университетінде республикада екінші болып заң факультеті ашылды. Бұл оқу орындарында мыңдаған жоғары білімді заң мамандары даярланды. Республикада заң саласындағы алғашқы ғылыми-зерттеу мекемесі – КСРО ҒА-ның қазақ филиалы құрамындағы философия және құқық секторы 1945 жылы құрылды, ол 1958 жылы Қазақстан ҒА-ның Философия және құқық институтына айналды (қазіргі Философия және саясаттану институты). Ғылым кандидаттары мен докторлары, негізінен, Мәскеу, Ленинград қалаларында даярланды. Кейін Қазақстан ҒА-ның Философия және құқық институтында, ҚазМУ-дің заң факультетінде Ғылыми Кеңестер ашылып, кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалып, ғылыми дәрежелер беріле бастады. Қазақ оқымыстылары С.Зиманов, Т.Күлтөлеев, Ғ.Сапарғалиев, Г.Тайманов, С.Сартаев, т.б. заң ғылымының түрлі салалары бойынша іргелі зерттеулер жүргізіп, монографиялық еңбектер жазды. Қазіргі кезде Ә.Еренов, С.Байсалов, Ш.Шайбеков, Н.Мұхиддинов, С.Сахипов, М.Баймаханов, Сапарғалиев, М.Сүлейменов, М.Нәрікбаев, У.Жекебаев, Т.Ағдарбеков, Қ.Халиқов, С.Табанов, Н.Өсерұлы, З.Кенжәлі, С.Өзбекұлы, А.Ибраева, т.б. ғылым докторлары заң ғылымының әр түрлі саласында іргелі зерттеулер жүргізіп, құқықтануға айтарлықтай үлес қосуда. Сөйтіп, кеңестік дәуірде Қазақстанда заң ілімінің барлық саласы бойынша дерлік беделді, дербес ғылыми мектеп қалыптасты.

#### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз, мазмұнын баяндаңыз.
2. Тыныс белгілерінің қойылуын түсіндіріңіз.
3. Мәтіннен жіктік жалғауларын тауып, сөйлем құраңыз.
4. Мәтіннен етістің жұрнақтарын тауып, жасалу жолдарын анықтаңыз.
5. Төмендегі сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз: *1938 жылы осы институттың негізінде құрылған Заң институты 1955 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің құрамына заң факультеті болып енді.*
6. Төмендегі сөйлемге морфологиялық талдау жасаңыз: *Қазақстанда кеңестік дәуірде заң ғылымының негізгі салалары – азаматтық, қылмыстық және сот құқықтары қалыптасып дамыды.*

#### **7-мәтін**

##### **Тағлымды қызметтің тарихы тереңде**

Қоғамдық тәртіпті қадағалауда мемлекеттің мүддесін, азаматтардың құқығы мен еркіндігін қорғау міндеттері қылмыстық істерді ашу және тексеру арқылы қылмыспен күрес жүргізетін алдын ала тергеу органдарына тиесілі.

Тергеу органдарының қалыптасуы мен дамуы 1918 жылы арнайы нұсқауға сәйкес жұмысшы-шаруалар милициясы қатарында тергеушілердің халық соты мен тергеу комиссиялары арқылы берілген істерді тексерген кезінен басталады.

Ұзақ жылдарға созылған даму сатыларынан кейін қылмыспен күресті күшейту формасы ретінде ұйымның және тергеу органдарының қызметінің негізгі жобасы мен ережесі жасала бастады. Сол кездегі туындаған барлық қиындықтарға қарамастан олардың қызметінің құрылымын жетілдіру бойынша қажетті шаралар қабылданды. Ұйымда алдын ала тергеудің дербес органдарының қажеттілігіне байланысты ішкі істер органдарының алдын ала тергеу өндірісі құқығын қарастыратын 1963 жылдың 6 сәуірі күні «Алдын ала тергеу өндірісі құқығын қоғамдық тәртіпті қорғау органдарының құзырына өткізу» туралы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысы шықты. Тергеу қызметінің құрылғанынан бастап ІІМ жүйесіндегі алдын ала тергеу органдарының даму кезеңдерін сипаттайтын мынадай негізгі тарихи жағдайлар орын алды: 1963-1965 жылдары – бұл кезең ІІМ тергеу аппаратының қалыптасуы ғана емес, сонымен қатар бұл



саланың құрылымына шаруашылық қылмыстар, соның ішінде өте ірі көлемде ұрлау, жымқыру секілді күрделі әрі көп еңбекті қажет ететін қызметтерді енгізуімен есте қалады. Бүгінде ішкі істер органдарының тергеушілері еліміздің барлық органдарында тіркелген қылмыстық істердің жалпы санының 90 пайызға жуығын тергейді. 1965-1978 жылдары тергеу қызметкерлеріне арналған оқу базасын кеңіту бойынша нақты жұмыстар атқарылды. Тергеу бөлімшелерінің бастықтарына қылмыстарды тергеуді бақылау бойынша процессуалды өкілеттік беру және тергеу мәселелері бойынша бірқатар конференцияларды өткізу ұйымдастырылды. Дәл осы негізде ІІМ тергеушісінің амалы мен шешімдерін бақылайтын үш жақты жүйе іске қосылды (ведомстволық бақылау, прокурорлық қадағалау, сот бақылауы). 1978-1986 жылдары – ІІМ тергеушілерінің қызмет аясын кеңейту, кәмелетке жасы толмағандар жасаған қылмыстар туралы қылмыстық істерді қарауды осы мекеме құзырына өткізу мәселелері жүзеге асты.

КСРО құлаған соң жеке отау болып қайта құрылған әр мемлекеттер алдын ала тергеу қызметін қайта құру мәселесінде әртүрлі бағыт ұстанды.

1995 жылы 6 қазандағы Президенттің қаулысымен Қазақстан Республикасында прокуратураның, ішкі істер органдарының алдын ала тергеу қызметтерін, сонымен қатар жедел іздестіру амалдарын жүзеге асыратын қызметтерді қамтитын Мемлекеттік тергеу комитеті құрылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 қарашадағы «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары жүйесін ары қарай реформалау бойынша шаралар туралы» Жарлығымен ІІМ жүйесінде алдын ала тергеу органдары қайта қалпына келтіріліп, Тергеу департаменті құрылды.

2006 жылғы 21 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы» №313 қаулысымен құрамына Әскери-тергеу департаментінің бөлімшелері кіретін Тергеу комитеті құрылды. Тергеу қызметі мамандарының қалыптасуы мен тәрбиеленуі, оның дәстүрлерінің дүниеге келуі оның алғашқы басшыларының қызметімен тікелей байланысты. Олардың жанқиярлық қызметі, өз ісіне адалдығы, жеке басының жетістіктері тергеу тарихының беттерінде жарқын із қалдырды. Нағыз тергеушінің бет-бейнесін қалыптастыруда, қылмыспен, қоғамдық тәртіп бұзушылықпен күресті ұйымдастыруда, міне, солар өлшеусіз үлес қосты. 20 жылдан астам республиканың ішкі істер органдарының тергеу аппаратын Баялин Қабыш Кәрімұлы (1963-1981 ж.ж.) басқарды. Ал оның ісін 1981 жылдан 1985 жылға дейін Сағадиев Хамит Хабиболлаұлы жалғастырды. 1985 жылдан 1989 жылға дейін ПО тергеу бөлімшелерінің қызметіне Нұрмағанбетов Қожа Тулақұлы жетекшілік етті. Тәуелсіздігімізді алған соң ІІМ орталық аппаратында Ішкі істер министрінің орынбасары Бас тергеу басқармасының бастығы Жүрсімбаев Сағындық Кемалұлы басқаруындағы Бас тергеу басқармасы (БТБ) ІІМ тергеу аппаратының кәсіби ұйытқысы болды. 1992 жылдан бастап 1995 жылға дейін республиканың тергеу қызметіне Қайдаров Рүстем Есімханұлы басшылық етті. Ұзақ жылдар бойы БТБ-ның Тергеу бөлімін тәжірибелі маман, өз ісінің шебері Побияхо Василий Александрович басқарды. Бүгінгі тергеу бөлімшелерінің басшыларының көпшілігі оның шәкірттері болғанын да атай кеткен жөн. Тергеу органдары әрдайым білікті мамандардың ұстаханасы болып келді әрі тергеу саласында жұмыс істеу арқылы жас мамандар кәсіби тұрғыда шыңдалып, басқа да құқық қорғау органдарындағы қызметке тыңғылықты дайындықпен барады. Тергеу жұмыстарын ұйымдастыруда қызметкерлердің кәсіби деңгейі мен шеберлігін арттыруға, тергеу амалдарын сауатты әрі сапалы ұйымдастыруға және жүргізе білуге баса көңіл бөлінеді. Тергеушілер үнемі уақыт талабына сай жұмыс істеп, біліктілігін арттырып, ғылыми-техникалық ілгерілеушілікті енгізіп отыруды өздерінің қасиетті парызы деп біледі. Республикамыздағы тергеу аппараты алдын ала тергеудің тиімділігін арттыру, заңдылықтың қатаң сақталуын, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті шараларды атқарады.

Тергеу аппараты қызметін ұйымдастыруды жақсарту және оның тиімділігін

арттыруға, соның ішінде 2010-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы құқықтық саясатының Концепциясында белгіленген тергеушінің іс жүргізудегі мәртебесін көтеруге бағытталған мәселелер бойынша нақты шаралар қолданылу көзделген. Сонымен қатар, осы аталған мәселелер Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылдың 22 сәуіріндегі «Қазақстан Республикасындағы қылмыспен және жемқорлықпен күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру бойынша қосымша шаралар туралы» №793 Жарлығында қарастырылған. Аталған Жарлықты іске асыру мақсатында ҚР Президенті Әкімшілігі арнайы жоспар жасады. Сонымен қоса Ішкі істер министрлігіне 2011 жылы «Қазақстан Республикасындағы алдын ала тергеу органдары және тергеушілердің мәртебесі туралы» заң жобасын жасап, оны Парламент Мәжілісінің қарауына ұсынуды міндеттеген ҚР Президенті Әкімшілігінің 2009 жылдың 30 сәуіріндегі №52-8.1 жоспарын орындау бойынша іс-шаралар атқарылды.

Бұл Заң тергеушілердің құқықтық мәртебесін өсіріп, оны қалыптастыру шарттары бойынша сотқа жақындастыра түседі деп сенеміз, өйткені соттар ең алдымен тергеушілерден түскен қылмыстық істерді қарайды. Осы орайда әртүрлі сатылардағы қылмыстық сот өндірісіндегі қылмыстық істердің қозғалысын қамтамасыз ететін ортақ қылмыстық процесті жүргізетін мемлекеттік органдар мен қызметтік тұлғаларға барлық жағдайлар жасалуы тиіс. БАҚ-тағы сыни жарияланымдар мен пікірлерге қарамастан алдын ала тергеу органдары қылмыспен күресте үнемі барлық құқық қорғау қызметтерінің өзара ынтымақтаса қимылдауын және жұмыс әдістерін жетілдіруді талап ететін маңызды әрі жауапты тапсырмаларды шешеді.

#### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, оның қай стильге жататынын айтыңыз.
2. Қосымшалардың қандай орфографиялық принцип бойынша жасалғанын түсіндіріңіз.
3. Мәтінде тыныс белгілерінің қойылу себебін анықтаңыз.
4. Төмендегі сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз: *Тергеу жұмыстарын ұйымдастыруда қызметкерлердің кәсіби деңгейі мен шеберлігін арттыруға, тергеу амалдарын сауатты әрі сапалы ұйымдастыруға және жүргізе білуге баса көңіл бөлінеді.*
5. «Мен - болашақ тергеушімін» тақырыбында қысқаша ойтолғаныс жазыңыз.

#### **8-мәтін**

**Мемлекеттік айыптаушы** — қызметі қылмыстық іс бойынша айыпталушының кінәсін дәлелдеуге бағытталған, сот отырысында заңға сәйкес негізде мемлекет атынан айыптауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға. Мемлекеттік айыптаушы қызметінің құқықтық жай-күйі әр мемлекетте әр түрлі аталады және мұндай қызмет барлық жерде біріне бірі ұқсай бермейтін салалық мемлекет қызмет жүйелерінде атқарылады. Бір елде мемлекеттік айыптаушы лауазымы сот жүйесінің құрамындағы қызметтік тармақ болса, басқаларында ол өз алдына бір мемлекет қызмет жүйесі. Қазақстанда мемлекеттік айыптаушы қызметі прокурор лауазымының атқаратын міндеттерінің бір саласы. Мұндай қызмет прокурордың қылмыстық іс материалдарына сүйене отырып, заттай дәлелдемелер мен куә айғақтары арқылы айыптаушылық тұжырым айтып, соттан сотталушыға жазаның нақты бір түрін тағайындауды сұрауынан тұрады. Сотта мемлекет айыптауды қолдау үшін прокурор өз дәйектерін алдын ала орнықтыру сатысынан өтеді. Тергеу органдарынан

келіп түскен қылмыстық істің заңдылығын қадағалау барысында прокурор заңсыз қозғалған істі қысқартады не қайта саралайды немесе нұсқау беріп тергеушіге қайта жібереді. Ал заң талабына толық жауап беретін іс болса немесе заңсыздықтар жойылып, қайта түскеннен кейін прокурор істі сотқа өткізеді. Мемлекет айыптауды қолдау да қылмыс жасаған адамның қудалануын талап еткен заңның орындалуын қадағалаудан туындайды.

**Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз, мазмұнын баяндаңыз.
2. Морфологиялық принцип бойынша жасалған сөздерді табыңыз.
3. Мәтіннен есімдіктерді тауып, олардың жасалуын түсіндіріңіз.
4. Құрмалас сөйлемдерді тауып, оның жасалу жолдарын анықтаңыз.
5. Мына сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз: *Мемлекет айыптауды қолдау да қылмыс жасаған адамның қудалануын талап еткен заңның орындалуын қадағалаудан туындайды.*

**9-мәтін**

**Ежелгі Еуропа**

Құқық туралы мәліметтер ежелгі дәуірде жалпы білім жүйесіне енгізілген. Мысалы, Ежелгі Грекияда стоиктер мектептерінде шәкірттер сот шешендігіне баулынды. Бірте-бірте заң ілімі дербес ғылыми пән ретінде оқшауланып, шамамен Ежелгі Рим заманында белгілі бір жүйедегі заң ғылымы ретінде қалыптасты деуге болады. Бастапқыда құқық білімі абыздардың артықшылығы болып саналды. Бірақ б.з.б. 254 жылы Тиберий Корунканий (плебейлерден шыққан тұңғыш мәртебелі абыз) тілек білдіруші кез келген адамға құқықты түсіндіремін деді. Б.з.-дың 1 ғасырларында Рим заңгері Сабин шәкірттерге мұғалімдер дәріс оқып, сұрақтарға жауап қайтаратын, айтыстар, пікір-таластар өткізетін тұңғыш заң мектебін ұйымдастырды. 4 - 5 ғасырлардыларда 4 жыл оқытатын осындай бірнеше мектеп болды (Римде, Константинопольде, Афинада, Александрияда, Цезаряда, Бейрутте). Шәкірттер танымал Рим заңгерлерінің, ең алдымен, Гайдың (2 ғ.), сондай-ақ, Папиниан (150 – 212 жылыш.) мен Павелдің (3 ғ.) Шығармаларын оқыды. [533 жылы император Юстиниан 5 жылдық білім беру курсы енгізу туралы арнаулы кодификация шығарды, ол бойынша курста Рим заңгерлерінің институцийлері, дигесталары және Юстинианның кодекстері міндетті түрде оқытылатын болды. Орта ғасырлық кезеңде арнаулы заң ғылымы мен заң білімі болған жоқ. 10 ғасырда Павияда (Италия) құқық оқытылатын мектеп ашылды. 11 ғ. Аяғында Болоньяда құқық мектебі құрылып, ол кейін университетке айналды, мұнда 12 ғ. Ортасында Еуропаның әр түрлі елдерінен бірнеше мыңдаған студенттер білім алды. 12-15 ғасырларда Батыс Еуропаның бірқатар елдерінің университеттерінде заң факультеттері жетекші орын алды, оларда, көбінесе, Рим құқығы оқытылды. Тек 18 ғасырдың аяғынан бастап заң факультеттерінің бағдарламаларына ұлттық құқық енгізілді.

**Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз.
2. *Стоиктер мектептері, институций,, дигеста, Юстинианның кодекстері, кодификация* сөздерінің мағынасын анықтаңыз.
3. Мәтіннен сан есімдерді тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңіз.
4. *Ежелгі, бастапқыда, тұңғыш* сөздерінң синонимдерін табыңыз.
5. Туынды етістіктерді тауып, морфологиялық талдау жасаңыз.

## 10-мәтін

### Жалған ақша жасаушылар ұсталды

Шығыс Қазақстан облысындағы Зайсан аудандық ІД қызметкерлері жалған ақша жасау арқылы өздерінің **арам пиғылдарын** жүзеге асырып жүрген күдіктілердің бір тобын құрықтады. Бұл жөнінде облыстық ІД баспасөз қызметі хабарлады. Шығыс Қазақстан облыстық ІД баспасөз қызметінің жетекшісі Лариса Поломошнованың айтуынша, Зайсан қалалық **полициясының** кезекші бөліміне осындағы «Береке» базарында сауда жасап жүрген азаматтардан әлдебіреулердің 10 мың теңгелік жалған ақша беріп, сан соқтырып кеткендігі туралы шағым түседі. Күдіктілер жөнінде жедел ақпарат алған зайсандық полицейлер жалған ақша **пайдаланушыларды** ұстау мақсатында дереу іске кіріседі. Сөйтіп, қала бойынша «Құрықтау» іс-шарасы жарияланды. Зайсан қаласынан шығатын барлық автокөлік жолдарына арнайы **тосқауыл** қойылып, жергілікті полицейлердің барлығы дерлік күдіктілерді ұстауға **жұмылдырылды**. Шұғыл шара барысында Зайсан қаласынан шыға берісте тоқтатылған «BMW» маркалы автокөліктің жүргізушісі мен оның ішіндегі төрт адам күдік тудырады. Оқиға орнына жалған ақшаға тауарларын өткізіп, зардап шеккен азаматтар да шақырылып, олар әлгі жігіттерді айнытпай таныды. Сатушының бірі күдіктілердің біреуіне 30 мың теңге ұсақтап бергенін, сөйтсе, әлгі ақшаның барлығы жалған теңге болып шыққанын жеткізді. Күдіктілер мен олардың автөкөлігіне жүргізілген тінту шарасы барысында 10 мың теңгелік 20 банкнот және 958 мың таза теңге, сондай-ақ 150 АҚШ доллары тәркіленді. Алғашқы күнгі жүргізілген тергеу барысында қолға түскен күдікті алаяқтардан осы аймақтағы 35 кәсіпкердің зардап шеккені анықталып отыр. Бәлкім, тергеу барысында зардап шегушілердің саны арта түсуі әбден мүмкін деген болжам бар. Күдіктілердің барлығы Жамбыл облысының тұрғындары болып шықты. Оның үстіне **күдіктілердің** біреуінің осы жылдың маусым айында жалған құжаттарды, штамп пен мөрлерді және мемлекеттік наградаларды қолдан жасағаны және **таратқаны** үшін шартты түрде сотталғандығы анықталды. Қазір ҚР Қылмыстық кодексінің 206 бабы бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергеу шаралары жалғасуда.

### Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, жазылу стилін анықтаңыз.
2. Мәтіннен тірек сөздерді табыңыз.
3. *Сан соқтыру* тұрақты тіркесінің мағынасын ашыңыз.
4. *Сатушының бірі күдіктілердің біреуіне 30 мың теңге ұсақтап бергенін, сөйтсе, әлгі ақшаның барлығы жалған теңге болып шыққанын жеткізді* деген сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.
5. Қарамен белгіленген сөздерге морфологиялық талдау жасап, сөйлем құрастырыңыз.

## 11-мәтін

### Алматыда 17 пәтер тонаған 18 жастағы ұры ұсталды.

«Алматыда пәтер тонауды кәсіпке айналдырған 18 жастағы ұры ұсталды» деп хабарлады Ішкі істер департаментінің баспасөз қызметінен полиция капитаны Салтанат Әзірбек.

Жас кезінен ұрлық жасауға үйренген Вадим бұдан тура алты ай бұрын түрмеден шығыпты. Ол жолы жасы кәмелетке толмаған баукеспе Алматының Әуезов ауданындағы 40 шақты пәтерді «тазалап» шыққаны үшін сотталған. Бірақ түрме оны түзете алмағанға ұқсайды. Бостандыққа шыққаннан кейін Вадим «кәсібіне» қайта кірісіпті. Осы жолы ұсталғанда ол 17 пәтерге ұрлыққа түскенін мойнына алған. Үйдің есігін бұзып кіретін баукеспе тек ақша, алтыннан басқа да қымбат металдардан жасалған зергерлік бұйымдарды ғана іздеген. Ал қымбат тұрмыстық бұйымдардың оған керегі шамалы болған сияқты.

- Жас болса да бұрын істі болып әккіленген қылмыскер енді «Айнабұлақ», «Құлагер» ықшамаудандарындағы пәтерлерді тонауға кіріскен. Ұрыны «Айнабұлақ-3» ықшамауданындағы пәтерді тонап жатқан жерінде қолға түсірдік. Тергеу кезінде Вадим 17 пәтерді тонағанын мойындады. Ұрлыққа ол тек күндіз ғана түсетін болған. Өйткені күндіз көпшілігі жұмысқа кетеді де, пәтерлер бос қалады. Вадим өте сақ қимылдаған, алдымен межелеген үйдің терезесіне тас лақтырып, есігінің қоңырауын басып, үйде ешкім жоқтығына көзін жеткізіп барып іске кірісетін болған. Кіреберіс есіктің құлпын басқа ұрылар сияқты кілтпен емес, кілт сұғатын жерді бұзып ашуға машықтанған. Ол есікті бұзып жатқанда көршілердің ештеңені көрмей, естімей отыратыны таңғалдырады, - дейді Жетісу аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Қанат Таймерденов.

Вадим мойнына алып отырған 17 пәтер тек Алматыдағы Жетісу ауданында ғана жасалған қылмыстар. Ал қазбалай берсе, басқа аудандарда жасалған ұрлықтарға да оның қатысы болуы мүмкін. Соған байланысты із кесушілер ұрының қолындағы айғақ заттармен мұқият жұмыс істеп жатыр. Алпысқа жуық пәтерді тонағанын мойындаған 18 жастағы баукеспе ұры бұл жолы түрмеге ұзақ уақытқа кететін шығар.

#### Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Мәтіннің стилін анықтаңыз.
2. Мәтіннен етістіктерді тауып, морфологиялық талдау жасаңыз.
3. Мәтіндегі тырнақшаның қойылу себебін түсіндіріңіз.
4. Вадимнің ұрлық жасаған қылмысын баяндаңыз.
5. Мәтіннің 1-азатжолындағы сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

## 12-мәтін

### Тәртіп сақшыларының тағы бір қыры

Жедел байланыс орталығы қызметкерлері бейнемонитормен қаладағы жағдайды қадағалай отырып, Абай-Төле би қиылысындағы төбелесті байқап, ол жерге патрульдік полиция батальонының экипажын бағыттаған болатын. Полиция лейтенанты Никита Фазиловтың айтуынша, төбелесіп жатқан екеу формадағы адамдарды көрген бетте қаша жөнелген.

– Іздеріне түсу арқылы қашқындардың бірін облыстық мұражай маңынан ұстадық. Ұрыс-керіс жәбірленуші мен қаруланған тұлғалар тобы арасында болған. Қарумен қорқыту арқылы қарақшылар өткіншінің ұялы телефонын иемденген, – дейді Н.Фазилов. Күш көрсетушілердің қалғандары екі сағаттан соң Әйтеке би мен Қазыбек би көшелерінің қиылысы маңын патрульдеу кезінде құрықталды. Экипаж назарын электрошокермен ойнап, бейқам келе жатқан үш жас жігіт аударған. Патрульдік көліктің жақындағаны сол еді, бұзақылар жан-жаққа қаша жөнеледі. Қолға түскен кезде де 10-мөлтек ауданда тұратын үш күдікті дәрекі әрі арсыз қылықтар көрсетіп, кінәларын бірден мойындамады. Тінту барысында олардан сегіз ұялы телефон табылғанымен, «үштік» қулық жасап, жауапкершіліктен қашқақтамақ болды. Осыдан кейін жәбірленушілерге телефондары қайтарылып, олар тәртіп сақшыларына қылмыстарды ашудағы жедел әрекеттері мен кәсібиліктеріне алғыстарын білдірді.

– Жыл басынан бері Жамбыл облысы ІД ППЖБ қызметкерлері тарапынан 300-ге жуық қылмыс ашылды, – дейді полиция капитаны Уәлихан Сексенбаев. Сонымен қатар, полицейлер қылмыспен күресіп, азаматтардың тыныштығын қорғап қана қоймай, мұқтаж азаматтарға қайырымдылық көмек пен әлеуметтік қолдау көрсететіні де көңілге демей береді.

– Біз жасөспірім балалардың сауығуына көмек көрсете алатынымызға қуандық. «Мүгедектердің жастар қоғамы ұйымы» өкілдері арнайы дайындалған аттар мен сырқат балалардың денсаулығын қалпына келтіруге болады дегенде өз тарапымыздан қолдау көрсетуді жөн деп таптық, – дейді офицер. Аптаның дүйсенбі, сәрсенбі және жұмасында ППЖБ аға сержанты Нұрболат Қабекеев пен кіші сержант Данияр Құлманбаев өздерінің жұмыс күндерін әдеттегіден екі сағатқа ерте бастайды. Балалармен кездесер алдында олар аттарға жем-шөп беріп, қайырымдылық іске дайындайды. Осыған орай Жамбыл облысы ІД бастығының бастамасымен балаларға көмек көрсету акциясы келешекте де ақысыз жүргізіле бермек.

Ал, жанына шипа сұраған жасөспірімдердің ой үстінде отырғандағы қуаныштары мен жанарындағы нұр қайырымдылықтың текке кетпегенін дәлелдесе керек. Ауруды атпен емдеуді біздің ата-бабаларымыз ертеден білген. Ерекше нәтижелі емдеу түрі жағдайы төмен отбасыларының мүмкіндіктері шектеулі балаларына «Өз-өзіңе көмектес» балаларды сауықтыру бағдарламасы аясында жүргізілуде. Оны «Бота» қоры қаржыландыруда. Аптасына үш рет Барон мен Арғымақ аттарында дене шынықтыру мен емделу жаттығуларын жасау 50 жасөспірім үшін жағымды уақыт өткізу ғана емес, өмірлік қажеттілікке айнала бастады.

– Әнуар үйде үйренген іс-қимылдарды музыка әуенімен жасауға тырысады, – дейді оның мамасы Мая Батықұлова қуанышпен. Ата-аналар мен балаларының проблемаларын жүрекпен сезініп, жануар-емшілермен байланыс жүргізуге мүмкіндік туғызған және мүгедек балаларға белсенді өмір сыйлауға көмектескен қоғам сақшыларына олардың алғыстары шексіз.

– Біз үнемделген ақшаларды (1 айда 28 мың) ауру балаларды емдеуге және сауықтырудың жаңа тәсілдеріне төлеуге бағыттадық, – деп атап көрсетті «МЖҚ» төрағасының орынбасары Әйгерім Дәулетбаева.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтіннің қай стилде жазылғанын анықтаңыз.
2. Мәтіндегі зат есімдерге морфологиялық талдау жасаңыз.
3. Төл сөзге қойылатын тыныс белгілерді түсіндіріңіз.

4. Тәртіп сақшыларының қызметін баяндаңыз.
5. Мәтіннен төл сөз бен автор сөзін табыңыз.

### 13-мәтін

#### Қазақтың тұңғыш заңгері

Қазақстанның ірі тарихи тұлғаларының бірі, алғашқы қазақ заңгері, көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы – демократ Бақытжан Бисәліұлы Қаратаев 1860 жылы 10 мамырда Орал облысы Қаратөбе ауданы Ақбақай ауылында Дәулетжан сұлтанның шаңырағында дүниеге келген. Кішкене Бақытжанды үлкен әкесі Бисәлі Қаратайұлы бауырына басқан. Бақытжан Бисәліұлы Кіші жүздің ханы Әбілқайыр ханның тікелей ұрпағы.

1885 жылы Императорлық Санкт –Петербург университетінің заң факультетіне түсіп, оны 1890 жылы, бетіне «ИСПУ.1890. Қаратаев» деп аты жазылған алтын медальмен аяқтап шығады.

Қаратаевтың азаматтық көзқарасы шәкірт шақтарында, жас кезінде, сол кезеңдердегі оқиғалар сырын зерек түсіну орайында қалыптасады. Оның мектеп пен гимназияда оқып жүрген жылдарында патша әкімдері өмірге енгізген, қазақ тұрмысына қолайсыз тиген, халық қаламаған реформаларға орай туған үлкенді-кішілі толқулар болып өткен-ді. Басқару лауазымдарынан аластатылған төре тұқымдарының жай-күйі, ондай шараның себеп-салдары, отарлық езгіден күйзелген ел тіршілігі, тағы сол сияқты көз алдында көлбеңдеген сан-алуан сүреңсіз жәйт біткен – оқу-білімге талпынған жас сұлтанды ойға батырмай қоймағаны хақ. Университетте оқып жүрген студент Б.Қаратаев Санкт –Петербуркте болған түрлі студенттік толқуларға қатысып, әлденеше рет сол үшін ескерту алған.

XIX ғасырдың II жартысында Санкт-Петербург университетіне білім, ғылым, өнер үйренуге барған Барлыбек Сыртанов, Бақытжан Қаратаев, Мәмбетәлі Сердалин, Бақтыгерей Құлманов, Абдолла Теміров сынды бір топ қазақ жастары жұрт ісін түс көрмей, ояу жүріп іздеу – мақсат деп «Жерлестер» ұйымын құрды. «Жерлестер» – қазақ тарихындағы ең тұңғыш ұйытқы болған жастар ұйымы. Қазақ қайраткерлері шындалған, өмірлік мұраттарын айқындауға септігін тигізген ұйымда олар басқосулар өткізіп, түрлі шаралар ұйымдастырып, танымын қалыптастырды. ИСПУ-ді тәмамдаған соң, Бақытжан Қаратаев Правительствующий (билік айтушы) сенаттың екінші департаментіне қызметке орналастырылады. Бұл оқиғаны қазақтар үшін үлкен жетістік ретінде «Дала уәлаяаты» газеті қуана жариялаған. Алайда сенат Қаратаевты өзінің қасында ұзақ ұстай алмай, Кутаиси қаласына тергеуге жібереді. Бұл жәйт 1891 жылғы Дала ережесінің қабылдануымен тұстас келеді. Содан Бақытжан Бисәліұлы елге, көшпелі қазақ тұрмысына жаңа ылаң әкелген Ереже күшіне еніп болған соң ғана, 1897 жылы, грузиндер ортасымен қоштасып, туған жеріне оралады. Еліндегі қызметін ол халыққа заң тұрғысынан жәрдемдесуден бастайды. Одан біртіндеп ағарту ісіне араласа келе, қоғамдық-саяси жұмыспен кең көлемде айналысуға бет бұрады. Империяның жоғарғы кеңесінде, сондай-ақ өзге де отар өлкесінде қызмет атқару арқылы көзі ашылып, ысыла түскен қоғам қайраткерлерін патша үкіметі жоспарлы түрде жүзеге асырып келе жатқан отарлау жұмыстарының қазақ халқы үшін қайғылы салдарлары жердің тарылуы, дінге, оқуға, күнкөріске айтулы қысым көрсетілуі қатты толғандырады.

Ол 1905 жылғы шілдеде бір топ ұлт депутациясын бастап барып, Екінші Николай патшаның қабылдауында болады. Сол жылдың соңына қарай конституционалист-демократтар партиясының бағдарламасын талқылап, оның жер жөніндегі тараушасын қазақ мұңында ылайықтап қайта тұжырымдалған «бес облыс делегаттары съезін» өткізуге ат салысты.

1907 жылы екінші мәрте шақырылған Мемлекеттік Думаға Орал облысы қазақтарының атынан депутат болып сайланады. II Мемлекеттік Дума жұмысына қатысу

үшін Петербургке жүрер қарсаңында Бақытжан Бисәліұлы Орал қаласында татар социал-демократтары шығарып тұрған «Орал» газетінің бетіне 1907 жылы 7 ақпанда «Орыс халқына ашық хат» деген тақырыппен өзінің болашақ депутаттық және қоғамдық – саяси қызметіне бағдарлама іспетті болған мақаласын жариялайды. Мұнда ол орыс шаруаларының қазақ жеріне көшірілуі орайына кеңінен жол беріліп келе жатқан заңсыздықтарды ашып көрсетті.

Қазақтардың ата-баба қонысынан, тіпті, тұрғын үйінен зорлықпен қуылуын, кейде жеке меншіктеріндегі малдарын да күштеп тартып алудың орын алып отырғанын сондай - өрескел қылықтар салдарынан қантөгіске апарулы қақтығыстар жиі байқалып жүргенін айтты. Бейбіт қазақ халқының заңды ашу-ызасын туғызуы әлгіндей жәйттерді байыппен саралай келіп:

«Біз бұларды орыс халқына жаулық қарым-қатынаста болғандықтан емес, достық көңілден айтып отырмыз, - деп жазды орыс парламентіне мүше ретінде аттанғалы отырған осынау қазақ уәкілі.

Орыс халқы бізге дұшпан емес, біздің онымен ортақ дұшпанымыз бар, ол патшалық самодержавие – дүр ... біз былай ойлаймыз: ең алдымен Ресейдің өз ішінде жеке адамдарға, кабинетке, монастырларға бөлінген және басқа да жерлер-жерсіз шаруалар қолына берілуге керек, ал күллі ел бойынша – жер біткен халық меншігі ретінде танылуға тиіс. Бұл үшін елдің барша жоғарғы өкіметі халықтың өз қолында өтсін. Самодержавие құламайынша мәселесі оң шешілмейді, сондықтан да біз жер үшін күресті Ресейдің барлық халқымен бірлесіп жүргізу ниетіндеміз».

Осы сөздерінен Бақытжан Бисәліұлының революцияға дейінгі де, одан кейінгі де іс-әрекеттерін айқындаған мақсатын айқын аңғаруға болады. Ол ІІ Мемлекеттік Думаның пленарлық мәжілістерінде де, өзі мүше болған аграрлық және басқа комиссияларда, одан тысқары, үкімет мекемелерінде де зор қажыр-қайратпен қазақ халқының мұң-мұқтажын жоқтады.

1908 жылғы маусымның 15 күнгі “Тургайская” газетінің №24 санында “К изданию киргизской газеты” атты мақала жарық көрді. Аталған мақалада Санкт-Петербурда қазақ тілінде газет, журнал шығару үшін қоғам ұйымдастырылғаны жазылады. Бұл қоғамды құруды қолға алған белгілі байлар И.Жаманшалов пен Рамъевтер болды. Империя астанасынан шығарылатын болашақ “Алаш” газетінің редакторлығына Б.Қаратаев шақырылады. Қазақ зиялылары “Алаш” атауының түп төркіні еркіндікті білдіретін қасиетті ұғым екендігін тамыршыдай тап басқан және редакторлыққа елге белгілі қайраткерді шақыруда біраз жәйтті аңғартса керек. Газет ұжымы егер болашақта шығарылатын газетке Б.Қаратаев редактор болса, жұмыстың өрге басатындығын Бақытжан Бейсәліұлын жалпақ алаш жұртының жақсы білетіндігін жаза келіп, алдағы жұмысына табыс тілеген. Өкінішке орай, газет жарыққа шықпаған сияқты. Ол 1910 жылы Орал облысындағы Жымпиты уезінің Шідерті болысында сегіз көшпенді ауыл адамдары үшін жер кестіріп алып, әрі диқан, әрі малшы тірлігін үйлестіре жолға қойған отырықшылар поселкесін салдырады. Бұқараны бір жұдырықтай жұмылдыруда Байтұрсынов айтқандай «халықтың құлағы, көзі һәм тілі» боларлық газет шығарудың аса маңызды екендігін түсінген тұлға 1911-13 жылдары алғашында Орда, кейіннен Орал қаласында Елеусін Бұйрин, Ғұмар Қарашевтармен бірігіп «Қазақстан» газетін шығаруға мол үлес қосады. Арада аз уақыт өткен соң Тройцкіде «Айқап» журналы шыға бастағанда қуанышын білдіріп, шығарушыларға құттықтау телеграмма жібереді. Ол өзінің қоғамдық-саяси-экономикалық ой-пікірлерін жиі осы аталған басылымдарға, сондай-ақ «Қазақ» газетіне білдіріп тұрды. «Пікір», «Құяш», «Уақыт» секілді татар тіліндегі жарық көрген баспасөз құралдары беттеріндегі де өзін толғандыратын мәселелерді үзбей ортаға салып отырған.

Өмірінің соңына қарай ол ғылыми жұмыспен шұғылданды. Артына өшпес мол мұра қалдырды 1916 жылғы зобалаң жылдары Б.Қаратаев қазақ даласындағы тыл жұмыстарына жастарды алу шараларын тоқтату жөнінде Ж.Досмұхамедов,



Ж.Сейдалиндермен бірігіп дайындаған “Қазақтар туралы естелік жазбаны” патша әкімшілігіне тапсыруы туралы да біраз еңбектенген. 1917 жылы большевиктер партиясының қатарына өтеді. 1918 ж. облыстық атқару комитетінің мүшелігіне сайланды. 1918 ж. наурызда «әскери үкімет» бүлік ұйымдастырып, обл. кеңес мүшелерін, (ішінде Қаратаев та бар) тұтқынға алады. 1919 ж. 24 қаңтарда Ақ гвардияшылар тұтқынынан босатылып, Орал облыстық ревкомның құрамында ұлттар коллегиясын басқарады.

1919 ж. 24 шілдеде ол Қазәскер ревкомның мүшелігіне тағайындалады. 1920 ж. 4 - 12 қазанда Орынборда өткен Кеңестерді Бүкілқазақстандық Ісезіне делегат болып, Қазақ республикасы еңбекшілерінің құқығы туралы декларацияның жобасын дайындауға қатысқан. Қазақ АКСР – інің заң комиссары болды. Кеңестерінің 2-Бүкілқазақстандық съезіне де делегат болып қатысады. Б.Қаратаев Кеңес өкіметін қазақ сахарасында орнатуға екі-ақ жыл араласады да, большевиктердің Кеңес өкіметін орнатуда қазақ халқына қарсы зорлық-зомбылығы, қырып-жоюға бағытталған саясаты, социализм идеясын күшпен енгізіп, дінінен, әдет-ғұрпынан, тілінен бездіретін және мәңгүрттікке айналдыратын ілімінің астарын дер кезінде түсініп, 1927 жылы партия қатарынан шығады. 1921-24 жылдары ол Ақтөбе қаласында адвокаттардың губерниялық коллегиясының төрағасы қызметін атқарады. Езілген халықтың құқын қорғауда көп еңбек сіңірген заңгер. Бақытжан Қаратаев - большевиктердің қазақ халқына қарсы ұйымдастырған нәубетіне, аштан қырылуына қарсы батыл үн көтерген қайраткер. Өмірінің соңына қарай Б.Қаратаев ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысып, күні бүгінге дейін маңызын жоймаған ұлт-азаттық көтерілістер және Қазақстандағы азамат соғысы тарихы туралы еңбектерін жазып қалдырды.

1931 жылы 16 тамызда Б. Қаратаев Орталық архив басқармасының ғылыми қызметкері болып тағайындалады. Басқарма Б.Қаратаевты, арнайы бағдарламасы бойынша, Қазақстанның 1916-1919 жылдар аралығындағы тарихын зерттеу мақсатында Ақтөбе, Орал, Саратов, Орынбор қалаларына іссапарға жібереді. Ол іссапарда жүріп мұрағат, кітапхана қорларымен жұмыс жасап, халқымыздың тарихына қатысты құнды деректер жинайды.

Б. Қаратаевтың жан-жақты зерттеліп жазылған құнды еңбегі-«Обзор материалов из истории колонизации казахского края в связи с восстанием казахов Оренбургского края в 1869 году и в начале 1870-х годов». Ал, Батыс Алаш зиялылары мен Алашорда үкіметін сыңға ала жазған «Из истории Алаш-Орды» еңбегінен, кеңестік тұрғыда жазылса да, алаш қайраткерлерінің сол кезеңдегі қоғамдық-саяси қызметтері, іс-әрекеттері туралы танысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Б.Қаратаевтың артында қалған шығармашылық мұрасының біразын өзі көріп куә болған және өзі қатынасқан революциялық-саяси оқиғалар, яғни «К истории революционного движения в Уральской губернии», 1905-1907 жылғы бірінші орыс революциясы тұсындағы Орал қаласындағы астыртын ұйымдардың қызметін баяндайтын бұл еңбекті зерттеуші М.Ысмағұлов Б.Қаратаевтың жазғандығын айтады.

1919 жылы Торғайдағы Ә.Жангельдиннің екінші жорығын бейнелейтін «Первый полководец казахских частей - А.Джангельдин», Орал қаласын орыс-казактардан азат етілуі туралы «Взятие города Уральска», «Гибель Чапаева» және т.б жөніндегі естелік жазбалар құрайды. «Біздің ұзақ өмірден көргеніміз, естігеніміз, тарихи әдебиеттерден кейбір білгеніміз қағазға түсе берсе игі еді» деген мақсат санаған. Б. Қаратаев денесін ауру меңзеп, төсек тартып жатса да, өз естеліктерін, көзқарастарын парақтарға жазып қалдырған.

1932 жылы 2 желтоқсанда Жоғарғы Комитет Президиумы Б.Қаратаевқа казак халқының жарқын болашағы үшін сіңірген еңбегіне байланысты арнайы зейнетақы тағайындайды. 1934 жылдың 26 тамызында алаштың ардақты ұлы Б.Қаратаев 74 жасында дүниеден озады.

**Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтіннің қай стильде жазылғанын анықтаңыз.
2. Қосымшалардың қандай орфографиялық принцип бойынша жасалғанын түсіндіріңіз.
3. Мәтін тарауларға бөліп, жоспар құрып, баяндаңыз.
4. Мәтіннен сан есімдерді тауып, мағыналық түрлерін анықтаңыз.
5. *1932 жылы 2 желтоқсанда Жоғарғы Комитет Президиумы Б.Қаратаевқа қазақ халқының жарқын болашағы үшін сіңірген еңбегіне байланысты арнайы зейнетақы тағайындайды* деген сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

#### 14-мәтін

### Жансұлтан Сейдалин

Алаш қозғалысы қайраткерлерінің бірі Сейдалин Жансұлтан 1856 жылы Қостанай қаласында туған. Өз заманында қазақ қоғамының дамуы үшін, қазақ халқының мүддесі үшін аянбай еңбек еткен қоғам қайраткері. Заң ғылымынан магистрлік қорғаған тұңғыш қазақ азаматы. Қазақ заңгерлерінің төлбасы. Бала кезінде Орынбор қаласындағы орыс-қазақ гимназиясын күміс медальмен бітірген ол 1878 жылы Қазан университетінің заң факультетіне түседі. Оқуда алғыр, зерек, ойшыл қазақ жігіті 1883 жылы университетті заң ғылымының магистрі дәрежесімен бітіріп шығады.

Университетті бітірген соң Орынбор қаласына келіп, 1883-1886 жылдар арасында губернатордың ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшісі болады. Одан кейін Қапал уезінде, Ақмола уезінде судья, Троицк қаласында округтік соттың мүшесі болып жұмыс істейді. Сот ісіне сіңірген еңбегі үшін 1889 жылы «колледжский ассессор» дәрежесін алды. Алайда ол патша өкіметінен қанша атақ алса да, негізгі мақсатым - ұлтым үшін қызмет ету деп біледі. Өзі ғана емес, інісі Жиһанша Сейдалин мен қызы Мариям Сейдалинаның ұлтшылдық бағыт ұстануына да ықпал етеді.

1912 жылы 4-Мемлекеттік Думаның қарауына қазақ даласында әдет-ғұрыпқа негізделген «билер сотын» жойып, оның құзыретін шаруалар сотына беру туралы жоба ұсынылғанда, Жансұлтан Сейдалин оған батыл қарсы шығады. Себебі бұл Қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрыптық құқық жүйесін бұзатын жоба еді. Жобаны ұсынушылар қазақ қоғамына орыс заңдарының үстемдік етуіне негіз жасауды көздеген болса керек. Ғасырлар бойы қолданыста келген дәстүрлі құқық жүйесінің бұзылуы ұлттың дағдысына сай келмейтіні және ел арасына сызат түсіретіні анық еді. Осыны аңғарған сұңғыла заңгер жобаға батыл қарсы шығып, орыс заңдарының қазақ халқының өміріне үстемдік етуін тежеу үшін күреседі. Сейдалин Жансұлтан 1919 жылы қайтыс болған.

#### Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз, стилін анықтаңыз.
2. Қосымшалардың қандай орфографиялық принцип бойынша жасалғанын түсіндіріңіз.
3. Мәтіндегі сын есімдерге морфологиялық талдау жасаңыз.
4. *Төлбасы, азамат, сұңғыла, үстемдік ету, тежеу* сөздерінің синонимдерін табыңыз.
5. *1912 жылы 4-Мемлекеттік Думаның қарауына қазақ даласында әдет-ғұрыпқа негізделген «билер сотын» жойып, оның құзыретін шаруалар сотына беру туралы жоба ұсынылғанда, Жансұлтан Сейдалин оған батыл қарсы шығады* деген сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

#### 15-мәтін

## Ғалым, заңгер Арықбай АҒЫБАЕВ

Арықбай Нүсіпәліұлы Ағыбаев 1941 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданының Қастек ауылында туған. 1961 жылы Қарақыстақ ауылындағы орта мектепті үздік бітіргеннен кейін, туған ауылында шопан болды. 1962 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің Заң факультетіне оқуға түседі. Үздік шәкірт, Лениндік стипендиат атанды. Оқу мен ғылымға ынта-ықылас, құмарлық оны іздену, еңбектену жолына түсірген еді. Университет қабырғасында жүрген кезде студенттердің ғылыми қоғамына мүше болып, ғылыми жұмыстармен айналыса бастады. Іздене жүріп қылмыстық құқық, криминология және жер құқығы жөнінде бірнеше мақалалар жариялап үлгерді. Университет басшылығы талапты жасты оқу бітіргеннен соң 1967 жылы жолдамамен Қазақ КСР Ғылым академиясына жіберген. Сөйтіп ол 1967-1970 жылдар аралығында Қазақ КСР Ғылым академиясының философия және құқық институтында ғылыми қызметкер болып істеді.

1970 жылы КСРО Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтына аспирант болып қабылданды. Мәскеуде оқыған үш жыл оны шынайы ғалым ретінде соны биіктерге көтерді. 1973 жылы осы институттың диссертациялық кеңесінде «Билікке және қызмет бабына қиянат жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап шықты.

Ғалымның бұдан кейінгі өмір жолы еңбек ету мен іздену, оқытушылық баспалдақтарына, кемелдену кезеңіне ұласып кетеді. Диссертациясын қорғағаннан кейін Қазақ КСР Ғылым академиясының Философия және құқық институтында аз уақыт кіші ғылыми қызметкер болып істеді де, одан соң төрт жылдай Алматы облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының мүшесі болды. Арықбай Ағыбаев 1978 жылдан ұстаздық қызметке біржолата бет бұрды. Ең алдымен Қарағанды мемлекеттік университетінің қылмыстық құқық және іс жүргізу кафедрасының аға оқытушысы, 1980 жылдан бастап он жыл бойы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтында құқықтану пәні жөнінен доцент, 1991 жылдан өзі оқыған әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті, ал 1998 жылдан осы кафедраның меңгерушісі, ал 2008 жылдың қыркүйегінен кафедра профессоры. «Лауазымды тұлғалардың қызмет жөніндегі қылмыстары үшін жауаптылығының теориялық проблемалары» деген тақырыпта диссертациясын қорғап, заң ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды.

А. Ағыбаевтың заң ғылымы саласындағы ізденістері, жазған еңбектерінің өзі бір төбе. Ол бес монографияның авторы. Оның «Қазақстан Республикасындағы қызмет өкілділігіне қиянат жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық», «Лауазымды адамдардың қызмет жөніндегі қылмыстары үшін жауаптылық» деген еңбектері жоғары бағаға ие болды. Соңғы жазылған «Сот құжаттарының үлгілері» монографиясы тұңғыш рет қазақ тілінде жарық көрді. Ол жалпы көлемі 670 баспатабақтан асатын 560-тан астам ғылыми еңбек жазған. Мұның ішінде 5 монография, 8 оқулық, 50 оқу құралы, 16 ғылыми-әдістемелік және оқу құралдары бар, бірнеше ғылыми-зерттеу тақырыптарының жетекшісі, республикалық көптеген ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, баяндамалар жасады. Қазақстан Республикасы жаңа Қылмыстық кодексінің жобасын жасауға белсене қатысты.

1993 жылы ҚР Конституциялық соты Желтоқсан оқиғасына байланысты жағдайларға түпкілікті құқықтық баға беру жөнінде мемлекеттік құқықтық сараптама құрап, оның мүшелігіне заңгер ғалым А.Ағыбаевты да шақырды. Олар осы оқиғаға байланысты сотталған 99 адамның қылмыстық ісін зерттеп, әділетсіз үкім шығарылғанын анықтады. Осы тұжырым негізінде Жоғарғы сот сотталғандардың істерін қайта қарап, жазықсыз жандар ақталды.

Ал мұндай өмірлік тұрғыдағы проблемалар төңірегінде өз пікірін айтып, азаматтық үн қосуы – оған тән нәрсе. Қабылданып жатқан түрлі заң жобаларына байланысты ой

қозғап, тұжырым жасау, оны бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау қашаннан қалыптасқан әдеті. Көп жылдар бойы «Жетісу», «Жас алаш» газеттерінде заң консультациясын жүргізді. Осы бір қағылез, өтінішінді жерге тастамайтын жас журналистердің тілектерін де орындап, дереу мақала жазып бере қояды. «Адам. Қоғам. Заң» айдарымен Қазақ теледидарында берілетін хабардың қоғамдық негіздегі жүргізушісі болса, Қазақ радиосы бойынша осы кезеңге дейін құқықтық тақырыптарға арналған хабарларды жүргізеді, кезінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғарғы аттестациялық комиссиясының сараптама алқасының мүшесі және ғылыми хатшысы болды. Қазіргі қоғамдық жұмыстары да аз емес. Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университеті жанындағы заң ғылымдары жөніндегі докторлық диссертация қорғау жөніндегі кеңестің ғылыми хатшысы қызметін атқарды, қазір «Заңгерлер әділетті сайлау үшін» республикалық қоғамдық ұйымының басқарма мүшесі, сондай-ақ ҚР Жоғарғы Соты жанындағы ғылыми-консультативтік кеңестің мүшесі.

Арықбай Ағыбаев өзін ғалым ғана емес, байырғы журналист ретінде де танытқан. Ол ғылыми-зерттеу мақалаларымен қатар тарихи тақырыптарға да қалам тартып жүр. «Жас алаш» газетінде өз бабасы туралы «Қарасай батыр» атты мақаласын, «Жетісу» газетінде қазақтың осы хас батыры жайында пьесасын жариялады; 1996 жылы ұлы ақын Жамбылдың 150 жылдық мерекесі қарсаңында «Жас алаш» газетінде «Баба жырлаған батырлар» деген тақырыпта сериялы материалдары жарық көрді. Сонымен бірге ақиық ақын Сүлейнбай, Сұраншы батыр жайында да ізденіп, мақалалар жазды. Осы еңбектері үшін ол Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтың иегері атанды. Ал «жазсам, қағазға түсірсем» деп қылаң беріп жүрген ойлар көп-ақ.

Бір кездері ғылым жолына жүрексіне қадам басып, студент, аспирант атанған ол бүгінде салиқалы, ғұлама ғалым. Ғылым бағының бағбаны атанды. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатуда. Оның алдын көріп, ақылын тыңдаған, ойлы да зерделі сөздерін құлағына құйған мыңдаған жас мамандар еліміздің түкпір-түкпірінде жемісті еңбек етіп жүруінің өзі бір ғанибет. Арекенің жетекшілігімен 26 ізденушісі кандидаттық, 4 талапкер докторлық диссертациясын қорғады, 1998 жылдан бері 7 халықаралық, 21 республикалық ғылыми-теориялық, практикалық конференцияларға қатысып баяндамалар жасады.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді тарауларға бөліп, тарауларға ат қойып, мазмұнын баяндаңыз.
2. Мәтіннен салалас құрмалас сөйлемдерді тауып, түрлерін анықтаңыз.
3. Мәтіннен туынды етістіктерді тауып, морфологиялық талдау жасаңыз.
4. Мәтінде тыныс белгілердің қойылу себебін түсіндіріңіз.
5. *Бағбан, жемісті еңбек ету, иегер, байырғы* сөздерінің мағыналарын түсіндіріп, антоним сөздерін табыңыз.

### **16-мәтін**

#### **Жол полициясы қандыбалақ қылмыскерді ұстады.**

Қаңтардың 20 күні сағат 16.30 шамасында Алматы-Ташкент күре жолының бойындағы 438 шақырымда қызмет бабымен тұрған аға лейтенант Д.Махатов пен полиция старшинасы А.Юсупов жылдамдығын шамадан тыс арттырып, жүйткіп келе жатқан “Тойота Королла” (мемлекеттік нөмірі А 722 UVN) автокөлігін тоқтатты. Тексеру барысында мәшине “тізгінін” ұстаған Мадияр Ташаевты көлік жүргізуге рұқсат беретін құжаттары болмай шықты. Бірақ ол бұл тәртіп бұзушылыққа айылын да жимастан, Шымкентке асығыс аттанып бара жатқандықтан мәшиненің техникалық құжаттарын үйінде ұмыт қалдырғанын, сондықтан МАИ қызметкерлерінің бір жолға аяушылық жасағаны үшін 500 теңге беретінін айтты.

– Жарайды, – деді көкейлеріне күдік ұялаған жамбылдық жол полициялары, – бірақ жібермес бұрын мәшинені тексеріп көрейік.

Тексеру барысында автокөлік қорапшасынан “Тойота Королланың” (мемлекеттік нөмірі А 722 UVN) басқа адамның атына тіркелген құжаттары табылды. Ал жүк салғыштың ішінен қан дақтары мен кірпіш шықты. Кірпішке де қан жұғыпты. Д. Махатов пен А. Юсуповтың күдіктері енді бұрынғыдан да ұлғая түсті. Осы кезде күдікті М. Ташаев пен Б. Шаршиев мәшинені ұрлап келе жатқандарын мойындап, 5 мың АҚШ долларына босатуларын өтінді.

– Жарайды, – деді, – МАИ қызметкерлі келіскен болып, – ақшаларың дайын ба?

– Жоқ, бірақ әкеліп береміз.

– Жақсы, онда мына көлікті “аманат” ретінде Тараз қаласындағы бір үйге апарып қоямыз да, сендер ақшаны әкелгенше күтеміз. Келістік пе?

– Келістік.

Бірақ қандыбалақ бауқеспелер сәлден кейін өздерін Жамбыл облыстық ішкі істер департаментінің жол полициясы ғимаратына алып келгенде ақшаға сатылмайтын, халық қызметіне адал, қырағы МАИ қызметкерлерінің де бар екенін бір-ақ білді.

Тергеу кезінде әзірге анықталғаны мынау болды. Қақпанға түскендер Алматы қаласындағы Абай мен Правда көшелерінің қиылысындағы “Мегабит” клубының қасында “Тойота Королла” (мемлекеттік нөмірі А 722 UVN) автокөлігінің Димаш есімді иесін соққыға жығып, оны жүк салғышқа тығып тастайды да, Алматы облысына қарасты “Ұзынағаш” жол полициясы тексеру-өткеру пунктiне жақындағанда мәйiттi жол шетiне лақтырып тастап кетедi.

Жиырма жастағы М.Ташаев пен он жеті жастағы Б.Шаршиев – Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Мичурин ауылының тұрғындары болып шықты. Қазір олар қарақшылықпен кісі өлтіріп, автокөлік ұрлағаны үшін тұтқындалды. Бұл туралы Алматы қалалық ішкі істер бөлімі де хабардар болды.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, стилін анықтаңыз.
2. Мәтіннен морфологиялық принцип бойынша жасалған сөздерді табыңыз.
3. Мәтіндегі тұрақты тіркестерді тауып, мағынасын түсіндіріңіз.
4. Төл сөз бен автор сөзін, төлеу сөзді тауып, олардың жасалу жолдарын, тыныс белгілерінің қойылуын түсіндіріңіз.
5. Мәтіннен зат есімдерді тауып, морфологиялық талдау жасаңыз.

### **17-мәтін**

#### **Айуандық әрекет ашылды**

Таяуда орын алған осынау қайғылы оқиғаны анықтау Батыс Қазақстан облыстық ішкі істер департаментінің із кесушілері мен тергеушілерінің жанқиярлық еңбектерінің арқасында мүмкін болды. Жан түршігерлік оқиғаға қатысты адамдардың есімдері әдеп тұрғысы бойынша өзгертіліп алынды.

2009 жылғы 23 қыркүйек күні Орал қалалық ішкі істер басқармасының Абай полиция бөліміне М. есімді азаматша арыздана келді. 21 қыркүйек күні сағат 20.50-де Орал қаласындағы үйінен шығып кеткен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенті, 1981 жылы туған Ақмарал есімді сіңлісінің үйге қайтып оралмағанын баяндады. Облыстық ПД және Орал қаласы ПБ криминалдық полиция қызметкерлері дереу іздестіру іс-шараларын бастады. Оның барысында хабар-ошарсыз жоғалған Ақмаралдың қылмыс-

тың құрбаны болған деген тоқтамға келетіндей жағдайлар анықталды. Өйткені, жоғалған қыз 21 қыркүйектен бері не үйіне, не оқу орнына келмеген, құрбы қыздарының не туыстарының біріне хабарласпаған.

Осы жағдайларды ескере отырып, Орал қаласының ІІБ Ақмаралдың хабар-ошарсыз жоғалуына байланысты Қылмыстық кодекстің 96-бабы, 1-бөлімі бойынша қылмыстық іс қозғады. Тергеу барысында Ақмаралдың 21 қыркүйектің кешінде Жәмила есімді құрбысымен “Балтика” кафесінде отырып, Қайрат және Армат есімді екі жігітпен танысқаны, олардың қыздарды Достық даңғылында орналасқан жалдамалы пәтерге кешті жалғастыруға шақырғаны анықталды. Пәтерде жігіттер қыздарға тиісе бастағаннан кейін Жәмила Арматтан таксиге дейін шығарып салуды өтініп, құрбысын Қайраттың қасында қалдырып, өзі тайып тұрады.

Осымен бәрі аяқталған сияқты, бірақ тергеу-тексеру іс-шаралары кезінде қыздарды таксиге: Жәмиланы қызыл мәшинеге отырғызып жібердік деген Армат пен Қайраттың криминалистік есепте тұрғаны анықталды. Екеуінің берген жауаптарына байланысты Ақмарал мініп кеткен ақ түсті “Фольксваген-Пассат” автокөлігінің жүргізушісін іздеу басталды.

Алайда, Қайрат пен Армат жалған сөйлеп, тергеуді қате бағытқа бұрып отыр ма деген де күдік туды. Сенімсіздік туғызуға тыңшылардың кәсіби біліктілігі мен көп жылғы тәжірибелері және күдікті жігіттерді жеке зерттеу барысында анықталған объективті фактілер септігін тигізді.

Арматтың кәметке толмағандардың ұялы телефонын тонауға қатысы бар екені, ал Қайраттың басқа бір қызды зорлап, ұялы телефонын тонау бойынша бұрыннан есепте тұрғаны анықталды. Әлбетте, бұл қылмыстық іс зерделеніп, бір көмегі тиер деген оймен бұрынғы жәбірленуші Маринадан жауап алынды. Қайрат Маринаны да жалдамалы пәтерде зорлап, ұялы телефонын тартып алған, сосын буындырып тұншықтырған. Пәтерден жалаңаш күйінде қашып шыққан Марина көршілерден көмек сұрап, өлім аузынан қалған.

Сондықтан да барлық күш Ақмаралды Қайрат пен Арматтан басқа ешкім өлтірген жоқ деген басты нұсқа бойынша жұмыстануға жұмсалды. Олар жалдаған пәтерді тінту және пәтер иесін жауаптау барысында пәтерден қыздың денесін орап, алып шығуы мүмкін деген қалың төсек-орын жапқыштың, көрпенің және үлкен қара пакеттің жоғалғаны белгілі болды. Сондай-ақ, екі жақты жауап алу жолымен күдіктілердің қыздарды шығарып салғаннан кейін “достарымыздың үйінде түнедік” деген жалған алибилері жоққа шығарылды. Полицияның заманауи мүмкіндіктерінің көмегімен із-түзсіз жоғалған Ақмаралдың “Нокиа-5070” ұялы телефоны табылып, тәркіленді.

Енді тек екі сұраққа ғана жауап табу керек еді: Ақмаралдың денесі қандай көлікпен және қайда апарып жасырылды? Жедел шаралардың арқасында күдіктілердің таң атқанға дейін танысы Қаныбектің автокөлігімен жүргені анықталды. Өкінішке орай, Қаныбек үстіміздегі жылғы 10 қазанда әскери міндетін өтеу үшін Алматы облысына жол жүріп кеткен. Дерееу сол жерге криминалдық полиция қызметкерлері іссапарға жіберілді. Оларға Ішкі істер министрлігінің Алматы облысы бойынша әскери-тергеу басқармасының және №97617 әскери бөлімінің басшылығы мен қызметкерлері көп көмек көрсеткен. Осының арқасында қылмыскерлердің қыздың денесін шығаруға Қайраттың ағасының “ВАЗ-2106” автокөлігін пайдаланғаны белгілі болды.

Өздерінің іс-әрекеттерін мойындамай, барынша тырысып баққан күдіктілердің аса ауыр қылмысты жасағандары әшкереленіп, оларды ұстап, қамауға алатын сәт те туды. Ұсталғандарды жауаптау барысында олардың Ақмаралды зорлағаны және тұншықтырып өлтіргені белгілі болды. Жасаған қылмыстарының ізін жасыру үшін қыздың денесін төсек жапқыш пен көрпеге орап, Зеленов ауданы Белес ауылы аумағындағы орман алқаптарының бірінде бензин құйып, қыз денесін өртеп жіберген.

Күні-түні жүрген тергеу-іздігі жұмыстарының арқасында қыздың күлге айналған мүрдесі табылды. Екі аяқты жауыздардың қылмысы бұлтартпай дәлелденіп, мойындарына қойылды.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, жоспар құрып, мазмұндаңыз.
2. Мәтіннен заң терминдерін тауып, сабақтас құрмалас сөйлем құрастырыңыз.
3. Мәтіннен есімдіктерді тауып, морфологиялық талдау жасаңыз.
4. *Жасаған қылмыстарының ізін жасыру үшін қыздың денесін төсек жапқыш пен көрпеге орап, Зеленов ауданы Белес ауылы аумағындағы орман алқаптарының бірінде бензин құйып, қыз денесін өртеп жіберген,-* деген сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.
5. Осы мақала бойынша «Оқиға болған жерді қарау хаттамасын» толтырыңыз.

### **18-мәтін**

#### **Тілегі - тыныштық**

*Көліктегі полиция қызметкерлерін – ел тыныштығын қорғаушы берік қорғанымыз, жолаушылардың қауіпсіздігіне тікелей жауап беретін адамдар деп білеміз. Олардың күнделікті тыныс-тіршілігі қауіпті де қызыққа толы сәттермен алмасып жатады.*

Ақтөбе бекетіндегі ішкі істер желілік басқармасы бұдан 35 жыл бұрын, 1977 жылы бөлім болып құрылды. Осы бөлімнің алғаш кірпішін қалағандардың ішінде Сәрсенбай Қанғалиұлының еңбегі ұшан-теңіз. 50 жылға жуық уақыт бойы осы темір жол саласында аянбай еңбек етіп келеді. Қызметіне адал, сөзіне берік, ісіне жауапкершілікпен қарайтын, жаны таза, адамгершілігі мол Сәрсенбай ағаны кәсіби қызметкердің бейнесін қалыптастырушы деп айтуға әбден болады.

Бүгінде Ардагерлер кеңесі төрағасының Батыс өңірі бойынша орынбасары, отставкадағы милиция полковнигі Сәрсенбай Қанғалиұлы 1937 жылы 1 мамырда Ақтөбе облысы Қобда ауданының Аққұдық (қазіргі Әлия) ауылында қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келген. Әкесі Ұлы Отан соғысында қаза болған. Жаңа Алексеевка мектеп-интернатында тәрбиеленіп, оны бітірісімен 1956 жылы әскер қатарына шақырылады. 1958 жылы Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып келіп, Ақтөбе бекетінің желілік милиция бөліміне кезекші милиционер болып жұмысқа орналасады. 1959 жылы Алматы орта арнайы милиция мектебіне күндізгі бөлімге оқуға түседі. Талантты да зерек бозбала бұл оқу орнын да үздік тәмамдап, 1961 жылы Ақтөбе бекетінің желілік милиция бөліміне қылмыстық іздігі жөніндегі жедел уәкілі болып жұмысқа тұрады. Қайсар, көкірегі ояу жас жігітті асқақ армандары алға жетелей береді... 1989 жылдан құрметті демалысқа шыққанға дейін Ақтөбе облыстық ІІБ алдын алу қызметінің бастығы лауазымында еңбек етті.

Жұмысына тиянақты, әріптестеріне сыйлы болуы да оның нағыз өз ісінің маманы екенін мойындата білгенінен болар. Әрдайым қолұшын беруге дайын, адамгершілік қасиеттерімен қатар қызметтегі мінсіз беделін көріп жүрген дос-жаран, туған-туыс, жерлестері оны мақтан тұтты. Туғанынан батыл да елгезек жігіт өз деңгейінің жоғары екенін, «алмас қылыштың қын түбінде көп уақыт жатпайтынын» дәлелдеп шықты. Сөйтіп, ол Ақтөбе жұртының мақтанышына айналды.

Кезінде биік лауазым иелерінен алған мақтау қағаздары мен алғыс хаттары да жеткілікті. 2010 жылы 19 ақпанда Ресей Федерациясының Көліктегі ішкі істер министрлігінің 90 жылдығында медальмен марапатталған. Отставкадағы милиция полковнигі Сәрсенбай Қанғалиев ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған төс белгісімен марапатталды.

Ішкі істер саласына, яғни қоғам тыныштығын қалыпты түрде сақтауға бел шешкен жас ұрпақтың тәрбиелік, патриоттық рухын нығайтып, қоғам алдында асқан жауапкершілігін сезіндіріп келеді. Зейнеткерлікке, яғни еңбек демалысына шықса да үнемі ішкі істер жүйесінің қоғамдық өмірінен тысқары жүрмейтін, кейінгі буынға әрқашанда мол тәжірибесімен бөлісуден жалықпайтын Сәрсенбай аға өзі қызмет еткен департаментінен еш байланысын үзген емес. Көліктегі ішкі істер департаментінің ардагері қоғамдық өмірде белсенді болуды жөн санайды.

#### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз.
2. Морфологиялық принцип бойынша жасалған сөздерді табыңыз.
3. Мәтіннен есім сөздерді тауып, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңіз.
4. Мына сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз: *Талантты да зерек бозбала бұл оқу орнын да үздік тәмамдап, 1961 жылы Ақтөбе бекетінің желілік милиция бөліміне қылмыстық іздестіру жөніндегі жедел уәкілі болып жұмысқа тұрады.*
5. Мәтіннен ауыспалы мағынада тұрған сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріңіз.

#### **19-мәтін**

##### **Лаңкестік әрекеттің жолы кесілді**

*Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы еліміздің Ұлттық қауіпсіздік комитеті 2012 жылғы 24 наурызда Алматы қаласының аумағында дайындалу сатысындағы лаңкестік актілердің алдын алғандығы туралы хабарлайды.*

Жоспарланған терактілердің ұйымдастырушысы 2009 жылдан бастап қазақстандық құқық қорғау органдарынан шетелде жасырынып жүрген, 1975 жылы туған Александр Владимирович Павлов болып табылады. Павлов Қазақстанның құқық қорғау органдары тарапынан іздеу салынған БТА Банктің бұрынғы басшысы Мұхтар Әбілэзовтің жеке күзетін басқарады, оның жеке құпия тапсырмаларын орындаумен айналысады.

Атап айтқанда, Александр Павлов М.Әбілэзовке БТА Банктің қаржысын аса ірі көлемде ұрлауға көмек көрсеткен, ал 2009 жылғы ақпанда Әбілэзовтің жеке мұрағатын және БТА Банктің Корпоративтік бизнес басқармасының компьютерлерінен қатты дискілерді көшіруді ұйымдастырған, содан соң өзі де Ұлыбританияға кетіп, бүгінгі күнге дейін Қазақстанға кірмеген. 2010 жылғы сәуірде Павловқа қатысты біреудің сеніп тапсырылған мүлкін иеленіп алу немесе ысырап ету фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалған, ал 2010 жылғы тамызда оған іздеу жарияланған. Онымен сөз байласа отырып «Алға» тіркелмеген партиясы басшыларының бірі, М.Әбілэзовтің ең жақын сенімді серіктерінің бірі болып табылатын және шетелде тұрақты тұратын Мұратбек Кетебаев әрекет еткен. Терроризм және экстремизм актілерін ұйымдастыру жөнінде жоспарларды олар 2011 жылғы қыркүйектен бері ойластырып келген.

2012 жылғы наурыздың басында олар өздерінің сыбайластарына Алматы қаласының қоғамдық орындарында, оның ішінде саябақтар аймағында және әкімшілік ғимараттарының жанында жарылыстар жасауды тапсырған. Атап айтқанда, Павлов орындаушыға Әуезов ауданындағы «Сарыарқа» кинотеатрының артындағы «Фэмэли» саябағында жарылысты ұйымдастыруды, сондай-ақ жарылғыш заттарды Әл-Фараби даңғылындағы жаяу жүргіншілер өтпелерінде орналастыруды тапсырған.

Лаңкестік шараларын ұйымдастыру үшін Павлов 25 мың АҚШ доллары көлемінде ақшалай қаражат бөлген, оның 15 мың доллары орындаушыға берілген. Қалған 10 мың долларын терактілер жасалғаннан кейін беру жоспарланған.



Жедел-тергеу шараларының барысында лаңкестік шараның негізгі мақсаты ретінде халықты қорқыту, аласапыран мен дүрбелең жағдайын тудыру, елдегі қоғамдық-саяси жағдайды тұрақсыздандыру болғандығы анықталды. Аталған факті бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 233-бабының 1-тармағы («Терроризм») бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергелуде.

Тергеу аясында құқық қорғау органдарына жоғарыда аталған тұлғалардың шетелдіктерді қоса алғанда радикалды ұстанымдағы діни топтардың өкілдерімен Қазақстанда террористік актілерді бірлесіп жасау, сондай-ақ дінаралық және ұлтаралық тұрғыда қақтығыстар тудыру мақсатында байланыс орнату әрекеттері туралы ақпарат келіп түсті.

Тергеу жүргізілуде. Бірқатар тұлғалар қазіргі кезде ұсталды және кінәларын мойындап, айғақ беруде. Мұнан өзге ақпарат тергеудің мүддесіне байланысты жарияланбайды, деп хабарлады Бас прокуратураның баспасөз қызметі.

#### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз, мазмұнын баяндаңыз.
2. Тыныс белгілерінің қойылуын түсіндіріңіз.
3. Мәтіннен тәуелдік жалғауларын тауып, сөйлем құраңыз.
4. Мәтіннен етістің жұрнақтарын тауып, жасалу жолдарын анықтаңыз.
5. Төмендегі сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз: *Тергеу аясында құқық қорғау органдарына жоғарыда аталған тұлғалардың шетелдіктерді қоса алғанда радикалды ұстанымдағы діни топтардың өкілдерімен Қазақстанда террористік актілерді бірлесіп жасау, сондай-ақ дінаралық және ұлтаралық тұрғыда қақтығыстар тудыру мақсатында байланыс орнату әрекеттері туралы ақпарат келіп түсті.*
6. Төмендегі сөйлемге морфологиялық талдау жасаңыз: *Жедел-тергеу шараларының барысында лаңкестік шараның негізгі мақсаты ретінде халықты қорқыту, аласапыран мен дүрбелең жағдайын тудыру, елдегі қоғамдық-саяси жағдайды тұрақсыздандыру болғандығы анықталды.*
7. *Павловқа қатысты біреудің сеніп тапсырылған мүлкін иеленіп алу немесе ысырап ету фактісі бойынша* қылмыстық істің хаттамасын толтырыңыз.

#### **20-мәтін**

### **Эксгумация**

*Қытымыр қыстың бет қаратпайтын аязды күндерінің бірінде Хлеборобное ауылынан екі шақырымдай жерде орналасқан мұсылмандар зиратына жұртшылық көп жиналды. Бұлар – жарық дүниеде 23 жыл ғана ғұмыр кешіп, тосыннан келген ажал алмас қылыштай қиып түскен Жоламан Есмағамбетовтың мүрдесін ашып, өлікті қазып алуға, сөйтіп қайта тексеруге беруге келген туған-туыстары мен тәуелсіз сот-медицина сараптама өкілдері болатын. Мұндай іс-әрекетті медицина тілінде эксгумация дейді. Дегенмен, өткен жылдың 2 қыркүйегінде жерленген мәйіттің қайта қазылуына, яғни ислам дінінде өте сирек кездесетін тосын әрекетке баруға не себеп болды?*

Бар ғұмырын ауылда өткізіп келе жатқан Ғалым ердің жасы 50-ге жеткенде 10 бала тәрбиелеп отырған келіншегі Күлтан шекесі торсықтай ұл сыйлады. Соңынан іні ергеніне бәрінен бұрын ойын баласы Жоламан қатты қуанды. Ол өзімен тетелес Талғатқа көбірек ұқсауға тырысып, спортқа бейімделіп өсіп келе жатқан. Мектепті бітіргеннен кейін ауылда қалып, бес жылдай еңбек етті. Сосын облыс орталығына келді. Ондағы ойы – жұмысқа орналасу. Талғат өзі жұмыс істейтін мамандандырылған күзет саласына

орналастыруға ниетті болғанымен, әскери өтілсіз қабылдамайтынын айтты.

– Қиналатын түгі жоқ! Жасым 23-те. Міндетімді өзгеге артатындай бала емеспін. Отан алдындағы азаматтық парызымды өтеп келейін. Сосын бір жөні болар, – деді Жоламан үлкенге тән байсалдылықпен. Ол інісінің оң-солын танып қалған ширақтығына, сымдай тартылған тұлғасына сүйсініс білдіріп, әскери өмір жайлы біраз әңгіме шертті. Бірақ туған бауырымен соңғы рет сырласып отырғанын сезбеп еді. Күш-қайраты толысқан бозбала медициналық тексеруден ойдағыдай өтіп, Қапшағай қаласындағы № 58012 инженерлік-саперлік әскери бөлімге жіберілді. Бұл – 2011 жылдың мамыр айы болатын. Арада 4 ай өтпей жатып жас жауынгердің өлімі туралы қаралы хабар түкпірдегі ауылға жетіп, бір қауым елді күңіретіп кетті.

Талғат «Егемен Қазақстан» газетінің тілшілер қосынына арнайы келіп, ауыр қайғыдан қан жұтып, көкірегі қарс айрылып отырған әке-шешесінің хатын аманаттады. Онда қыршынынан үзілген жанның жұмбақ өлімі, шырылдаған шындыққа жету жолындағы бейнет-мехнаттар, әскерилердің адамгершілік қалыпқа жат қылықтары, ақиқатқа жасалған қиянат-қысастықтар мен заңдылықты көпе-көрінеу бұрмалаушылықтар жіпке тізгендей етіп баяндалыпты. Батыр ананың көз жасын төгіп жазған жанайқайы адамның төбе құйқасын шымырлатады. Шағым иелерінің айтуынша, өмірден түйгені көп, мұрат-мақсаты айқын Жоламан әскери өмірге тез көндігіп кеткен. Әр хабарласқан сайын үні қуанышты естіліп, жағдайының жақсы екенін сездіріп отырған. 30 тамызда телефон соғып, Қазақстан Конституциясы мерекесі күні кезектен тыс ефрейторлық шен берілгенін үлкен мақтанышпен жеткізген. Ал ертеңіне оның тізерлеп отырған күйдегі өлі денесі дәретханадан табылған. Әскери бөлім басшылығы сол күні-ақ сарбаз өз-өзіне қол жұмсаған деген түйін жасаған. Мұндай байламды мәйітті туған жеріне алып келген аталмыш әскери бөлім командирінің орынбасары Райымбек Халмұратов та қуаттаған. Алайда, нақты дәлелдер келтіріп, себеп-салдарын тарқата алмаған. Бір қызығы, Жоламанның үлгілі жауынгер болғанын жоққа шығармаған. Олай болса, пікір кереғарлығын қалай түсінуге болады? Әскери тергеу орындарының және сот-медицина сараптамасының қорытындысы шықпай жатып асығыс, біржақты тұжырым алуларына қарағанда жауапкершіліктен сытылудың, басқаға итере салудың амалы емес пе деген ой келеді. Қорғаныс министрлігіне де Ж.Есмағамбетов өзін-өзі өлімге мәжбүрлеген деген мәлімдеме түсірген. Осыған орай республикалық ведомство Солтүстік Қазақстан облыстық қорғаныс істер жөніндегі департаментке істің ақ-қарасын анықтау жөнінде нұсқау берген. Жан-жақты тексеру нәтижесінде марқұмның суицидке бейімділігі еш қолдау таппаған.

– Біздің қолымызға баламыз азаматтық борышын өтеген әскери бөлімнің командирі қол қойған қызметтік тексеру материалдары тиді. Онда келтірген дәйектемелердің ешқайсысы сендірмейді. Бәрінен де баламызды біржақты қаралап баққаны жанымызға қатты батты. Жүйке-психикалық жағынан ауытқушылыққа бой алдырса, әскер қатарына алыну, қару қоймасының кілтін сеніп тапсыру, түнгі кезекшілікті атқару, озат сарбаз ретінде көтермелеу себептерін қалай түсіндірер екен? Мұның бәрі, айналып келгенде, өздерін арашалау мақсатындағы «қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарсаның» кері, – деп жазылыпты хатта. Істің басы-қасында жүрген жауынгерлер аналары комитетінің төрайымы Людмила Костенко Жоламанның өлімі жайлы былай түйіндейді: – Денедегі жарақат белгілері асылып қалған адамдікіне мүлдем ұқсамайды. Сүйекке түсіп, мәйітті жуғандар бастағы, қолдағы, аяқтағы ауыр жарақаттарды, терінің әлдебір нәрсемен күйдірілгенін, өкшенің, қабырғаның сынғанын байқаған. Әбден азаптап, қинап, жантәсілім еткеннен кейін ойдан жасап, қолдан құрастырып «асылып қалдыға» келтірген.

– Құрсағымда тоғыз ай жатып, көтерген қарашығымның көкала қойдай етіп тастаған денесін көргенде қалай талып түскенімді білмеймін. Ұлымның сол кейпін көз алдыма елестетсем, әлі күнге дейін сай-сүйегім сырқырайды, – деп аһ ұрғанда жанын қоярға жер таппайды ғазиз ана. – Мынандай сұмдықтан кейін көз көріп, құлақ естімеген жағдайға, яғни зиратты қазып, мәйітті алуға бекіндік. Алла кешіре гөр деймін! Әскерилер

қолмен істегенді мойынмен көтерудің орнына әбден әуре-сарсаңға салып, қорлап бітті. Ақиқатқа жеткенше тыным таппаймын енді! Ауыл молдасы іс-әрекетіміздің шариятқа қайшы келмейтінін айтып, рұқсатын берді. Әйтпесе, ақ арулап қойған құлынымды орнынан қозғау, аруақтың мазасын кетіру бізге оңай соқты деймісің?

Алғашқы сот-медициналық сараптаманың қорытындысымен келіспеген марқұмның туыстары эксгумацияға рұқсат алу үшін табандарынан тозып, талай айларды сарп етті. Петропавл гарнизоны әскери прокуратурасына қайта-қайта арызданып жүріп, ақыры дегендеріне жетті. Ол жөнінде мақаламыздың басында айтып өттік.

Ендігі төрелікті тәуелсіз сот-медициналық сараптама айтады.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз.
2. Мәтіннен орфографиялық ережелердің сақталуын түсіндіріңіз.
3. Аталған оқиға бойынша сот-медициналық сараптаманы жүргізу хаттамасын толтырыңыз.
4. Мәтіннен сын есімдерді тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңіз.
5. Мәтіннен медицина терминдерін тауып, сөйлем құрастырыңыз.
6. Туынды етістіктерді тауып, морфологиялық талдау жасаңыз.

### **21-мәтін**

#### **Жалған хабар беру жарға жығады**

*Ойнақтаған от басар деп бекер айтылмаған ғой. Әсіресе ойыннан өрт шығады деген сөзде көп мән жатса керек. Бұл орайда жалғандыққа салынған жатып атарлардың әрекеті жан жүдетіп отыр. Мәселен, пәлен жерге жарылғыш зат қойылды, террористік акт жасалғалы жатыр деп бейбіт халықтың үрейін алу, мемлекетке орасан зор шығын келтіру үйреншікті әдетке айналып бара жатқандай. Ал мұндай әрекеттердің бәрі заң бойынша қылмыс болып табылады. Қылмыс болып тіркелген соң ол ашылып және кінәлі адамдар табылып, жауапқа тартылуы тиіс.*

Алайда іс жүзінде бұл мәселе қалай, қандай деңгейде жүргізіліп жатыр деген сауал туындайды. Сондықтан да жалған терроризмге қарсы күресті күшейту бүгінде өзекті мәселе, дейді Бас прокуратураның анықтау және тергеу заңдылығын қадағалау департаменті бастығының орынбасары Сапарбек Нұрпейісов. Өйткені, өткен жылы статистикалық есеп бойынша қылмыстық қудалау органдарында 242 жалған терроризм туралы хабарлау тіркелген. Оның ішінде 123 дерек қылмыс ретінде тіркелген, сонда 2010 жылмен салыстырғанда бұл қылмыс түрі 167 пайызға өскен көрінеді.

Әсіресе, Алматы, Астана қалаларында, Ақтөбе және Оңтүстік Қазақстан облыстарында, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан мен Қарағанды облыстарында қылмыс саны көбірек тіркелген. Бірақ істің көпшілігі айыпталушы ретінде жауапқа тартуға жататын адамның анықталмауына байланысты ашылмай қалған. 2011 жылы 1 сәуірде Алматы қаласы Бостандық аудандық ІІБ-ге «Қазақфильм» киностудиясына жарылғыш зат қойылғаны туралы хабарланған. Арнаулы қызметтің іздеу операциясы жүргізілгенмен, жарылғыш зат табылмады. Содан зардап шеккендер анықталмауына байланысты қылмыс құрамы жоқ деген сылтаумен қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған. Бірақ заң бойынша қылмыстың орын алғаны белгілі ғой. Сондықтан аудандық прокуратура аталған заңсыз шешімді бұзып, қайта қылмыстық іс қозғады.

Осындай бірқатар қылмыстық істерді зерделей отырсақ, 5 қылмысты психикасы бұзылған тұлғалар жасаған екен және айыптыларға медициналық мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін істі сотқа жіберу туралы қаулы шығарылған. 2011 жылғы 5 қазанда

Көкшетау қаласының тұрғыны С.Садықов (диспансерлік есепте – параноидтық шизофрения) Халық банктің филиалына бомба қойылған деп хабарлаған. Соңынан түсінде банктің қирағанын көрген соң алдын ала ескерту жасағаным ғой деп жауап берген. Негізінен ҚК 242-бабына жататын жалған терроризм деген айып кішігірім ауырлықтағы қылмыс санатына жататындықтан, оған көбінесе жеңіл түрдегі жазалар тағайындалған.

12 мен 17 жас аралығындағы оқушы және студент жастар 10 рет жалған хабарлауды сабақтың өтуін болдырмау үшін бұзақылық ниетпен жасаған. Оқушы жастар неліктен мұндай заң бұзушылық әрекеттерге барды десек, алдымен жастар арасындағы профилактикалық жұмыстардың тиімсіздігі, жергілікті атқару және құқық қорғау органдарында нақты бағдарламаның жоқтығы, оқу орындары мен шаруашылық субъектілерінде құқықтық түсіндіру жүргізілмегені, терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау қылмыстық жауаптылыққа соқтыратынын білмеулері салдарын тигізген.

Ал жасөспірімдерге қылмысты жасауға көбіне өзінің батылдығын құрдастарының арасында дәлелдеуге баруы, сабаққа қатыспауы немесе сабаққа дайындығы жоқтығы және кек алу секілді сылтаулар себеп болған. Мәселен, істерді сараласақ, 2009 жылы қылмыстық жауаптылыққа тартылғандардың 34-інің 10-ы, 2010 жылы 22-нің 3-еуі жас-өспірімдер болған, олардың 3-еуі ресейлік те, қалғандары Қазақстан азаматтары.

Сөйтіп, терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау қылмысы бойынша жаза тағайындау үрдісі көрсеткендей, барлық жағдайларда да бас бостандығынан айырмау жазасы қолданылған. Аталған санатта қылмыстық істер бойынша сот үкім шығарар алдында жасалған қылмыстың онша ауыр еместігін, материалдық шығындардың өтелгендігі, сотталушының бұрын сотты болмағандығы, кінәсін толық мойындауы және басқа да жеңілдететін мән-жайларды назарға алған. Ал бұл көрсетілген шешімдерді қабылдауға ҚК-тің 53-бабының 5-бөлігінің талаптары, яғни егер осы Кодекстің ерекше бөлімінің адамды кінәлі деп тануға негіз болған бабының бірінші бөлігінің «д» тармағында көзделген жеңілдететін мән-жайлар кездескенде кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру тағайындалмайтындығы ескерілген.

Бүгінгі күні терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау бойынша қылмыстар ҚК-тің 10-бабының 2-бөлігі бойынша онша ауыр емес қылмыстардың қатарына жатқызылып, аталған Кодекстің 242-бабында 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қаралған. Сонымен қатар, ҚК-тің 67-бабының 1-бөлігі және Жоғарғы Соттың «Қазақстан Республикасы ҚК-нің 67-бабын қолданудың сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағының талаптарын қолданған жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады. Сондықтан, қаралып отырған санаттағы қылмыстық істер бойынша соттар тағайындаған жазалар ҚК-тің 52-бабындағы жалпы негіздерге қайшы келмейді.

2011 жылы прокуратура және ішкі істер органдары мемлекет пайдасына 1 140 540 теңге өндіру үшін сотқа 8 талап-арыз жолдаған. Қазір 6 талап-арыз қылмыстық іс шеңберінде және 1 іс азаматтық тұрғыда қаралған, 1 азаматтық іс сот өндірісінде жатыр. Мысалы, прокурордың талап арызы Тараз қалалық сотының шешімімен 2011 жылғы 15 сәуірде қанағаттандырылып, кәмелеттік жасқа толмаған П. Кравцовтан (оның ата-анасынан) №31 орта мектепте лаңкестік жасалмақ деген жалған хабарлауы үшін облыстық ПД, ҰҚҚД, ТЖД-нің пайдасына 59 542 теңге өндірілген.

Талдау барысында құқық қорғау және арнаулы қызметтегі органдарға, жергілікті прокурорларға жалған терроризммен күресуде жұмысты жандандыруға, жедел-тергеу сапасын арттыруға бағытталған Бас Прокурордың нұсқауы жолданды. Сол сияқты ҚК-тің 242-бап санкциясын күшейтуге, яғни ол бойынша айыпталғандардың бостандығын шектеуді 7 жылға, бас бостандығынан айыруды 6 жылға дейін ұзартуды көздейтін заң жобасы дайындалып, Парламентте қаралуда.

Бас Прокурор, жалған терроризмнен келтірілген барлық шығындарды кінәлі

тұлғалардан мемлекет пайдасына өндіру аймақтық прокурорлар қызметіндегі басты міндет екенін айқындады. Сотқа жолданатын қылмыстық істер және күшіне енген үкімдер бойынша азаматтық тәртіппен міндетті түрде талап-арыз енгізу тапсырылды. Сонымен қатар, келтірілген шығындарды мемлекеттік органдар тарапынан кінәлілерден өндіру әрекеттерін үйлестіру, жасөспірімдер мен жастар арасында профилактикалық жұмыстарды күшейту, қылмыс жасаудың алдын алу және халық арасында қабылданған сот актілеріне қатысты түсіндіру жұмыстарын атқару жүктелді. Бұған қоса Ішкі істер министрлігіне осы санаттағы қылмыстық істердің ашылуына және алдын ала тергеу барысының сапасын көтеруге бағытталған Бас Прокурордың ақпараттық хаты жолданды. Ал Жоғарғы Сотқа айыпталушыларды жазалау тәжірибесіне шолу жасау, келтірілген шығындарды өндіру және ашық сот үдерісін жиі өткізу ұсынылды. Жалпы қылмыстың жалғандығы болмайды, ендеше, жалған терроризмнің де орасан зиян келтіретіні айдан анық.

#### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз, мазмұнын баяндаңыз.
2. Мәтінде келтірілген деректер бойынша «Куәгерден жауап алу хаттамасын толтырыңыз»
3. Тыныс белгілерінің қойылуын түсіндіріңіз.
4. Мәтіннен септік жалғауларын табыңыз.
5. Мәтіннен етістің жұрнақтарын тауып, жасалу жолдарын анықтаңыз.
6. Төмендегі сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз: Сотқа жолданатын қылмыстық істер және күшіне енген үкімдер бойынша азаматтық тәртіппен міндетті түрде талап-арыз енгізу тапсырылды.
7. Төмендегі сөйлемге морфологиялық талдау жасаңыз: *Талдау барысында құқық қорғау және арнаулы қызметтегі органдарға, жергілікті прокурорларға жалған терроризммен күресуде жұмысты жандандыруға, жедел-тергеу сапасын арттыруға бағытталған Бас Прокурордың нұсқауы жолданды.*

#### **22-мәтін**

##### **Ойынханадағы ойран**

Жұрттың бәрі Жаңа жыл қарсаңындағы қарбалас қуаныштың жетегінде болғанымен, Б-ның қабағы қатыңқы. Айналадағы жайнаған өзгеріс, қол бұлғаған қарағай-қайың, күміс күн суыт жүрісті жігітті селт еткізер емес. Жасы отыз жетіден асқан оның бар ойы енді екі күннен кейін басталатын Жаңа жылды қызыл жылтырақ думанмен дүркіретіп қарсы алу. Бірақ, ол үшін қыруар қаржы-қаражат керек. Оны қайдан таппақ? Содан ол бопсалаудың алғашқы жолын «Империал М» казиносынан бастамақ болды. Оның да өзіндік себебі бар еді. Б. мұндай мекемелердің табалдырығын он жыл бойы тоздырған тәжірибелі ойыншы. Бірақ, құмар ойыннан шекесі шылқығаны да шамалы. Астана қаласындағы Сарыарқа аудандық сотының үкімімен, Қылмыстық Кодекстің 103-бабының 3-бөлімімен айыпты деп танылып, 2003 жылы 5 жылға бас еркінен айырылған. Әйткенмен, осы үкімнің тең жартысын өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылды. Оның үстіне, «Империалдың» бас менеджері А-менен кезінде Астана қаласындағы бизнес саласында әріптес болғаны бар. Енді содан қарыз сұрамақ, «берсе жолынан, бермесе қолынан». Сондықтан, жанына Аслан, Ержан аталатын жандайшаптарын ертіп алып, батылдық үшін Бурабайға жеткенше екі жарым шыны арақты босатып тастайды.

Обалы нешік, А. ескі досын есік алдынан құшақ жая қарсы алып, мейрамхана төріне оздырды. Астаналық қонақ екі-үш рюмкадан кейін нілдей бұзылсын. Алдын-ала топ құрып жасаған жоспарының буымен әрі арақты аузына алмай қойған казиношының

қылығы зығырданына тиген Б. тез арада қарызға 100000 теңге немесе 500 АҚШ долларын тауып беруін талап етеді. Бас менеджер ондай ақшаның жоқтығын, бар болғанның өзінде құрылтайшылардың келісімі керектігін айтады. Ашуға булыққан Б. мұнда жайдан-жай келмегенін, мұны қолпаштайтын қылмыс әлемінің серкелері барлығын жеткізіп қоқиланады. Анау міз бақпаған соң, А-ны шалт қимылмен бас-көзіне қарамай соққыға жығып салсын. Оған жанындағы баукеспелер қосылып, әп-сәтте казиношының қан жосасын шығарады. Ойында ештеңе жоқ бас менеджердің «бізге бөгет жасамаңдар» деген әмірі бойынша, күзетшілер мен қызметшілер құрметті қонақтар дастарқанына бас сұға қоймаған.

Көзі қарауытқан Б. қанға малынған досына енді тіпті қатаң талап қойды. А. несие емес, қарыз емес, жүз мың теңгені қолма-қол тауып беріп, есік алдында қаңтарулы тұрған «Гойото Ланд-Крузер» джипін мұның атына ресімдеуі қажет. Осы кездегі жанталас үстінде казиношы бопсалаушылардан қашып құтылудың сәтсіз талпынысын жасайды. Тағы да ұр да соқ, аяусыз тепкі. «Өй, босқа уақыт өткізгенше мынаны сыртқа шығарып, көзін құртайық» деген ниетпен қаныпезерлер бас менеджерді сүйретіп ас дайындайтын бөлмеге алып келеді. Осында бет-аузын қан жуған казиношыны жуындырып, далаға дырылдатып алып шығады. Жендеттердің қолында пышақ. Кімде-кім жақындаса А-ның кеңірдегін қиып түсірмек. Далада да ұрып-соғу, тепкілеу жалғасты. Осы кезде қызметші қыздардың бірі дабыл қоңырауын басып үлгерген. Күзетшілер лап қойды. Бас жендет ұсталып, қалған екеуі ізім-қайым жоғалған. Бұл кезде полицейлер де келіп жеткен. «Имперриалдың» бас менеджері сан алуан жаракатпен ауруханаға жеткізілді. Одан кейін айлап азапты емделу, ұзан-сонар тергеу, тексеріс амалдары жүргізілді. Оншақты сот-медицина сараптамасы жасалып, отыздан астам адам куәлікке тартылды...

Жуырда Бурабай аудандық сотының төрағасы Самалбек Мұхтаровтың төрағалығымен сот процесі аяқталып, Б. Қылмыстық Кодекстің 181-бабы, 2-бөлімінің «а», «б» тармақтарымен 4 жыл 8 ай мерзімге бас еркінен айырылып, А-ның есебіне моральдық нұқсан түрінде 100000 теңге өндіріп алуға үкім шығарылды.

#### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз, мазмұнын баяндаңыз.
2. Мәтіннен есім сөздерді тауып, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңіз.
3. Мына сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз: *Жұрттың бәрі Жаңа жыл қарсаңындағы қарбалас қуаныштың жетегінде болғанымен, Б-ның қабағы қатыңқы. Айналадағы жайнаған өзгеріс, қол бұлғаған қарағай-қайың, күміс күн суыт жүрісті жігітті селт еткізер емес. Жасы отыз жетіден асқан оның бар ойы енді екі күннен кейін басталатын Жаңа жылды қызыл жылтырақ думанмен дүркіретіп қарсы алу.*
4. Мәтіннен ауыспалы мағынада тұрған сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріңіз.
5. Мәтіннен сын есімдерді тауып, фонетикалық талдау жасаңыз.

#### **23-мәтін**

##### **Полиция қызметкері – ар мен адалдықтың символы**

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың жыл саынғы халыққа Жолдауында елдің өзекті мәселелері көтеріліп, әр сала бойынша тиімді істер атқарылуға, оң шешімін табуға барынша күш жұмсалуда. Ел халқының тұрмысы түзеліп, кедейшілікті болдырмау мен жастардың білім алу саласына баса назар аударған Елбасы Жолдауында құқық қорғау саласының қызметкерлері кәсіби жетілдіру мен жоғары деңгейлі маман етіп шығару мәселесін көтерді. Жолдаудың алтыншы бөлімі түгелдей осы салаға арналды.

Онда полиция беделін көтеру, әл-ауқатын арттыру, қаржылай табысын көбейтіп, қызмет техникасымен қамтамасыз ету секілді жұмыстарына тиянақты әрі аса үлкен

жауапкершілікпен қарауды тапсырды.

Жасыратыны жоқ, елдің тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғап отырған полиция қызметкерлерінің кейде келеңсіз жағдайларға ұрынып, жемқорлыққа жол беріп жататыны белгілі. Ал ішкі істер органдарына келіп, үстіне полиция формасын киген адамның ары да, ожданы да таза болуы тиіс. Және де, полицияда өз жұмысына терең бойлай алмайтын, өз қызметін түсінбейтін көлденең көк атты жүрмеуі керек. Полиция формасы қарапайым халыққа қоқан-лоққы көрсетіп, дандайсуға емес, оларды қорғап, қылмыс пен тәртіпсіздіктің алдын алушы адамға міндеттелген арнайы киім үлгісі. Форманың жауапкершілігінде сол адамның ұяты тұру керек.

Елбасының биылғы тапсырмасындағы басты мәселе – құқық қорғау және арнаулы органдарды сапалы кадрлық жаңарту және 2012 жылдың 1 шілдесіне дейін олардың жеке құрамын қайта аттестациялаудан өткізуді міндеттеді.

Бұл міндеттеуде, ішкі істер органдарының қызметкерлерін біліктілігі мен білімі тең сарапқа салынып, тәжірибелік және теориялық шеберлігі сынға түседі. Полиция қызметкерлерін даярлауда, алдымен, дене тұрқының жетілуі басты назарға алынады. Спортқа бейім, қызметтік жаттығудың түрлі тәсілдері мен амалдарын меңгерген жаннан тәуір қызметкер шығатынына кәміл сенемін. Алайда, қызмет барысында маманның білімділігі міндетті түрде қажет етіледі.

Құқық қорғау қызметін жете түсінбей, осы саланы ермек көріп келгендер көп ұзамай өз жөндерін табады. Ал жан тәнімен, түйсігімен түсініп, жүрек қалауымен қадам басқандар қандай жағдайға болмасын дайын әрі нық сеніммен қызметке кіріседі. Өткен жылы радикалды ислам жетекшілерінің қолшоқпарына айналған теріс ұғымдағы діни экстремистердің қолынан бірнеше полиция қызметкері қаза тапты. Өздерін жанкештіміз деп жариялағандар дінді жетік білетін шейіттеріміз деді де, жазықсыз жандарға ажал құштырды, бейбіт тұрғындардың түн ұйқысын, күндіз күлкісін ұрлап, үрейлендірді. Құранда құмырсқаны өлтіруге болмайды деп жазылған. Ендеше, исламның атын жамылып, бейбіт күнде кісі қанын мойнына жүктегендердікі діни наным емес – қылмыс. Ал қылмыскер әрқашан да заң алдында жауап беруі тиіс. Осы салада дін мәселесімен айналысатын теолог-полицейлерді құру өте орынды көтерілген мәселе деп санаймын.

Бұдан басқа әрбір полиция қызметкері елдің құқықтық заң актілері мен ПМ ережелерін жете білуі міндетті. Ар-ождан мәселесінде «Ар-намыс кодексін» жете меңгеріп, азаматтармен қарым-қатынаста өз беделі мен айбынына көлеңке түсірмеуді ойлағаны абзал.

Елбасы 2012 жылдың 1 шілдесіне дейін барлық құқық қорғау органдары жеке құрамының қызметкерлерін түгелімен аттестациялауды қайта өткізуді тапсырды. Бұл тапсырма нәтижесінде, құқық қорғау және арнаулы органдарда сапалы кадрлық жаңарту болады деп күтеміз. Жүргізілетін аттестацияның мақсаты, Президентіміздің айтуы бойынша, полиция қызметкерлерінің ақшалай ризығын арттыру мен әлеуметтік қолдауды кеңейту, сондай-ақ, олардың техникалық жарактандырылуы мәселелері қаралады.

Қазіргі кезде біртұтас экономикалық кеңістікте трансұлттық ұйымдасқан қылмыспен күресті күшейту үшін Интерпол үлгісімен Еуразпол-Еуразия полициясын құру мәселесі дамып, жолға қойылған. Осы шаруа бойынша бізден де мамандар жасақтау туралы Үкіметке тапсырма берілді. Егер осы тапсырма өзінің оң шешімін тапса, біздің полицияның жұмыс істеу аясы кеңейіп, жаңа мүмкіндіктер туады. Ең алдымен, бұл Қазақстан үшін үлкен бедел, қазақстандық сақшылар үшін абырой. ПМ Алматы академиясын бітірген түлектер қазір тек бір салада ғана қалып қоймай, еліміздің Қорғаныс министрлігінің қарамағында, прокуратура, қаржы полициясы секілді өзге де құқық қорғау органдарында жұмыс істеуге үлкен мүмкіндік алды.

Жолдауда көтерілген маңызды тақырыптардың тағы бірі – сыбайлас жемқорлықпен күресті одан әрі күшейту. Елімізде бастапқы жылдардағыдай емес, сыбайлас жемқорлыққа жол беріп, ірі қылмыстар жасау фактілері азайып келеді. Бұрындары сыбайлас жемқорлық

жасау көріністері ретінде әртүрлі деңгейдегі пара алу деректері жиі ұшырасатын. Соңғы жылдардағы оқиғаларға сараптама жасасақ, қылмыстың осы түрімен еліміздің шикізат өндіру орындарының, сондай-ақ денсаулық сақтау, кеден бекеттерінің басшылары мен қызметкерлері және олардың сыбайластары жауапқа тартылуда. Демек, Қазақстандағы тәртіп пен заңдылық формалары дұрыс сақталынып, азаматтардың конституциялық құқықтары әділ жүргізілетіндігіне сенім мол. Мұны Қазақстандағы саяси-ахуалдарға көз тігіп, құлақ түріп отырған халықаралық деңгейдегі сарапшылар да айтуда.

Сонымен қатар, халықтың сауатын көтеру жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Себебі, қалалық, аудандық және ауылдық жерлерге интернет желісі жетіп, ақпарат алмасу шегінің кеңеюінде. Жаңа ғасырды ақпараттық майдан ғасыры дейтін болсақ, еліміздің әр азаматы сол майдандағы жауынгер сынды. Қазіргі таңда арнайы өндіріс орындарынан шыққан техникалық тауарлар қолжетімді, халықтың қалтасы көтеретіндей жағдайда. Әрбір адам әлеуметтік желілер арқылы түрлі салалармен байланысқа шыға алады немесе сауал жолдап, жауабын да ала алады. Мұндай мүмкіндіктен ішкі істер органдары да құралақан емес. Қызметтік қажеттілікте және халықпен тығыз қарым-қатынас жасауда, азаматтардың полиция қызметіне деген арыз-талаптары мен шағым-өтініштерін қарайтын арнайы блогтары мен сайттары жұмыс істейді. Осы электронды пошталар арқылы қағазбастылықтан арылып, жұмысты біраз оңтайланғандығы, ақпарат алу мүмкіндігінің қолжетімді болғандығы қызметте өте тиімділік тудыруда. Полиция қызметкерлерінің бұл тұрғыдағы сауаттары жетілген деп толық сеніммен айта аламын.

Қызметкерлерді биылғы жылдың шілде айына дейін аттестациялаудан өткізу барысында тәжірибесі мол, білікті мамандар жоғарыда айтылған сынақтан еш қиналыссыз өтеді деген үміттемін. Себебі, ИМ Алматы академиясының профессорлық-оқытушылар құрамы мен бөлім және құрылымдық бөліністеріндегі қызметкерлер үлкен тәжірибеден өткен, өз мамандығының ыстығы мен суығына әбден қаныққан адамдар деп білемін. Академияның қызметкерлері өзге елдермен қызметтері бойынша тәжірибе алмасу, біліктілік курстарынан өту, білімдерін жетілдіру сынды шараларды үздіксіз жүргізіп, өздері де шетелден келген әріптестерінің кеңестерін молынан алып қалуға тырысады. Біздегі жоо – кейінгі қосымша білім беру институтында еліміз бойынша еңбек етіп жатқан тәртіп сақшылары арнайы жолдамамен келіп, курстардан өтіп, сертификаттар алады.

Тәртіп пен білімді қатар ұштастырып, жан-жақтылы білім алып отырған қазіргі тыңдаушы, болашақ полиция қызметкері алдында белгілі бір мақсат қалыптасуы керек. Халқының өмірі мен тыныштығын тұрақты сақтап отырған ұлан-байтақ қазақ жерінің аманатын арқалайтын азаматтардың айбыны жасымай, елі мен жеріне адал қызмет ету жолында Елбасымыздың бүгінгі ұстанған саясатын қолдап, жарқын болашаққа деген қадамды бірге басуға дайын ұрпақты тәрбиелеп отырған оқу орны қызметкерлері ел болашағының әлі де кемелдене түсетініне шынайы сеніммен қарайды. Қазақстан даму жолының белесіне көтеріліп келе жатқан жас мемлекеттердің бірі. Біздің саяси өркендеуіміз бен гүлденуіміздің кепілі бейбіт өмірдің жалғастығында. Ендеше, Отанға қызмет етуден ешқашанда бас тартпайтын еліміздің ұлдары көбейе берсін.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз, мазмұнын баяндаңыз.
2. Мәтіннен есімдіктерді тауып, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңіз.
3. Мына сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз: *Тәртіп пен білімді қатар ұштастырып, жан-жақтылы білім алып отырған қазіргі тыңдаушы, болашақ полиция қызметкері алдында белгілі бір мақсат қалыптасуы керек. Халқының өмірі мен тыныштығын тұрақты сақтап отырған ұлан-байтақ қазақ жерінің аманатын арқалайтын азаматтардың айбыны жасымай, елі мен жеріне адал қызмет ету жолында Елбасымыздың бүгінгі ұстанған саясатын қолдап, жарқын болашаққа деген қадамды бірге басуға дайын ұрпақты тәрбиелеп отырған оқу орны қызметкерлері ел болашағының әлі де кемелдене түсетініне шынайы*



*сеніммен қарайды. Мәтіннен ауыспалы мағынада тұрған сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріңіз.*

4. Мәтіннен зат есімдерді тауып, фонетикалық талдау жасаңыз.
5. Полиция қызметкерлерінің міндеттері туралы баяндаңыз.

## **24-мәтін**

### **Елисовтың ерлігі**

*Бейбіт күнде де ерлікке орын барын тәуелсіз елдің қырағы қырандары бұрнағы уақытта айқын дәлелдеп келеді. Демалыс күндері Петропавл қаласындағы Ішкі әскерлер Әскери институтының әскери қызметшісі аға сержант Виталий Елисов тілсіз жаудан адам өмірін арашалап, ажал алдында қалған әйелді құтқарып қалды.*

Оқиға ақпанның 4-і күні орын алды. Бұл уақытта Виталий облыс орталығынан шеткері жатқан Борки кентінің спорттық базасында болған еді. «Кенеттен жақын маңдағы жер үйлерден қатты жарылыс естілді. Еш ойланбастан, дереу сол жаққа қарай жүгірдім. Оқиға орнына жеткенде, түтінденіп жатқан үй есігінің алдында қолында сәбиі бар әйелді байқадым. Шұғыл арада оларды шығарысуға көмектестім», – дейді аға сержант Елисов, сол күндегі оқиғаны есіне алып. Сөйтсе, өртеніп жатқан үй ішінде жан-айқайы шыққан әйелдің дауысы естілген екен. Ішкі әскер жауынгері өз өміріне қауіп төнгеніне қарамастан, арғы бөлмелерге кірген. Жарылыстың салдарынан баспананың қабырғасы мен төбесі құлапты бұл уақытта.

«Түтіннен үйдің ішінде түк көрінбей кетті. Әрі ауа да жетіспеді. Баспананың кейбір жерлерін от шалып үлгерді. Қолда бар көрпешікпен тез арада тілсіз жауды ауыздықтадым. Қатты түтіннен әйелді бірден табу мүмкін болмады. Содан соң құлаған тақтайларды қопарып, үйіндінің астында қатты күйік шалған адамды көрдім. Есінен танған екен. Шұғыл түрде үйіндіден босатып, аулаға алып шықтым. Алғашқы медициналық көмек көрсетіп, қауіпсіз жерге ығыстырдым», – дейді Виталий.

Бұл кезде оқиға орнына өрт сөндірушілер келіп, тілсіз жауды толығымен ауыздықтады. Үй ішінен үш газ балоны шығарылды. Абырой болғанда, жарылыстан басқа ешкім зардап шеккен жоқ. Ал өлімнен адам өмірін арашалаған аға сержант Виталий Елисов қазір Әскери институт басшылығының қолдауымен жоғары наградаға ұсынылып отыр.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз, мазмұнын баяндаңыз.
2. В.Елисовтың ерлігі туралы әріптесіңізге баяндағыз.
3. Мәтіннен етістіктерді тауып, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңіз.
4. Мына сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз: *Бұл кезде оқиға орнына өрт сөндірушілер келіп, тілсіз жауды толығымен ауыздықтады. Үй ішінен үш газ балоны шығарылды. Абырой болғанда, жарылыстан басқа ешкім зардап шеккен жоқ. Ал өлімнен адам өмірін арашалаған аға сержант Виталий Елисов қазір Әскери институт басшылығының қолдауымен жоғары наградаға ұсынылып отыр.*
5. Мәтіннен зат есімдерді тауып, морфологиялық талдау жасаңыз.
6. Мәтіннен төл сөз бен автор сөзін тауып, төлеу сөз жасаңыз.

## **25-мәтін**

## Екі ауыр қылмыс әшкереленді

Қаланың орталығындағы әмбебап сауда базары маңынан күні бойы қаңғып жүрген екі-үш жас шамасындағы Самира есімді бүлдіршінді базар күзетшілері байқап қалып, полиция қызметкерлерін шақыртқан. Ата-анасының қарауынсыз қалған бүлдіршін қыздың мынандай күннің суығында денсаулығына қауіп-қатер келген жоқ па деген күдікпен тәртіп сақшылары өз кезегінде балалар ауруханасына жеткізген. Сол күні кешкісін жергілікті телеарнадан қыздың суретін көрсетіп, ата-анасына іздеу салынды.

Қайғылы оқиға 2011 жылдың қазан айының 13-інен 14-іне қараған түні орын алған. Арыстан отбасында жанжал шығарып, келіншегіне басқа бір әйелге үйленгісі келетінін айтады. Ұрыс-керіс кезінде ол келіншегін қылғындырып өлтіріп, мәйітін теледидардың қорабына салып, үйінің ауласына көмген. Ал қызын 15 қазан күні Оралдағы базарға тастап, өзі Ақсай қаласына тартып отырған.

Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында суреті жарияланған сәбиді таныған Зеленый ауылындағы көршілері жергілікті полициямен хабарласып, қыздың ата-анасының телефон нөмірлері анықталады. Алайда, әкесі Арыстанға хабарласқанда, ол өзінің Мәскеу қаласында жүргенін, таяуда Оралға келетінін айтып жалтарған. Ал 30 қазан күні қызын көруге келген сәтінде ол қазіргі уақытта келіншегімен бірге тұрмайтындығын және келіншегінің баланы қасақана тастап, Алматы қаласындағы өз анасына кетіп қалуы мүмкін деген жалған ақпарат береді. Бірақ, жауап алу кезінде кейбір сұрақтарға мүдіріп, күдік тудырады. Нәтижесінде, полиция қызметкерлері қайғылы оқиғаның бетін ашып, қылмыскер кінәсін мойындайды.

Облыстық ПД криминалдық полиция қызметкерлері тағы бір адам өлтіру оқиғасын әшкереледі. 2011 жылдың 28 қазанда Атырау облысының Индер ауданының тұрғыны 1968 жылы туған Абида есімді саудагер келіншек Орал қаласына келіп, «Мирлан» базарында өндірістік және азық-түлік тауарларына көтерме сауда жасаған. Кейін Ж.Досмұхамедов көшесінде орналасқан қоймаға барғанда қарақшылардың қолынан қаза болған. Облыста жыл басынан бері 9 әйел өлтіру оқиғасы тіркелсе, соның бесеуі отбасындағы жанжалдың салдарынан орын алған.

### Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз, мазмұнын баяндаңыз.
2. Мәтіннен есім сөздерді тауып, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңіз.
3. Мына сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз: *Облыстық ПД криминалдық полиция қызметкерлері тағы бір адам өлтіру оқиғасын әшкереледі. 2011 жылдың 28 қазанда Атырау облысының Индер ауданының тұрғыны 1968 жылы туған Абида есімді саудагер келіншек Орал қаласына келіп, «Мирлан» базарында өндірістік және азық-түлік тауарларына көтерме сауда жасаған. Мәтіннен ауыспалы мағынада тұрған сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріңіз.*
4. Мәтіннен есімдіктерді тауып, фонетикалық талдау жасаңыз.
5. Мәтіндегі оқиға бойынша «Қылмыстық іс қозғау туралы қаулы» толтырыңыз.

### 26-мәтін

#### Лаңкестер жазасыз қалмайды

Қазақ халқы әу бастан тыныштықты тәу еткен. Ұзақ күткен тәуелсіздігіміз де татулық пен тыныштықты, ынтымақ пен бірлікті аңсаған ата-бабалар арманы екені анық. Ендеше елдегі осы бір аяулы тыныштықты, бірлікті сақтау қазіргі ұрпақтың міндеті. Алайда, оны көпсінетін кейбіреулер заңымызға қайшы келетін шалыс қадамдарға баруда.

Солардың бірі туралы кеше Бас прокуратураның ресми өкілі Нұрдәулет Сүйіндіков хабардар етті. Оның айтуынша, үстіміздегі жылдың 31 қазанында шамамен таңғы сағат 9-дарда Атырау қаласындағы облыс әкімдігі мен прокуратура ғимараттарының жанында екі жарылыс орын алған.

Прокуратура ғимаратының жанында болған жарылыстан бір адам көз жұмды. Ол Атырау қаласының тұрғыны Бауыржан Сұлтанғалиев болып шықты. Жарылыс бойынша екі қылмыстық іс қозғалып, оны тергеу үшін жедел-тергеу тобы құрылды. 2 және 4 қараша күндері жарылысқа қатысты деген күдікпен Усабеков Мейрамбек Албекұлы, Қалқаманов Мирхат Исатайұлы және Сагенов Әлімжан Булатбекұлы ұсталды. Олар лаңкестік жасағандықтарын толық мойындады. Усабеков көрсеткен мекен-жайдан тағы екі жарылғыш қондырғылар табылып, олар саперлардың көмегімен залалсыздандырылды.

Тергеу көрсеткендей, лаңкестік топ 2009 жылы джихадтық идеялар, соның ішінде Солтүстік Кавказда қайтыс болған экстремистік үгіттеуші Саид Бурятский идеяларының әсерімен құрылғандығы анықталды. Топ мүшелері шетелге джихадқа баруды да ойластырған. Құқық қорғау органдарына қарсы әрекет ету мақсатында джихадизмді ұстанушыларды ұстап алу мүмкіндігіне жауап ретінде олар миналық жарылғыш істерін оқып үйренген. 2009 жылдың жазынан бері қылмыстық топ 5 жарылғыш қондырғы жасаған. Оған қажетті құрамды (электролит, ацетон, гидроперит, қалайы ұнтағы және селитра) Атырау қаласындағы дәріханалар мен базарлардан алған. Жасалған қондырғыны адам тұрмайтын жерлерде сынаған.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде осы топ биыл жазда Қазақстан Республикасының азаматтары Хибидолла Ринат, Мұнатов Орынбасар және Зналин Дамирмен Қазақстан Республикасының аумағында джихад бастау мақсатында құрылған «Джунд-аль-Халифат» (Халифат жауынгерлері) атты террорлық ұйымының мүшелерімен байланыс орнатқан. Аталған тұлғалардың қазіргі уақытта ауған-пәкстан шекарасында бой тасалап және халықаралық террористер жағында ұрыс қимылдарына қатысып жүргендіктерін атап өту қажет, дейді ресми өкіл.

Осы ұйымның көшбасшысы Қазақстан Республикасының азаматы Хабиболла Ринат ағымдағы жылдың 25 қазаны мен 1 қарашасында интернетте Қазақстанға бағыттап қорқыту мәлімдемесін таратып, кейін Атыраудағы терактілерге қатысты жауапкершілік алған. Атыраудағы жарылыстарға «Джунд-аль-Халифат» ұйымының қатысы барын тергеудің растайтынын хабарлаймыз, деді бұдан әрі Н. Сүйіндіков. Ұсталғандардың берген жауабы бойынша, Қазақстан аумағында, соның ішінде Атырау қаласында террорлық актілер жасау туралы нұсқаулар дәл осы ұйым мүшелерінен алынған көрінеді.

2011 жылғы қазанның соңында қылмыстық топ құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар қызметкерлерін қорқыту акцияларын өткізу жоспарын жүзеге асыра бастаған, осы мақсатта облыстық әкімдік пен прокуратура маңында жарылыстар ұйымдастыру туралы шешім қабылданған. Айта кететіні, ол жарылыстарды ұйымдастыру жоспарында адам шығындары болуы қарастырылмаған екен. Осы жоспардың негізінде 28 және 30 қазанда Сұлтанғалиевтің пәтерінде екі жарылғыш қондырғы жасалған. Қондырғыларды орнату кезінде көзге түспеу мақсатында олар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жұмысшыларының киімдерін сатып алған. 30 қазан күні кешкісін Сагенов пен Усабеков жарылыс жасалуы мүмкін жерлерге барлау жасаған.

Сөйтіп, 2011 жылғы 31 қазан күні сағат 9-дар шамасында алдын-ала бөлінген рөлдер бойынша Усабеков облыс әкімдігінің жанындағы қоқыс жәшігіне іске асырылған бомбаны салған, ал Сұлтанғалиев көше сыпырушы болып жарылғыш қондырғыны прокуратура ғимаратына апаруға тиісті болған. Алайда, прокуратура ғимаратына бара жатқанда қолдан жасалған жарылғыш қондырғыны пайдалануда қауіпсіздікті сақтамау салдарынан Сұлтанғалиевтің өзі байқаусызда жарылып, оқиға болған жерде қайтыс болды. Осылайша, қазіргі уақытта 31 қазан күні Атырау қаласында орын алған лаңкестік актілер толық ашылды, қылмыстық топтың барлық 4 мүшесі анықталып, залалсыздан-

дырылған көрінеді.

Енді «Джунд-аль-Халифат» (Халифат жауынгерлері) террорлық ұйымына байланысты құқық қорғау және арнайы органдар оның мүшелерін заңмен белгіленген жауапкершілікке тарту және олардың қылмыстық әрекеттеріне тосқауыл қою жөніндегі барлық қажетті шараларды қабылдауға кіріскен. Тергеу жұмыстары одан әрі жалғасуда.

Бас прокуратура елдегі жағдай құқық қорғау органдарының толық бақылауында екендігін, мұндай келеңсіз жәйттердің келешекте де жолы кесіліп, кінәлі тұлғалар сот алдында біздің заңдарымызға сәйкес жазаға тартылатындықтарын мәлімдейді. Жастардың Исламның негіздерін дұрыс түсінбей, біздің халқымызға жат идеологиялы діни ағымдарға ілесу салдары осындай қайғылы жағдайларға душар ететіндігін атап, азаматтарымызды қырағылық танытып, үрейге және мұндай арандатуларға бой алдырмауға, оның ішінде өз туыстары мен жақындарының радикалды құрылымдар қатарына ілесуінен сақтауға шақырамыз, дейді Бас прокуратураның ресми өкілі.

Бұған қоса соңғы күндері түрлі жарылыстар, сондай-ақ балаларды ұрлап кету мен өлтіру туралы және қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін үрейлі мән-жайлары бар бірқатар басқа да сыбыстар жайында жалған хабарлардың таратылу деректері қоғамдық толқу туғызып отырғаны белгілі. Бұл ретте, құқық қорғау органдары осы мәліметтердің барлығын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жедел теріске шығарып отырғандарын атап өткен жөн. Дегенмен, осы сыбыстар халықтың көпшілігіне ұялы байланыс, «В контакте», «Майл-агент», «Твиттер» секілді әлеуметтік желілер, сондай-ақ басқа да танымал коммуникация құралдары арқылы белсенді түрде талқыланып және жеткізіліп жатыр.

Жекелеген теріс пиғылды адамдар мән-жайды «шиеленістіре» отырып, қандай да болмасын оқиғаларды көзімен көргендерін айта бастаған, тіптен білім беру мекемелері қызметкерлерінің де негізсіз үрей туғызу фактілері орын алды. Ал шындығында мұның бәрі жауапсыз адамдардың бұзақылық әрекеттері мен балалардың әдеттегі тентектіктері болып отыр. Мысалы, ағымдағы жылдың 6 қарашасында Шымкент қаласында бір күн бұрын жұмысынан босатылған тепловоз депосының жұмысшысы Қадырбаев мас күйінде депоның диспетчеріне қоңырау шалып, бұзақылық ниетпен Машат өзені арқылы өтетін темір жол көпіріндегі жарылыс туралы хабарлаған. Алматы облысында азаматша Закирова бұзақылық ниетпен жасырын нөмірден өзінің танысына қоңырау соғып, оны Құрбан айтқа құрбандыққа шалатынын хабарлаған. Мектеп қабырғаларындағы бірқатар үрейлі жазуларды да осы мектептердің төменгі сынып оқушыларының өздері сабақты болдырмау мақсатында жазғандары анықталған. Осыған байланысты, Бас прокуратура таратылған сыбыстардың бірде-бірінің шындыққа жанаспайтынын және анық жалған ақпарат болып табылатынын жауапты түрде хабарлайды.

Қазіргі таңда құқық қорғау органдары әрбір фактіні тексеруде және жалған хабарлар таратуға және жағдайды тұрақсыздандыруға кінәлі адамдар заңмен белгіленген жауапкершілікке тартылатын болады. Осылайша еліміздің құқық қорғау органдары қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халықтың өмірі мен денсаулығына төнген қауіпті болдырмау үшін тұрақты негізде түбегейлі шаралар қабылдап отыр.

#### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз, мазмұнын баяндаңыз.
2. Мәтіндегі деректер бойынша лаңкестік әрекеттердің туындауы туралы ойыңызды білдіріңіз.
3. Мәтіндегі тірек сөздерді табыңыз.
4. Мәтіннен туынды етістіктерді тауып, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңіз.
5. Мына сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз: *Қазіргі таңда құқық қорғау органдары әрбір фактіні тексеруде және жалған хабарлар таратуға және жағдайды тұрақсыздандыруға кінәлі адамдар заңмен белгіленген*

*жауапкершілікке тартылатын болады. Осылайша еліміздің құқық қорғау органдары қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халықтың өмірі мен денсаулығына төнген қауіпті болдырмау үшін тұрақты негізде түбегейлі шаралар қабылдап отыр.*

6. Мәтіннен зат есімдерді тауып, фонетикалық талдау жасаңыз.
7. Мәтіндегі оқиға бойынша «Қылмыстық іс қозғау туралы қаулы» толтырыңыз.

## 27-мәтін

### Жол апатына жүргізуші ғана кінәлі емес

Көлік қозғалысы және жол қатынастары мен қауіпсіздігі мәселелеріне қатысты жайттар бойынша қолданыстағы заңға толықтырулар мен түзетулер енгізу – уақыт талабы. Көлік және коммуникация министрлігі жолаушы тасымалдаушы мекемелер мен олардың қызметкерлеріне қатаң талап қойып, заң жүзінде оның жұмысын күшейтуді қолға алмақ. Осы бағыттағы жұмыстар жуырда Парламент қарауында жатқан көлік мәселелеріне қатысты толықтырулар мен түзетулер енгізуді көздейтін заң жобасы қабылданған соң жүзеге асады деп күтілуде.

«Қалааралық және облысаралық жолаушылар тасымалын лицензиялау керек», – дейді мамандар. Мұндай шара көлік қызметінің тұтынушылар мүддесін қорғауға және ақша үшін адамның тағдырына да селқос қарайтын тасымалдаушылардың жолына тосқауыл қойып, білікті жүргізушілерді қабылдауға, қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Енді жолаушылар көлігінің руліне кім-көрінгеннің отыруына қатаң тыйым салынбақ. Ұсынылғалы отырған заң жобасына сәйкес, жүргізушілік қызметке еңбек өтілі бар (оның бір жылы жүк көлігінде) жүргізушілер алынуы тиіс. Сондай-ақ, аталған жобада олардың еңбек және демалыс кестесін қаншалықты сақтайтынын бақылау үшін автобустарға сандық тахографтар енгізу жағы да қарастырылып отыр.

Шымкент-Алматы бағытында қатынайтын 300-ден астам жолаушылар көлігі бір тәуліктің өзінде 10 мың жолаушыға қызмет көрсетеді екен. Осы рейстердің 60 пайызын арнайы жүру кестесі белгіленбеген коммерциялық рейстер жүзеге асырады. Жуырда ғана жүргізілген тексеру нәтижесі 23 апатты жағдайдағы тұрақты бар екенін анықтапты. Сондықтан, Шымкент, Тараз және Алматы, әсіресе, Оңтүстік Қазақстан облысы министрліктің назарына іліккен. Соңғы 4-5 жылдың ішінде мемлекеттік автобустардың билет бағасы аспандап кетті. Отыратын орыннан бөлек «жүк ақысы» деген болады, ол да билеттің бағасы секілді жолдың ұзақтығы мен жүктің көлеміне қарай өседі. Сондықтан да көпшілік мемлекеттіктен гөрі жекеменшік автобустармен жүруді дұрыс деп санайды. Ал, олар жолаушының өміріне қаншалықты жауап бермек?

Қазір еліміздегі әрбір бесінші автобус жүргізушісі жол ережесін бұзатын көрінеді. Алматыда жолаушылар тасымалдайтын 13 мыңға жуық автобус болса, оның 70 пайызының техникалық сапасы сын көтермейді. Халық тығыз орналасқан қала көшелерінде осындай техникалық күйі дұдамал автобустар еш алаңсыз жүйткіп жүр. Өткен маусым айында жол полициясының қызметкерлері «Автобус» сауықтыру шарасының аясында 60 шақырым аймақты қамтитын автобус бағыттары бойынша 366 тексеру жүргізіп, 531 нормативті-құқықтық акт талаптарын бұзу әрекеттерін анықтады. Елімізде қоғамдық көлік жүргізушілерінің кесірінен жылына шамамен 370 жол-көлік оқиғаларынан 60 адам мерт болып, 500-і дене жарақаттарын алады екен. Жол ережесін бұзса, айыппұлын өтеп жұмысын жалғастыра береді. Оның бір себебі – жолаушы тасымалымен айналысатын мекемелерге лицензия алу міндеттелмейді. Ал, бүгінгі таңда апаттың алдын алу үшін көлік бақылаушылары үш жыл бұрын күшін жойған осы талапты қолға алуға мүдделі.

Жол бойындағы құрылыстарды салу, реконструкциялау, жайластыру және күтіп ұстау мәселелерін дұрыс жүйеге келтіру қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әбден қажет. Соңғы кезде жергілікті атқарушы органдар тарапынан жол құрылымын басқаратын мекемелердің келісімінсіз автомобиль жолдарының шекарасынан әртүрлі құрылыс жайларын салуды көбейткен. Сондай құрылыс ғимараттары да жол апатын туғызып, көліктердің қозғалу аумағын тарылтқан. Одан қалса, халықтың жол бойы белгілері мен металл қоршауларды, белгілер орнатылатын бағандарды ұрлауы да тыйылар емес. Жол бойында инженерлік құрылыстар салу мәселесіне де жете көңіл бөлінбеген. Жол құрылысын жүргізетін тиісті мекемелердегі құрылыс автокөліктері де әбден тозған, көпшілігі істен шығаруды қажет етеді. Облысаралық және қалаарлық бағытта жолаушылар таситын көліктер жөн-жосықсыз көбейді, көпшілігі техникалық байқаудан өтпеген, міндетті сақтандыру туралы куәліктері жоқ. Олардың дені бейберекет автотұрақтар жасап, жолаушыларды белгіленбеген жерлерден мінгізіп-түсіре береді. Техникалық қауіпсіздік талаптарына сай автопарктер саусақпен санарлық. Алыс жолға шығатын кейбір автобустың ішіндегі жанармайдың күлімсі иісі жолаушылардың еркін тыныстауына мүмкіндік бермейді. Автобус индустриясының «атасына» айналған ескі автобустар салдыр-гүлдір етіп жүйкеңді тоздырса, қыстыгүні есік-терезелерінен азынаған жел қалтыратып-дірілдетеді. Оған жолдың кедір-бұдырлығын тағы қосып қойыңыз. Қоғамдық көліктерде шылым шегуге қарсы заңды қаперіне алмайтын жүргізушілер өздері қалтылдап әрең отырған жолаушыларды көк түтінге орап тастайды. Бұл жағдай кейбір мемлекет қарауындағы көліктерге де тән. Тасымалдаудың осындай жабайы түрі облыстардағы көлік бақылау басқармалары тарапынан жеткілікті деңгейде бақылауға алынбауда. Қалай десек те, қалааралық және облысаралық автобустардың техникалық жағдайы мен жүргізушілердің тәжірибесіздігінен жол апаты жыл санап емес, күннен-күнге көбейіп барады. Биылғы жылы елімізде бұрын-соңды болмаған оқиғалар орын алып жатыр. Соның салдарынан жыл басынан бері Қазақстан тас- жолдарында 785 адам қаза болып, 4300 адам ауыр жарақат алыпты. Олардың арасында ішімдікке сылқия тойып алып көліктің құлағында ойнайтын «каскадер» жүргізушілер де бар. Шымкент қаласындағы жолаушылар тасымалдайтын көліктердің қатысуымен 2012 жылдың соңғы жеті ай көлемінде 62 жол апаты болып, 15 адам көз жұмып, 122 адам әртүрлі ауыр дене жарақатын алған. Жалпы, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда, 36 пайызға өсіп отыр. Бар болғаны 6 күннің ішінде Шу, Меркі және Мойынқұм аудандарында қоғамдық көлікпен ереже бұзған 49 жүргізушіге, оның 32-сі қырғыз ағайындарға әкімшілік шара қолданылған. Бұлардың барлығы да сақтық шарасын біржола естен шығарғандар. Осы күнде Алматы тұрғындары да автобуска отырудан қорқып, отырса опак, тұрса сопақтың күйін кешуде. Ақтөбенің Алға қаласында ішіп алған жүргізушіні 40 оқушыны мінгізіп жол бойында құйындатып келе жатқан жерінен жол сақшылары тоқтатып алса, арақтан сілтеп, рөлге отырған тағы бір жауапсызды Жамбыл облысында ұстаған еді. Бұл автобустың ішінде де бақандай 50-ден аса жолаушы келе жатыпты. Ал, Алматы-Ташкент тасжолының 339-шақырымында соңғы 10 жылда болмаған қайғылы оқиға болып, 21 адам жантәсілім етсе, 23 адам ауыр халде ауруханаға жеткізілген. Олардың арасында 5 жастағы бүлдіршін де бар. Өртеніп кеткен темір автобустың сау тамтығы қалмаған. Алматы-Ташкент арасындағы тасжол талай жылдан бері жолаушылар мен жүргізушілердің өміріне қауіп төндіріп келеді. Бірақ, оған ешкімнің басы қатып, балтыры сыздамаған еді. Сәуір айының соңына дейін осы жерде орын алған 5 жол апатынан екі күннің ішінде 11 адам көз жұмып, 15-і жарақат алыпты. Осы оқиғаның алдында ғана Омбы-Майқапшағай тасжолында 62 жолаушы мінген автобус жүк көлігімен соқтығысып, бір адам қаза болып, 16 адам ауыр жарақаттанды.

Мұндай жағдайда бір ғана жүргізушіні кінәлай берудің негізі жоқ шығар. Жолаушылардың дені Жамбыл облысының аумағына келгенде екі көлік әрең сиятын тасжолмен жүрудің қиындығын айтатын көрінеді. Ол жолмен күніне қаншама ауыр жүк көліктері, автобустар, жеңіл көліктер жүреді? Әлде, жол басқармасы бұл жолды тек жеңіл

көліктерге ғана арнап салдырған ба? Тіпті, ойлы-қырлы шұқырлардан автобус түгілі, адам жүре алмайды. Әйтеуір, жолдың кем-кетігін түзеп, шұқылаңдап жүрген әлдебіреулерді байқайсың, алайда, олардың жасаған жолы көп кешікпей екі есе шұқырлана бастайды.

Себебі, жұмысын тезірек бітіруге асығатындар мен бөлінген қаржыны қалтаға қымқырғандардың «арқасында» жамалған жолдардың құйған қарамайы, төсеген асфальті тиісті дәрежеде сіңірілмегендіктен, көлік доңғалағына жабыса ұшқан тас қарсы келе жатқан көлік терезесіне оқша қадалып жатады. Мұндай ой-шұқыры көп, жамалған, әр жерін бір шұқып жөндегенсымақ етіп қойған жолдарды тек Жамбыл облысынан ғана емес, республикамыздың өзге өңірлерінен де кездестіруге болады.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтіннің қай стилде жазылғанын анықтаңыз.
2. Мәтіндегі тырнақшаның қойылуын түсіндіріңіз.
3. Мәтіндегі есімдіктерге морфологиялық талдау жасаңыз.
4. Мәтіннен сын есімдерді тауып, мағыналық түрлерін анықтаңыз.
5. Мәтіннің соңғы азаатжолына синтаксистік талдау жасаңыз.

### **28-мәтін**

#### **Бақылау жасалды**

Ішкі істер министрлігі кәмелетке толмаған жастарға түн мезгілінде көше кезуіне тыйым салатын заң жобасын әзірлеп, Парламент Мәжілісіне өткізді. Бұл туралы Ішкі істер министрлігіндегі Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы Мұрат Қабденов мәлімдеді. Полиция тарапынан көтеріліп отырған бұл мәселені алдымен жасөспірімдердің қауіпсіздігіне бағытталған деп түсіну керек. Құқық қорғау органдарының мәліметтеріне қарағанда қылмыстың 80 пайызы кешкі, түн мезгілінде жасалады екен. Биылғы жылдың өзінде екі мың бала әртүрлі қылмыстардың құрбаны болған. Отыз жеткіншекке зорлық көрсетілген, 80 балаға қарақшылық шабуыл жасалып, 700-ден астамы тоналған. Оң мен солын әлі ажырататын жасқа жетпеген, қараусыз, түні бойы көше кезіп, еркін жүрген жасөспірімдердің біреулердің жетегіне еріп, бұзақылық жолға түсуі де оңай. Сондықтан ымырт жабылғаннан кейін балалардың үйде отырғаны дұрыс деп есептейді полицейлер.

- Парламент Мәжілісінде қазір қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша заң жобасы қаралып жатыр, - дейді Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы Мұрат Қабденов, - соның ішінде, сағат 23.00-ден 06.00-ге дейінгі түнгі уақыттарда тұрғынжайлардан тыс жерлерде, қасында занды өкілдері жоқ, өз бетімен жалғыз жүрген кәмелетке толмаған жастарды әкімшілік жауапқа тартуды бекіту туралы ұсыныс бар. Бұл жобаның мақсаты - кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандығын қорғаудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ тәрбиелеу барысындағы жазалау шараларын өзгерту болып табылады. Жасөспірімді жазалағаннан гөрі оның мінез-құлқына әсер етіп, тәрбиелеу шараларын жүргізген дұрыс деп санаймыз.

Америка, Канада, Еуропа елдерінде жасөспірімдерді тәрбиелеуге бағытталған, солардың денсаулығы, қауіпсіздігі үшін қойылған шектеулер бар. Жасы мүшелден аспаған балаларды түн тұрмақ күндіз көзден таса қылмайды. Америкада жасы 21-ге толмаған жастарға арақ, темекі сатылмайды, тіпті казинодан ұтқан ақшасын бермейді. Сондықтан жастар ондай жерге бармайды да. Ішкі істер министрлігі көтерген мәселені республикада көптеген ата-аналар қолдап отыр.

Оның жөні бар. Жазғы каникул кездерінде жасөспірімдер күндіз ұйықтап, түнде серуенге шығуды әдетке айналдырады. Үйдің маңынан алысқа кетпегенмен түн

қараңғылығын пайдаланып ішімдік ішуге, темекі, есірткіге үйір болады. Ересектер баратын көңіл көтеру орындарын көруге ынтығады. Сондықтан қандай ата-ана болмасын «түнгі сағат 11-ден кейін жасөспірімдердің үйде болғаны дұрыс» деп санайды.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз.
2. Мәтіннің стилін анықтаңыз.
3. Ерін үндестігіне қатысы бар он сөзді көшіріп жазып, оларға морфологиялық талдау жасаңыз.
4. Мәтіндегі соңғы азатжолға синтаксистік талдау жасаңыз.
5. Мәтіннен заң терминдерін көшіріп жазып, сөйлем құраңыз

## **29-мәтін**

### **Интернет арқылы жасалған қылмыс**

Алматы қаласында интернет арқылы алаяқтық жасап 275 млн теңгені (1,9 миллион доллар) жекеменшік фирмалардың бірінен **аударып алған** 24-26 жастағы қыз бен жігіт ұсталды, деп хабарлады Ішкі істер министрлігінен полковник Олег Ивашенко. «Алена» мен «Алексей» миллиондарды ұрлауға алдын ала жан-жақты дайындалған. Бөтен біреудің 2 млн-ға жуық **долларын** иемдену үшін бұлар интернетті пайдаланған. Жекеменшік жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің **электрондық қолы бар файлын ұрлап алып, интернет** арқылы фирманың есепшотындағы 275 млн теңгені өздерінің банктегі есепшотына аударып алған. Бірақ алаяқтар ақшаны қажеттеріне жаратуға үлгермей, қолға түсті. Тергеу барысында олардың **қалай жұмыс істегені толықтай анықталды.**

Полковник Олег Ивашенконың айтуынша, сәуір айында Алена есепшот ашатын клиент ретінде әлгі фирманың офисіне келеді. Өзінің құжаттарын қағазға басып шығару үшін офистегі компьютерлердің бірін сұрайды. Сөйтіп, өзімен алып келген флеш-картасындағы арнайы жасалған бағдарламаны әлгі компьютерге енгізіп кеткен. Соның көмегімен бұлар серверге кіруге мүмкіндік алып, **компанияның қоржынындағы** қаражатты үйінде отырып иемденіп алыпты. «Қазір ірі көлемде жасалған алаяқтық фактісіне қатысты бұлар Қылмыстық кодекстің 24-бабы, 3-бөлігі және 177-бабы, 3-бөлігі, «б» тармағымен айыпталып, қамауға алынды», дейді Олег Ивашенко.

Ішкі істер министрлігі баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, осы айдың басында өткен «Контрафакт» жедел-профилактикалық шаралары барысында, **ақпараттық** технология саласында 469 қылмыс ашылып, 36 қылмыстық іс қозғалған. Олардың 402-сі контрафакт тарату, зиян келтіретін арнайы бағдарлама таратудың 8 фактісі анықталған. Жалпы, соңғы кездерде **ақпараттық технологияны** пайдаланып, интернет арқылы біреулердің қалтасына түсетіндер көбейді. Жақында Мәскеуде интернет-пирамида құрған алаяқ ұсталды. Ол сол жерде отырып-ақ Қазақстандағы, ТМД елдеріндегі аңқауларды азғырып, солар арқылы миллиондаған ақша тапқан. Ал 1 маусым күні ресейліктер тағы бір тың, бұрын болмаған қылмыстың түрін әшкереледі. Миы жақсы істейтін бір мәскеулік қосалқы сайт ашу арқылы **антиквариат коллекционерлеріне** арналған интернет-аукционға мүлде жоқ антиквариат заттарды шығарып, төменгі бағамен сатпақшы болған. Бірақ Ресей милициясында одан да ақылды қызметкерлер табылып, алаяқты қолға



түсірген.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, оның қай стильде жазылғанын анықтаңыз.
2. Мәтіндегі терминдік мәні бар сөздерді тауып, олардың мағынасын түсіндіріңіз.
3. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңіз.
4. Қарамен терілен сөздердің сөйлемнің қай мүшесі ретінде жұмсалып тұрғанын айтыңыз.
5. Мәтіннің алғашқы екі сөйлеміне синтаксистік талдау жасаңыз.

### **30-мәтін**

#### **Барымташылар қолға түсті**

Таяу күндері Семей қалалық ішкі істер басқармасына қала маңындағы Иртышский кентінің бір тұрғынынан телефон арқылы шағым түседі. Айтуынша, оның бір түнде екі бірдей жылқысы қолды болған.

Осыдан кейін оқиға болған жерге жедел түрде қала маңы полиция бөлімінің қызметкерлері аттанады. Ұрланған малдың ізіне түсу үшін тәртіп сақшылары иісшіл иттің көмегіне жүгінеді. Бірақ одан пәлендей нәтиже болмаған. Қалалық ішкі істер басқармасы баспасөз қызметінің жетекшісі Елубек Оспановтың айтуынша, сол күні далада нөсер жаңбыр жауғандықтан, итке жылқының ізін анықтау қиынға соққан. Сол себепті полицейлер ұрланған малдың ізіне түсу үшін Ертісті жағалай отырып, барлау жасайды.

Жылқының ізі бір жерде тайға таңба басқандай көрінсе, енді бір жерде мүлде жоғалып кетіп отырған. Осылайша қолды болған малдың іздері тәртіп сақшыларын қалаға дейін алып келеді. Полицейлер енді қала ішін тексере бастайды. Ақыры сол із қала маңы полицейлерін Шығыс кентінен бір-ақ шығарады. Түс ауа олар жан-жағы түгелдей жабық лашықта қамауда тұрған жылқылардың үстінен түседі. Үй иесі болса, малдарды бір танысы уақытша қамай тұруды сұрағанын жеткізген. «Полицейлер ол жерді бірнеше сағат бойы торуылдады. Нәтижесінде, сол қылмысқа қатысы бар деген төрт бірдей күдіктіні қолға түсірді. Олардың біреуі кәмелет жасына толмаған жасөспірім екені анықталды», – деді Елубек Оспанов.

Қазір осы іске қатысты қылмыстық істің қозғалу-қозғалмауы жөнінде шешім шығарылып, тергеу амалдары жүріп жатыр.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз.
2. Баяндауыштардың етістіктің қай шағынан жасалғанын айтыңыз. Олар мәтінге қай стильдің көрінісі беріп тұр.
3. Мәтіннен зат есімдерді атап, морфологиялық талдау жасаңыз.
4. Ілгерінді, кейінді ықпалдардың әсерін көрсетіңіз.
5. *Жүгіну, барлау жасау, үстінен түсу* етістіктерінің мағынасын түсіндіріп, бірнеше сөйлем құрастырыңыз.

### **31-мәтін**

#### **Ең бақытты күн**

(үзінді)

Көзін ашса таң әлі атпапты. Түндік тырсылдайды. Ық жақтағы боталы қоңыр інген жауыннан мазасы кетіп ыңырсиді береді. Осы оң жақ үзікті бір қалт еткенде жамап алатын. Шұрқ-шұрқ. Жауын жауса-ақ тамшы ағады. Астындағы текеметтің шеті дымданып қалыпты.

Атасы байғұс әлі қайратты. Демін қарашы. Өзінің дәу қара көрігіндей гүс-гүс етеді. Анау пысылдап ұйықтап жатқан енесі. Шүйкедей боп шалының жастығының қасына қисая салыпты. Ғұмыры ел құсап салған төсекке жатқанды білмейді. Түннің бір уағына дейін ұршық созып отырады да, әбден ұйқы мендеген соң құлай кетеді. Шалының жанына барып та жатпайды. Я жастығының маңында, я аяқ жағында бүрісіп томпыып жатқаны. Таң ағарар-ағармастан тұрады. Қара құманын ұстап, үй сыртында әлденелерді айтып күбірлеп жүргені. Сосын үйге кіріп қолын қайта шайып, қараша інгеннің бауырына барады. Кішкентай жатаған інгеннің бауырынан жаулығы ағарандап біразға дейін інгенімен жарыса күңіреніп тұрады. Сосын сыбдырсыз үйге кіреді. Одан кейін де қыбыр-қыбыр... Не істеп, не қойып жүргенін адам білмейді.

- Ене, жата беріңіз, мен тұрайын, - деген Торғынды:

- Жата бер, қалқам! Жұмысқа дейін бір ұйықтап оян, - деп қозғалтпайды.

Енесінің оянбағанына қарағанда таңның әлі алыс болғаны. Тағы аунап түсті. Ұйқысы құрғыр қайда кеткен. Кеше кештен бері көңілінде бір күбің бар... Мына жауынның ашылатын түрі жоқ. Су шағыр орақ дарытпай сорлатады ғой енді. Таң атқанша күн ашылмаса ертең жұмыс болар дейсің бе? Көмейіне шоқ құйылғырдың қақылдауын-ай! «Қақиық», «қақиық», «қақиық!» Жылап шақырып тұр ма, күліп шақырып тұр ма? Осы үйдің үзігіне қонған-ау! «Қақиық», «қақиық», «қақиық!» Мынау күліп шақырып тұр ғой. Басыла қалды. Ұшып кетті. Байғыздың күліп шақырғанын жақсылыққа жорып жатушы еді. Дәулеттен көптен бері хат жоқ. Әлгі бұжыр Сағит почтаға барып жүр дейсің бе? Почта торыны әкесінен қалған малдай Қызылтамның желкесіндегі жұлгеге тұсап жіберіп, бес-алты ешкісін кіш-кіштеп жүрген шығар. Елдің екі көзінің төрт болғанын не қылсын...

Қанша тың дегенмен, атасын да үлкендік жеңіп жүр. Тағы да бастығырылып жатыр. Кемпірі оянып кетті. «Шал-ай!», «Әй... шал...» «Уһ...», «уһ...» Алқынып қалыпты. Бәрі шаршағанның қырсығы. Шаршамай қайтсын, күні-түні тық-тық. Сексеуіл сап қара балға мен қара шалда мігір жоқ. Бұл күнде жөні тузу темір табыла ма, өңшең бір тот басқан ит жегір. Шағыр шап бергенде күрт-күрт сынып жатқаны. Орақ құтаймайды.

Қазан-аяқ жақ сылдырлады. Енесі тұрыпты. «Ишшеке-ай!» Көйлекшең шыққаны несі? Иығына жадағайын іліп шықса қайтеді екен? Есік сарт ете қалды. Торғын жастығына түсіп қалған жаулығын түзеп тартты.

- Келің менің кебісімді көрмедің бе?

- Кебеженің астында.

Енесі кебісін киіп қайта шығып кетті.

- Түу, қыл арқаны құрғыр су тисе өйістіп сіресіп қалады енді.

- Ене, тұра тұрыңыз, мен ашайын. Жауын басылып па?

- Жата бер. Сәл сіркіреп тұр.

Су түндік көне шаңырақтың кулдіреуіштерін сықырлата ауыр серпілді. Күлгін аспанның бір үзігі қылт етті. Таңның да атып қалғаны-ау. Салқын ауа төсекке лап қойды. Көрпесін қымтанып алды.

(Ә.Кекілбайұлы)

### Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Әңгімені оқыңыз, мазмұнын баяндаңыз.

2. Мәтіннен көркем әдебиет стиліне тән белгілерді көрсетіңіз.
3. Құрмалас сөйлемдерді көшіріп жазып, талдаңыз.
4. Демеуліктерді тауып, олардың атқарып тұрған қызметін айтыңыз.
5. Етістіктен болған баяндауыштарға морфологиялық талдау жасаңдар.

### 32-мәтін

#### Абай Құнанбайұлының бесінші қарасөзі

Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады. Қазақтар: «Ә, құдай, жас баладай қайғысыз қыла гөр!» деп тілек тілегенін өзім көрдім. Онысы - жас баладан гөрі өзі есті кісі болып, ескермес нәрсесі жоқсып, қайғылы кісі болғансығаны. Қайғысы не десең, мақалдарынан танырсың: әуелі - «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Өзінде жоқ болса, әкең де жат», «Мал - адамның бауыр еті», «Малдының беті - жарық, малсыздың беті - шарық», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Берген перде бұзар», «Алаған қолым - берген», «Мал тапқан ердің жазығы жоқ», «Байдан үмітсіз - құдайдан үмітсіз», «Қарның ашса, қаралы үйге шап», «Қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без» деген осындай сөздері көп, есепсіз толып жатыр. Бұл мақалдардан не шықты? Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, мал үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап алмақ яки мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен.

Бұлардың жас баланың ақылынан несі артық? Бірақ, жас бала қызыл ошақтан қорқушы еді, бұлар тозақтан да қорықпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен. Сол ма артылғаны? Қолымыздағыны үлестіріп талатпасақ, біз де өзіндей болмасак, безеді екен. Издеген еліміз сол ма?

#### Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Абай Құнанбайұлының бесінші қарасөзін оқып, мазмұнын түсіндіріңіз.
2. Мәтіндегі тыныс белгілерінің көйылуын анықтаңыз.
3. Мәтіннен мақал-мәтелдерді көшіріп жазып, мағынасын түсіндіріңіз.
4. Мәтіннен толымды, толымсыз сөйлемдерді тауып, синтаксистік талдау жасаңыз.
5. Мәтіннен зат есімдерді тауып, морфологиялық талдау жасаңыз.

### 33-мәтін

#### Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы

Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,  
Жиса да, бай болмапты, қанша малды ап.  
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,  
Былжырақ көрінеді солар даңдақ.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,  
 Ол - ақынның білімсіз бишарасы.  
 Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,  
 Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.  
 Әуелі хаят, хәдис - сөздің басы,  
 Қосарлы **бәйітмысал** келді арасы.  
 Қисынымен қызықты болмаса сөз,  
 Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы.  
 Мешіттің **құтпа** оқыған ғұламасы,  
 Мүнәжәт уәлилердің зар наласы.  
 Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,  
 Әрбірі келгенінше өз шамасы.  
 Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,  
 Сонда да солардың бар таңдамасы.  
 Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
 Қазақтың келістірер қай баласы?  
 Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,  
 Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.  
 Ақындары ақылсыз, надан келіп,  
 Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.  
 Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,  
 Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.  
 Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,  
 Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.  
 Мал үшін **тілін безеп**, жанып жалдап,  
 Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.  
 Жат елде қайыршылық қылып жүріп,  
 Өз елін бай деп мақтар құдай қарғап.

Ескі бише отырман бос мақалдап,  
 Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.  
 Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,  
 Сендерге де келейін енді аяндап.  
 Батырды айтсам ел шауып алған талап,  
 Қызды айтсам, қызықты айтсам  
 қыздырмалап,  
 Әншейін күн өткізбек әңгімеге  
 Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.  
 Ақыл сөзге ынтасыз, жұрт шабандап,  
 Көнгенім-ақ соған деп жұр табандап.  
**Кісімсінген** жеп кетер білімсіз көп,  
 Жіберсем, өкпелеме, көп жамандап.  
 Амалдап қарағайды талға жалғап,  
 Әркім жүр алар жердің **ебін** қамдап.  
 Мақтан қуған, малқұмар нені ұға алсын,  
 Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап.  
 Мал жиып арамдықпен ұрлап-қарлап,  
**Қусың** десе, қуанып жүр алшандап.  
 Қақса-соқса бір пайда түсе ме деп,  
 Елдің байын еліртіп **«жау мұңдалап»**.  
 Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап -  
 Бұларды керек қылмас ешкім қалап.  
**Терең ой, терең ғылым** іздемейді,  
 Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

#### Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Өлеңді мәнерлеп оқып, поэтикалық сипатын анықтаңыз.
2. Өлеңнің көркемдік құрылысын талдаңыз. Өлеңнің дыбыс үндестігін, ритм құрайтын амалдарын атаңыз.
3. Морфологиялық принцип бойынша жасалған сөздерді табыңыз.
4. Қарамен жазылған сөздердің ауыспалы мағынада жұмсалыу себебін айтыңыз.
5. Өлеңнен тұрақты тіркестерді тауып, мағынасын ашыңыз.

#### 34-мәтін

- Менің бабам Имаш мың да тоғыз жүз он бірінші жылы тоқсан екі жасында дүние салған. Орта бойлы, орақ мұрын, **от жанарлы** сол **шымыр** шалдың төртінші перзенті - менің әкем Момыналы екен. Оны жұрт Момыш деп кеткен. Әжемнің аты Қызтумас еді. Қартайғанда сары кемпір атанған. Жарықтық, аса ажарлы, ақ дидарлы кісі екен. Ондай ару ол кезде ел арасында некен-саяқ. «Ұл біткеннің бәрі қазанның түп күйесіндей әкесіне тартып қара болды, қыз жағы өзіме тартып **аққұбаша** ажарлы шықты» деп отыратын еді, жарықтық. Әжем өзінің ұлдарына өңшең аққұбаша аруларды **айттыруға** ынтық болған. Соның кесірінен менің әкем Момыш отыз үш жасына дейін салт басты, сабау қамшылы жүріпті. Әжем оған:

- Әй, қара құл, мен құдайдан саған ай көрікті ақ перизат жолықтырғай деп тілеймін. Тым болмаса, немерелерімді жиіркенбей сүйейін, - дейді екен. Бірде көрші ауылда үлкен той өтіпті. Той ойын-сауықсыз болған ба? Үлкен киіз үйдің ішінде жігіттер мен қыздар айтысып жатса керек. Той дегенде қу бас та домалайды. Кемпір-сампырлармен ілесіп менің Қызтумас әжем де келген екен. Кәрі құлағы елең етіп, киіз үйден шыққан айтыс әнін естіп қалады.

Біздің ауыл Мыңбұлақ басын ала,  
Басындағы орамал жасыл ала.  
Көңілің бізде болса, а құдаша,  
Біразырақ отыршы қасыңа ала.

Қыздың даусы жайдары естілсе де, **жалтара жауап қатып** отыр екен. Кәдімгі бас қосқан жердегі бастама өлеңнен ұзай қоймапты. Дегенмен сөз арасында «жақсы жігіт» дегенді жиілете берсе керек. Қызтумас әжем оны да сезіпті.

Қарашаға, ендеше, қарашаға,  
Кисе киім жарасар аласаға.  
Бас қосыппыз бұл тойда, жақсы жігіт,  
Өлең айтсақ болмай ма тамашаға.

Бірақ жігіт жағы алғашқы екпінінен танбай ынтық көңілін ұсына беріпті:

Мыңбұлақтың сулары сылдырайды,  
Сұлу қыздың **бұрымы** бұлдырайды.  
Құдаша деп сыртыңнан құмартушы ем,  
Ескергейсің ендігі біздің жайды.

«Құдашасына сонша өзеуреп отырған кім екен», - деп әжем есіктен сығалап қараса:

Қара батыр, құдаша, қара батыр,  
**Жау қайырап** жасқанбай дара батыр.  
Тәңір айдап өзіңмен бас қосыппыз  
Осы кесе сіз жаққа бара жатыр, -

деп өлеңмен бір бойжеткен қара қызға аяқты бұрып тұрған өз Момышы екен. Әжем сонда ұлына айғай салып:

- Өзің қазанның түп күйесіндейсің, күйеге күйе жұқса - не болмақ, құдайым-ау! - деп баласын үйден қуып шығыпты. Анасының айтқанын ішінен ұнатпаса да, әкем оның ырқына көнеді екен. Баласына қанша ұрсып, қатал болса да, әжем менің әкемді жақсы көріп, мақтан тұтып:

- Бұл қара құлдың түрі маған тартпаса да, ақылдылығы тартты, соған да құдайға шүкір, деп отырар еді. Әкем содан айтыс қуып, әндетіп жүре-жүре отыз үш жасында Байтана руынан Әбдірахманның Рәзия атты қызына үйленіпті. Ол менің шешем еді. Ол кісі мен үш жасқа толар-толмаста қайтыс болған. Анамның қандай кісі болғанын тек әжем мен әкемнің әңгімелерінен ғана білемін. Қайран әжем өле-өлгенше Рәзия келінінің қазасына қайғырып өтті. Мезгіл-мезгіл тоқаш қуырып, ас пісіріп, келінінің әруағына бағыштап **құран оқытар** еді.

Жатқан жерің жаннат болсын, маңдайыма сыймай кеткен періштем Рәзия, - деп өзінен-өзі отырып, көзіне жас алып қайғыратын. Сөйтіп, Рәзиядан қалған немерелерінің басынан сипап, **маңдайымыздан сүйетін...**

(Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» үзінді)

**Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, мазмұнын түсіндіріңіз.
2. Көркем әдебиет стиліне тән белгілерді атаңыз.
3. Диалог сөздерді көшіріп жазып, олардың қай стильге жататынын айтыңыз.
4. Қарамен терілген сөздердің маңынасын түсіндіріңіз.
5. Осы сөздерді морфологиялық сипатына қарай талдаңыз.

### 35-мәтін

#### Адамзаттың ұрпағы

Дәл осы көшеменен кім жүреді,  
Он жылдар, жүз жыл өтер, кім біледі.  
Оны тек сол шақтағы күн біледі!  
Оны тек сол кездегі түн біледі.  
Бұлардың уақытпен бір жүрегі.  
Кім салқындап отырар мына бақта?  
Ойын-сауық ана жақ, мына жақта.  
Сонда қалай?  
Осы бақ орынында,  
Адамдар алма-кезек құламақ па!?

Талай тарлан жақсыдан тірі адастым.  
Мен сенен мәңгілікті сұрамаспын.  
Не айтам саған, табиғат, адамдарға,  
Қимадың ғой өмірін бір ағаштың.  
Адам байғұс жер бетін жасандырып,  
Жасамайды өзіңе асау қылық,  
Тек ескерткіш орнатар өздеріне,  
Тау-тасты тыным алмай қашап жүріп.  
Талай нөсер төгілер, болар жасын,  
Алапат күн әйтеуір жол алмасын.  
Мына нұрлы өмірге тірек болған,  
Адамзаттың ұрпағы жоғалмасын!

(М.Мақатаев)

#### Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Өлеңді оқып, поэтикалық сипатын анықтаңыз.
2. Өлеңнің көркемдік құрылысын талдаңыз. Өлеңнің дыбыс үндестігін, ритм құрайтын амалдарды атаңыз.
3. Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңіз.
4. Мәтіннен қос сөздерді тауып, жасалу жолын түсіндіріңіз.
5. «Адам және қоғам» тақырыбында қысқаша әңгіме құрастырыңыз.

### 36-мәтін

#### Суицид

Суицид (лат.: sui caedere — өзін өлтіру) – адамның өзіне-өзінің қиянат жасап, өз өмірін қиюы. Суицид деген термин XVII ғасырда пайда болған, бірақ XVIII ғасырдың ортасына дейін бұл ұғым қоғамда кеңінен пайдаланылған емес. Тек XX ғасырдың басында адамдардың өз-өзіне қол жұмсауының етек алуына байланысты ғылымда «суицидология» атты дербес зерттеу саласы қалыптасты.

Қазақстандағы суицид саны жалпыәлемдік стандартпен салыстырғанда, өте жоғары деңгейде. Қазір әлемнің барлық елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да суицид пен нашакорлық проблемасы маңызды мәселеге айналып отыр. Себебі бұлар адам санын азайтатындықтан, мемлекетті моральдық және экономикалық жағынан шығынға ұшыратып отыр.

Қазіргі кезде Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының дерегі бойынша Қазақстан азаматтарының өз өмірлерін қиюы бойынша әлемде **үшінші орынды** алады. Ал осыдан үш жыл бұрынғы деректер бойынша Қазақстан бесінші орында болған. Ол кезде

орта есеппен 100 000 адамға шаққандағы суицид жасаушылардың саны 30 адамды құраған.

Жалпы әлемде жыл сайын шамамен миллионға жуық адам өз-өзіне қол салып көз жұмады. Олардың 8 мыңы – қазақстандықтар, яғни республикада әр сағат сайын бір адам өз еркімен өмірмен қош айтысып жатады. Ғалымдардың айтуынша суицидтің үш түрі бар:

**1. Шынайы суицид.** Оған барған адам өмірден түңіледі, үнемі көңілсіз болып жүреді, өлгісі келеді. Нақтырақ айтқанда өмірдің мәнін жоғалтады.

**2. Жариялық суицид.** Өзін-өзі өлтіргісі келгендердің көбі өлместен бұрын өзгелердің назарын өзіне аударғысы келеді (мысалы, біреумен ренжіссе, қолына суық қару алып, болмаса арқан, жіп ала жүгіріп, «өлем» деуі).

**3. Жасырын суицид.** Бұл түрінде адам өз-өзін өлтіру жақсы іс еместігін түсінеді, бірақ қиындықтан шығар шара, жол жоқ болып көрінгендіктен, өлімге апаратын істерге бас тігеді (мысалы, нашакорлық, алкоголизм т.б.). «Өз-өзіне қол салу – түсініспеушілік пен жалғыздықтан туындайтын проблема. Әрдайым адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасында түсініспеушілік орын алып жатса, ата-ана баласын түсіне алмаса, күйеуі әйелін түсінбесе немесе керісінше дегендей, жақын жандардың бір-бірін түсінбеуі осындай қайғылы оқиғаларға алып келеді», – деп Қазақстан психоаналитиктер ассоциациясының президенті Анна Құдиярова айтып кеткен.

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының мамандары адамдардың өз өміріне қол жұмсауына себеп болатын мынадай факторларды көрсетеді: 1,2 % – денсаулығының нашарлығынан; 3 % – қаражат қиындығынан; 1,4 % – өмір сүрудің ауырлығынан; 6 % – құмарлықтан; 18 % – отбасы келіспеушілігінен; 18 % – рухани дерттен; 19 % – жазасын өтеуден жалтару мақсатында осындай қатерлі қадамға барады екен. Ал өзін-өзі өлтіру фактілерінің 41 %-ы неден болатыны белгісіз күйде қалып отыр.

Қазақстан Республикасы Конституциясының I бөлімі 1 бабында көрсетілгендей, «Мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі», ендеше сол қымбат қазынаны көзіміздің қарашығындай етіп қорғау әрбір азаматтың алдындағы, сондай-ақ жалпы қоғамның алдында тұрған өзекті мәселе.

**Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (ҚК-тің 102-бабы).** Қылмыстың мәні-қорқыту, қатыгездікпен қару немесе жәбірленушінің адамдық қасиетін кемсіту жолымен тұлғаны өзін-өзі өлтіруге немесе өзін-өзі өлтіруге қастандық жасауға жеткізуде. Қылмыстың объективті жағы-қорқыту, қатыгездікпен қарау немесе жәбірленушінің адамдық қасиетін ұдайы кемсіту жолымен тұлғаны өзін-өзі өлтіруге немесе өзін-өзі өлтіруге қастандық жасауға жеткізумен сипатталады. Сондықтан да, қорқыту сипаты барынша әр түрлі болуы мүмкін деп айтуға болады: күш қолданумен, бостандығын шектеумен немесе бостандығынан айырумен, тіршілік ету құралына айырумен және т.б.

Жәбірленушіге қатыгездікпен қарау, оны ұрып-соғудан, азаптау, денеге жарақат салудан, оны тамақтан, үй-жайдан айыру, бостандығын шектеуден ж.т.б. көрінеді. Жәбірленушінің адамдық қасиетін ұдайы кемсіту, кінәлының жәбірленушімен екі жүзділік қарым-қатынаста болуы: оның жеке басын кемсіту, оның кемшіліктерін келеке қылу, оны басыну, оны масқаралайтын мәліметтер тарату ж.т.б. жағдайларда орын алады. Сонымен қатар мұндай фактілер біреу емес, ұдайы, яғни екі реттен көп болуы тиіс. Жоғарыда аталған әрекеттер әрекет жасау жолымен, сондай-ақ әрекетсіздік жолымен де жасалуы мүмкін. Жәбірленушінің өзін-өзі өлтіруі немесе өзін-өзі өлтіруге қастандық жасауы осы қылмыстың объективті жағының міндетті белгісі болып табылады. Кінәлының мінез-құлқы мен аталған зардаптың арасында себептік байланыс анықталуға тиіс.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, тарауларға бөліп, мазмұнын айтыңыз.

2. Мәтін қай стильде жазылғанын айтыңыз.
3. Мәтіннің алғашқы азатжолына синтаксистік талдау жасаңыз.
4. Мәтіннен заң терминдерін тауып, мағынасын түсіндіріңіз.
5. «Суицидтің» шығуы туралы өз пікіріңізді білдіріңіз.
6. Мәтіннен шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді тауып, синтаксистік талдау жасаңыз.

### 37-мәтін

#### Өзіне өзі қол жұмсау сыры неде?

Елбасы Жолдауында балалардың ойдағыдай білім алуы, жасөспірімдердің дұрыс тәрбиеленуі жөнінде үнемі үзбей қамқорлық жасау керектігі айтылып келеді. Дегенмен, қазіргі күні кәмелетке толмағандар арасында жиі орын алып, көпшілікті алаңдатып отырған жайлар да жоқ емес. Соның бірі кеше Бас прокурор Асхат Дауылбаевтың төрағалық етуімен өткен Бас прокуратура алқасының кезекті мәжілісінде айтылды. Онда кәмелетке толмағандар арасында өзіне өзі қол жұмсаудың алдын алу және оларды болдырмау бағытында атқарылған жұмыстардың жай-күйі сараланды.

Адамның өз өзіне қол жұмсауы жақсылық емес. Ал жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсауы тіптен төзгісіз жағдай. Сондықтан бұл мәселенің алқа мәжілісінің күн тәртібіне шығарылуы оның аса маңыздылығында болып отыр. Өйткені, соңғы жылдары жасөспірімдер арасындағы өзіне өзі қол жұмсау белең алды. Бұған Бас прокуратура осыдан бірнеше жыл бұрын назар аударып, тексеру нәтижесінде алаңдаушылық тудыратын деректерді анықтаған болатын. Дегенмен, кейінгі жасалған талдаудың нәтижесі орын алған мәселенің осы уақытқа дейін өз шешімін таппағанын, тіпті оның одан әрі ушыға түскенін көрсетіп берді. Бұл неліктен?

Оның себебі кәмелетке толмағандар арасындағы өзіне өзі қол жұмсаудың алдын алуда уәкілетті органдардың атқарған жұмыстарының жеткіліксіздігі болып отыр. Өзіне өзі қол жұмсауға негізінен отбасындағы, мектептегі және достарының ортасындағы қарым-қатынастар себепші болуда. Ал өз еркімен өмірін қиған немесе оны жасауға талпынғандардың ақыл-ойын зерделеу бұл балалардың басым көпшілігінің психологиялық тұрғыдан дендерінің сау екендігін көрсетті. Демек, кінәлі тиісті мемлекеттік уәкілетті органдардың жауапты шенеуніктері болып отыр. Соған орай аталған алқада мәселенің күрделі сипат алғандығы ескеріле отырып, тексеру барысында анықталған заң бұзушылықтар және олардың туындауына әсер еткен себептер бойынша Үкіметке осы жағдайларға сәйкес ұсыныс енгізу жөнінде шешім қабылданды.

Мәселен, Ішкі істер министрлігіне кәмелетке толмағандармен жұмыс жөніндегі құрылымдық бөлімшелер жұмысының сапасын жандандыру үшін тиімді шараларды қабылдау, кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстарды, сондай-ақ өзіне-өзі қол жұмсау жағдайларын тергеумен айналысатын арнайы ювеналды бөлімшелер құру тапсырылды. Ал Білім және ғылым министрлігіне білікті маман психологтарды тарту, оқушылардың мектептен тыс тәрбиесін жандандыру және олардың бос уақытын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, оларға өмір шындығын нақты тұрғыда бағалау, теріс әсер ететін қысымдарға қарсы тұру қабілеттерін қалыптастыру міндеті жүктелді.

Сондай-ақ, Денсаулық сақтау министрлігіне жан күйзеліс жағдайында жүрген және өзіне-өзі қол жұмсауға бейім адамдарға көмек көрсететін мамандандырылған суицидологиялық қызметтер ашу мәселесін шешу ұсынылды. Кәмелетке толмағандарға қарсы күш қолданудың салдарынан дене жарақаттарын алғандығы жөнінде шағымдар түскен ретте дер кезінде құқық қорғау органдарын хабардар ету міндеті жүктелген заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету тапсырылды. Жасөспірімдер арасындағы өзіне



өзі қол жұмсауды насихаттау интернет жүйесінде ашық жүргізілетінін, ал осындай сайттарға кіру деңгейі айтарлықтай жоғары екенін ескере отырып, алқа Байланыс және ақпарат министрлігіне мұндай интернет көздерінің қызметіне шектеу орнату және белгілі бір жас санатындағы балалардың енуіне рұқсат бермеу немесе қызмет көрсетудің ерекше тәртібін орнату мәселесін қарастыруды ұсынды.

Бұдан кейін Бас прокурор облыс прокурорларына мектеп оқушыларын бопсалау деректері бойынша қозғалған істерді зерттеу үшін тиісті шаралар қабылдауды, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізуі бойынша қозғалған қылмыстық істердің тергелуіне тікелей бақылау жасауды жүктеді. Талқылаудың нәтижесінде алқа мәжілісі кәмелетке толмағандардың арасындағы өзіне-өзі қол жұмсауға бейім мінез-құлық профилактикасының жаңа әдістерін, кешенді алдын алу шараларын қабылдау, уәкілетті органдар мен жұртшылықтың арасындағы өзара іс-қимыл белсенділігін арттыруды қарастыратын балалардың арасындағы өзіне өзі қол жұмсаудың алдын алуға арналған мемлекеттік бағдарламаны дайындаудың және қабылдаудың қажеттілігін атап көрсетті.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз.
2. Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы өзіне-өзі қол жұмсаудың көбею салдары туралы түсінік беріңіз.
3. Мәтіннің жазылу стилін анықтаңыз.
4. Мәтіннен жай сөйлемдерді тауып, түрлерін анықтаңыз.
5. Мәтіннің алғашқы азат жолына синтаксистік талдау жасаңыз.

### **38-мәтін**

#### **Қасиет**

Адамдардың өзіне тән бір қасиет-ғұрпы бар:  
Оның аты - адамшылық, жақсылыққа ынтызар.  
Сын сағатта бір-біріне шапағаты тисе егер  
Жайраң қағып, жанарына жаймашуақ нұр тұнар  
Осы ғұрпы талай өмір биігіне шықты алып,  
Сондықтан да адам оның шын қадірін ұқты анық  
Адамзаттың осынау абзал қасиеті ежелден  
Тіршілікті сұм ажалдан келе жатыр құтқарып.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Өлеңді мәнерлеп оқып, поэтикалық сипатын анықтаңыз.
2. Өлеңнің көркем әдебиет стиліне жататындығын белгілері бойынша анықтаңыз.
3. Өлеңнің көркемдік құрылысын талдаңыз. Өлеңнің дыбыс үндестігін, ритм құрайтын амалдарын атаңыз.
4. Жақсылық туралы мақал-мәтелдер жазыңыз.
5. Өлеңнен зат есімдеді тауып, мағынасын ашыңыз.

### 39-мәтін

#### Түнде атылған оқ депутаттың өмірін жалмады

Облыс аумағында үлгілі ауыл саналатын Новосельское тұрғындары қатыгез қарақшылық шабуылдың куәсі болды. Түнде атылған оқ Ақмола облыстық мәслихатының депутаты, жергілікті «Клименко 1» ЖШС директоры Александр Клименконың өмірін қиып кетті.

Атбасар ауданының прокуроры Қайырбек Омаровтан тергеу амалдарының алғашқы нәтижелері туралы төмендегідей дерек алдық: «Александр Давыдович аудан орталығынан зайыбы Татьяна Анатольевнамен бірге үйіне түнгі он екілер шамасында оралған, – дейді ол. Әйелін есік алдында түсірген директор қалыптасқан әдетімен ауылды аралап шығуға кетеді. Осы кезде жантүршігерлік оқиға орын алған. Ерлі-зайыптылар коттедждерін үптеп жүрген ұрыларды үркітіп жіберсе керек. Бетперделі екі қарақшы табалдырықтан аттаған әйелді ұрып-соғып, байлап тастайды. Қылмыскерлер көзге түсіп тұрған алтын бұйымдарына тиіспегеніне қарағанда, тек қана ақша іздегені байқалады. Есесіне оның мылтығын табады. Қылмыскерлер үйіне алаңсыз кірген отағасын кеудеден атып өлтірген. Әйелінің айтуынша, одан кейін, ештеңе болмағандай, тағы да ақша іздеуін жалғастырған. Сөйтіп үй иелерінің «Мазда» көлігімен ізін жасырған. Кейін анықталғанындай, ұрылар ЖШС кеңсесіне де түскені белгілі болды.

– Облыстық мәслихаттың депутаттығына екі рет сайланған абыройлы азамат жуырда маған келіп, 3 шілде күні атап өтілетін 60 жылдық тойына шақыру қағазын тапсырған еді. Ал, бүгін, сәрсенбі күні оны жерлеп отырмыз, – дейді Атбасар ауданының әкімі Руслан Әубәкіров. Еңбек жолын өз ауылында құрылыс учаскесінің жұмысшысы болып бастаған ол осы елді ұйыстырып тұрған абыройлы басшы дәрежесіне көтерілді. Өндірісті нөлдік циклмен қайта жаңғыртты. Ауыл клубын, спорт кешенін, балалар бақшасын салып, атқарушы органның балансына өткізді. Бокс мектебі жұмыс істеп тұр. Белсенді өмір салтын ұстанған Александр Давыдовичтің қайғылы қазасы баршамызға батады.

Қазір қанды оқиғаға қатысты ҚР ҚК 96-бабының 2-бөлімімен қылмыстық іс қозғалып, арнайы тергеу тобы жұмыс істеуде.

#### Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз.
2. Мәтіннен салалас құрмалас сөйлемдерді тауып, синтаксистік талдау жасаңыз.
3. Мәтіннен шылау сөздерді табыңыз.
4. Мәтінде баяндалған оқиға бойынша «Қылмыстық іс қозғау туралы» қаулы толтырыңыз.
5. Сын есімдерді тауып, морфологиялық талдау жасаңыз.

### 40-мәтін

#### Қас батырға қадалған оқ немесе айбынды сақшы жайлы бірер сөз.

Ерлікті адам баласы батыр болайын, орден алайын деген мақсатта жасамайды. Ерлік ерік-жігерден тыс бір күшпен, рухпен жасалады. II дәрежелі «Айбын» орденінің иегері, полиция капитаны Тұрар Артықбаев осындай пікірді өмірлік ұстанымына айналдырған. Сондықтан болар, 2009 жылдың 11 желтоқсанында көзсіз ерлік жасауға нендей күш, нендей кудірет итермеледі, алі күнге оны өзі де деп басып айтып бере

алмайды.

Оқиғаны басынан бастасақ, 2009 жылдың 11 желтоқсанында Шымкент қаласы Еңбекші аудандық ІІБ-не азаматша Виктория Варепбаевадан шағым келіп түседі. Шағымданушының баяндауынша, Илья Ким деген қала тұрғыны оны қорқытып, тіпті қыздың өмірін қимақ болып жүрген көрінеді. Елуді еңсерген «Дон Жуанымыз» қызға бұдан бұрын өз сезімін білдіріп көрген екен. Оңайлықпен келісім ала алмаған ол сонда да қайтпай, үш жыл бойы қыздың қыр соңынан қалмай қояды. Тіпті болмаған соң, ғашығын елтіретінін айтып, қоқан-лоқы жасай бастаған. Жас қыздан дәмелі қылмыскер сол күні қаладағы Жеңіс саябағына жақын орналасқан №12 мектептің қасынан кешкі сағат 7-лерде кездесу белгілейді. Уәделі уақытта учаскелік полиция инспекторы, аға лейтенант Тұрар Мамбетұлы бойжеткенді қорғауға бірге еріп келеді. Елу жасында есірікке шалдығып, есі кеткен қылмыскер бес қаруын сайлап келсе керек. Қолдан жасалған шолақ мылтықтан қыздың кеуде тұсын нысанаға алып оқ атады, атқанда деп атады. Алайда, аға лейтенант Тұрар Мамбетұлы оқтан да жедел қимылдап, қызды кеудесімен қорғап қалады. Сөйтіп, ішіне оқ тиіп, ауыр жараланаған батыр жігіт бойжеткеннің өмірін осылай аман сақтап қалады. Ал екінші атқан оғы далаға кеткен қылмыскер оқиға орнынан қарасын батырады. Жәбірленуші қыз дереу жедел жәрдем шақырып, «112» нөмірі арқылы облыстық ПД ЖБО-ға да хабарлайды. Аға лейтенант Тұрар Мамбетұлы №2 қалалық аурухананың жансақтау бөліміне «атыс қаруынан ішіне жарақат алу» анықтамасымен түсіп, денесінен сегіз бытыра оғы алынады. Содан бір жыл бойы ем қабылдауға мәжбүр болады. Қаншама ауыр операцияларды басынан өткереді. Полиция қызметкерінің өміріне қауіп төндірген қылмысты ашу мақсатында ПД ішінен арнайы топ құрылды. Сол күні тәртіп сақшылары қаладан шыққан және кіргендерді қатаңбақылауға алған. Қылмыстың ашылуына бір тәулік уақыт кетеді. Еңбекші аудандық ІІБ ПБ жедел уәкілдері 24 сағаттан соң күдіктіні ұстайды. Ол қала тұрғыны, 1959 жылы туған жұмыссыз болып шықты. Үстінен ҚР ҚК-нің 24-96-бабымен қылмыстық іс қозғалды. Қазіргі таңда қылмыскер сотталған, жаза мерзімін етеуде. Ал көзсіз ерлігі еленген Тұрар Мамбетұлы Елбасының 2010 жылдың 7 желтоқсанындағы №34462 Жарлығымен ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды.

Бүгінде Шымкент қаласына қарасты Еңбекші аудандық ІІБ учаскелік полиция қатарында қызмет атқарып жүрген Ақтөбе заң колледжінің түлегі Тұрар Мамбетұлы - полиция отбасынан шыққан. Талғар қаласында дүниеге келген ол полиция қатарында 2004 жылдан бері қызмет атқарып келеді.

Қазір құрметті демалыста жүрген әкесі Мамбет Артықбаев ұзақ жылдар бойы учаскелік полиция қызметінде болған. Небәрі 23 жасында батылдық танытып, омырауына орден таққан жігіттің осынша көзсіз ерлік көрсетуіне ұлағатты әке тәрбиесі сеп болса керек. Әкесі мен аға жолын жалғастырған Ернар қазір Ақтөбедегі ІІМ заң колледжін тәмамдап, сол облыста полиция лейтенанты шенін алды. Әңгіме барысында аңғарғанымыз, Тұрар өзін айтарлықтай ерлік жасадым деп ойламайды. «Ең бірінші, адам өмірін сақтауға ғана себепші болдым» деп санайды.

«Полиция қызметкері атанып, ант бергеннен кейін қызметіне адал қарау керек». Бұл - Тұрар Артықбаевтың тұжырымы. Еліміз үшін аянбай еңбек етіп, халқына жақын жүретін адал маман екенін сөзбен емес, ісімен дәлелдеген азаматтың тұжырымын біз де іштей мақұлдадық.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз.
2. Мәтіннен меңгеріле, матаса байланысқан тіркестерді табыңыз.
3. Мәтінің соңғы азатжолына синтаксистік талдау жасаңыз.
4. Сабақтас құрмалас сөйлемді тауып, синтаксистік талдау жасаңыз.
5. Есімдіктерді тауып, мағыналық түрлерін анықтаңыз.

### Жол полициясының тарихы

Қазіргі Жол полициясының қызмет ету аясы 1878 жылы полиция қызметкерлері міндеттеріне кірген. Оларға жолдардың жағдайы, көпірлер, өтпелдер, жас азаматтарды уақытында дұрыс жолға қою, телеграф жүйелерінің бөлінбестіктеріне, қыс мезгілінде өзендер, көлдер мен алқаптардан өту қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сонымен бірге белгілер мен жолдың шетінде отырғызылған ағаштардың тұтастығына қарау, ресми өкімі берілген, олардың бұзылғандығы байқалса дереу Становтық Приставка жеткізілген.

Октябрь революциясынан кейін, анығырақ айтқанда 1918 жылдан бастап жол қазғалысына бақылау жасау, жұмыс-шаруа милицияларымен жүргізілген. «Москва қаласы мен оның маңайы бойынша автоқозғалыс туралы» 1920 жылы 10 шілдеде бірінші нормаға сәйкес құжат шыққан. 1922 жылы 22 қарашада «Жезлды қолдану тәртібі бойынша постағы милиционер нұсқаулығы» бекітілген. Оның ұстайтын жері сары түсі қызыл, оларды «автовеломашиналары мен экипаждарды тоқтату» жағдайларында қолданған.

Мемлекеттік автомобиль инспекциясын құру Орталық жол-көлік басқармасы шешімімен 1934 жылы қарашада қабылданды. Автоинспекция 1936 жылдың 3 наурызына дейін ведомствалық орган болды. Сол күннен бастап МАИ жұмыс-шаруа милициясы Бас басқармасы құрамына кірді. Ал 1936 жылы 3 шілдеде КСРО ХКК МАИ туралы қаулы қабылдады. Тарих бойынша бұл күнді МАИ туған күні деп санауға болады. Егеменді Қазақстанда Мемавтоинспекциясы туралы бірінші қағида 1992 жылы 23 қарашада Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Қаулысымен бекітілген. Нақ осы күн Қазақстан Республикасы МАИ туған күні болып саналады.

1996 жылы қаңтардың 3-де Мемлекеттік автоинспекциясының атауы Жол полициясы болып ауыстырылды. Бұл жай ғана атауын өзгерту емес, жұмыс негізі де өзгертілді. Қазіргі жол полициясының алдыңғы деңгейдегі тапсырмасы қоғамдық тәртіпті, қылмыспен күресу, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып азаматтарды қылмыстық қастандықтан, қорғау міндеті болып табылады. Бүгінгі күні жол полициясы қызметкерлерінің жұмысы осыдан 20 жыл бұрынғы жұмыстардан сапалығымен айрықшаланады: адамдар өзгерді, олардың қарым-қатынастары да өзгерді. Қазіргі кезде инспектор тек қана жол қозғалысы ережесін жетік білуден басқа, сонымен бірге заңдар жиынтығын, психология негіздерін, қазіргі техниканы, оның ішінде компьютер, және тағы басқаны білуге міндетті.

Осы кезде қызметтің аты оның, қазіргі бейімделуіне сәйкестендірілген деп айтуға болады. Құқықтық тәртіпті қорғау мен қылмыспен күресу бойынша қызмет, жолдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жол полициясы қызметін жылжытып қоймағандығы туралы куәландырады.

Жол полициясы тарихы жылнамасының арасына өз беттерін қосқан, Ұлы Отан соғысы ардагерлері: Григорий Васильевич Упырь, Саут Жамбаевич Жамбаев, Зоя Федоровна Чернова, Иван Ефимович Калюжный.

Өмірде ерлік үшін әрқашан орын бар. Біздің тыныштық заманымызда, Қарағанды қаласындағы «Қант орталығы» ЖШС 1998 жылы қарашаның 11 жұлдызында, қарқшылық шабул жасаған қарулы қылмыскерлерді тұтқынға алу кезінде, жол полициясы инспекторы полиция старшинасы Рүстем Рафикович Мәжітов (қайтыс болғаннан кейін 3 дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды) қаза болды. Тұтқынға алуға қатысқан жол полициясы инспекторы Виталий Ондасынович Сатанов («Ерлігі үшін» медальмен марапатталды) қазіргі кезде өз қызметін жалғастыруда. Маңғыстау облысының «Рубеж» бақылау бекетіне 07.06.01 жылы 03.30 сағ. шамасында жол полициясы инспекторына, камуфляж формасын киген екі белгісіз адам шабул жасаған. Нәтижесінде олар оның табельдік қаруын тартып алып, Маңғыстау облысы ІІБ ЖП ЖР инспекторы полиция кіші сержені (ішкі істер органдарында бір жыл ғана қызмет атқарған) 1978 жылы 22 тамызда дүниеге келген Қалды-

бай Байрамқұлович Батырхановты атып өлтірген. 2001 жылдың 7-ші маусымда 06.45 сағ. «Сирена» жоспарын енгізу қорытындылары бойынша, Ақтау қаласы 4 мөлтек ауданына карама-қарсы жерде қылмыскерлер ұсталды. 2005 жылы Астана қаласында жол полициясы қызметкері қызметтік міндетін атқаруда қаза болды. Қайғылы оқиға 18 қыркүйекте 13-ші Магистраль көшесінің учаскесінде болды. 12 сағ.20 минуттар шамасында жол полициясы жеке арнайы батальонының аға инспекторы полиция капитаны Марғұлан Қонаев апат жағдайын туғызған «Фольксваген-Пассат» автомашинасын тоқтатуға әрекет жасаған, ол жаяу жүргіншілер өтпесінен өтіп бара жатқан баланы қаға жаздады. Жүргізуші полицейлердің тоқтау талабына ескермеушілік танытты. Осы жағдайдан кейін, полицейлер тәртіп бұзушыны қуып жетіп, оның автомобильді тоқтатуына тағы бір әрекет жасады: М.Қонаев машинадан түсіп «Фольксваген» жүргізушісіне тоқтау сигналын берді. Бірақ жүргізуші автомобильді меңгере алмай полиция қызметкерін қағып кетті. ЖКО қортындысында аға инспектор Қонаев өмірмен үйлеспейтін, дене жарақаттарын алып, жол көлік оқиғасы болған жерде мерт болды. «Фольксваген» жүргізушісі мен салонындағы автомашинаның иесі ұсталды және УҚИ орналастырылған. Сараптаманың қорытындысы бойынша жүргізуші алкогольді мас күйінде болған. 2005 жылдың 12 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президентінің №1682 Жарлығымен Астана қаласы ПД ЖПБ ЖПЖАБ аға инспекторы Марғұлан Амангельдинович Қонаев (қайтыс болғаннан кейін) 2 дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды.

#### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз.
2. Мәтіннің стилін анықтаңыз.
3. Қысқарған сөздерді табыңыз.
4. Мәтіннің бірінші азатжолындағы сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз.
5. Мәтіннен меңгеріле байланысқан тіркестерді табыңыз.

#### **42-мәтін**

#### **Ізкесушілер**

Ізкесуші - өз тағдырын күрделі қиындықтармен байланыстырған, денсаулығын аямай, адал, қылмысқа қарсы тұра білетін жан. Іздеуде жүрген қылмыскерлерді құрықтаумен айналысатын жүрек жұтқан жігіттердің жұмысында жұмбақ жайттар көп. Бірақ қызметіне адал азаматтар оның қыр-сырын айтпайды. Себебі, «астыртын атқарылатын іздеу жұмыстары елге жария болса қауіпті қылмыскерді қолға түсіре алмаймыз», - дейді олар. Көшеде келе жатып адамдардың бет-пішініне карап-ақ, оның қандай ниетте екенін айыра білу де ізкесушілердің шеберлігін, біліктілігін танытады. Сондықтан осы саладағы қырағы қызметкер айыпты азаматты алыстан оның «иісінен-ақ» тануы тиіс дейтін қағида да бар. «Күдікті құрықталғанша ізкесушінің күндіз күлкіге, түнде ұйқыға мұршасы болмауы тиіс» деген талап жауап-кершілікті еселей түседі.

Елімізде, оның ішінде Оңтүстікте жырдан-жылға қылмыс-керлердің қатары артып, түрмеге тоғытылғандар саны көбейіп бара жатқаны белгілі. Әсіресе, бозбалалар арнайы топ құрып, қылмысқа араласуға мейлінше құмар. «Олар міндетті түрде суық қарумен жарактанады», - дейді ОҚО ПД-і ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Бақтияр Есжанов. Әрине, жан-жақты қамданған, байланысы мықты кәсіби қылмыскерлерді тұзақтау екінің бірінің қолынан келмейді. Соған карамастан биыл ұйымдасқан қылмыстық топтарды құрықтауда ізкесушілер белсенді жұмыс атқарыпты. Мәселен, өткен жылдың осы мерзімінде бірнеше жазықсыз жанның қанын мойнына жүктеп, қоғамға едәуір залал келтірген 12 қылмыскер ұсталса, биыл 14-ке көбейіпті. Оның біреуі облысқа, тіпті республикаға танымал қылмыс әлемінің «атаманы».

Тағы бірі Оңтүстіктегі қылмыстық ортаны «уысында ұстаушы». Қалғандары бұзақылықтың бел ортасында қолын қандап жүргендер. Қылмыскерлерден әртүрлі маркадағы 5 тапанша, бірнеше пышақ 44 патрон және 308 келі марихуана теркіленген. Ұсталғандардың 11-і Қылмыстық кодекстің «адам өлтіру», «есірткі тасымалы», «қару және жарылғыш заттарды заңсыз тасымалдау және өткізу», «бұзақылық», «қорқытып, күш көрсетіп мүлікті тартып алу» және «өзінше билік жасау» бойынша көрсетілген баптарымен сот алдында жауап берген. 70 пайызға жуығы бұрын сотты болып, есепте тұрғандар екен. Бүгінгі таңда тағы осындай 3 азамат іздеуде жүр.

Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасы жедел ізкесушілерінің жанқиярлық еңбегінің арқасында жыл басынан бері бірнеше қылмыстық іс ашылған. Айталық, ақпан айында Шымкент қаласының қақ ортасындағы екі көпқабатты үйдің ортасында қарулы топ бір азаматты атып кетеді. Суық қарумен оқиға орнына жедел жеткен басқарманың мамандандырылған «Арлан» арнайы тобының сарбаздарына да оқ жаудырады. «Ол маңда балалы аналар мен жасөспірімдер жүргендіктен біздің жігіттер қауіпті топқа оқ ата алмады. Соған карамастан сарбаздардың ерекше дайындығының арқасында өздері де жараланбастан қылмыскерлерді құрықтады», - дейді басқарма басшысы.

Сақшылар бұдан бөлек, 24 жастағы жігітті ұрлап әкетіп, оның анасынан 500 мың теңге талап еткен қылмыстық топты да ұстады. Жұмыстың қиындығы сол, іздестіру шаралары 53 күнге созылған. Сондай-ақ, өзбекстандық жас қыздарды осында алып келіп, саудалаумен айналысқан бірнеше «жеңгетай» да бүгінде темір торда отыр.

Бір кездері «үй, жер немесе банкіден үлкен көлемде несие алып беремін» деп көптеген азаматты сан соқтырып алаяқтық әрекеттермен айналысқан топ та ұзаққа бармапты. Қазір оларға тергеу амалдары жүріп жатыр. Құрықталғандардың қатарында бірнеше мәрте автокөлік және мал ұрлығымен айналысқан топтар да бар. Мәселен, 7 адамнан құралған бір топ 7 мәрте қарақшылық әрекет, 14 рет мал ұрлығы мен тапалтүсте тонау қылмыстарын жасапты. «Қазір ұйымдасқан қылмыстық топтардың басым бөлігі қорқытып алу, тонау, алаяқтық, ірі кәсіпорындарға ұрлыққа түсу әрекеттерін жиі жасайды. Олар өздерімен бірге үнемі суық қару алып жүреді», - дейді Б. Есжанов бізбен әңгімесінде.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз.
2. Мәтіннің стилін анықтаңыз.
3. Соңғы азатжолдағы сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз.
4. Біріңғай мүшелерді табыңыз.
5. Мәтіннен аралас құрмалас сөйлемді табыңыз.

### **43-мәтін**

#### **Өмірі өнеге болар ардақты жан**

Сержан Оразұлы Тұрсынбеков біраз жылдар Оңтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер департаменті кадр тәрбие жұмысында Ішкі істер органдарына білікті мамандарды қабылдауда көп еңбек сіңірді.

Ол кісімен сұхбаттасқанда кадр мәселесі жөнінде әңгіме өрбітті, «Ішкі істер органдарына төзімі нығайған, өзіндік көзқарасы бар азаматтар қабылданғаны дұрыс. Кадр мәселесі қай салада болмасын, ең өзекті мәселе болып отыр. Әсіресе, қоғамда қылмыс көбейген сайын, сол қылмысты ашатын мамандарға да қойылар талап күшеюде. Ішкі істер

органдарына жұмысқа қабылданатын азаматтардың әскер қатарында қызмет еткен және де еңбек ұжымының жолдамасымен келген болса тіптен жақсы. Өйткені, өмірді білмей келген жас үміткер бұл саланың талаптарына шыдай алмай кетіп жатады. Ал осы жолды таңдағанына өкінбейтін, ыстығына күйіп, суығына тонатын жас мамандар әрі қарай пісіп жетіле береді», дейді отставкадағы полковник.

«Менің ойымша, бүгінгі күннің тәртіп сақшысы ең алдымен жоғары білімді, мәдениетті, жан-жақты, әр нәрсеге байыппен қарап, артын болжай білетін көреген, кең ауқымды түсінігі мол, саяси сауатты бола білуі аса қажет. Маманнан жан-жақты біліктілік талап етіледі. Сондай-ақ тәртіп сақшысына психологиялық дайындық пен сезімталдық та артықтық етпейді. Мәселен, қызмет барысында азаматтардан жаныңды жаралайтын жаман сөздер естуің, не болмаса тосын жағдайға душар болуың мүмкін. Осындай жағдайда сабырлылық таныта білу қажет. Ал егер сабырлылық таныта алмай, ашуға салса, онда ол қызметкер өрескел әрекет жасап, заңсыздыққа баруы мүмкін. Мұндай жағдайда, «бір құмалақ бір қарын майды ірітеді» дегендей, бір полиция қызметкерінің қылығы, бүкіл Ішкі істер органына күйе жағады. Сондықтан кадр қызметінің басты жұмысы да – Ішкі істер органына қызметке қабылдау кезінде қырағылық танытып, мамандарды дұрыс іріктей білу болып табылады», дейді тәжірибелі маман.

Салауатты өмір салтын насихаттайтын іс-шараларды өткізу Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың көздеген бағытының бірі болып табылады. Бұл бағытты Оңтүстік Қазақстан облысының ПД қызметкерлері де берік ұстанған.

ОҚО ПД бастығы полиция генерал майоры С. Досымовтың бұйрығымен «Динамо» Дене шынықтыру спорт қоғамы қоғамдық бірлестігінің Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары етіп Сержан Оразұлы Тұрсынбеков тағайындалды. Осылайша ол полиция саласында салауатты өмір салтын насихаттау мен қызметкерлердің спорт шеберліктерін арттыруға ықпал етуде. Ол өз сөзінде: «Спорт - полиция қызметкерін рухани тұрғыдан да, күш-әлеуеті жағынан да шыңдайды. Бұл, әсіресе құқық қорғау органдары қызметкерлеріне аса қажет қасиет», - дейді.

Өзі де бала кезінен бокспен, футболмен және спорттың т.б. түрлерімен айналысқан. «Динамо» спорт кешенінде дене шынықтыру сабағы және қызметкерлер арасында футбол ойыны бойынша жарыстар ұдайы өткізіліп тұрады. Құқыққорғау қызметкерлері жұмыстан тыс уақытта жаттығып, шымыр атануға, қорғанысқа қажетті тәсілдерге машықтау үшін барлық жағдайлар жасалған. барлық жағдай жасалған. «Салауаттылық – саулық кепілі, ал саулық – байлық негізі». Сол себепті Оңтүстіктің полиция қызметкерлері қызмет пен спортты қатар тізгіндеген.

Сержан Оразұлы әскери борышын сонау Қиыр Шығыста қорғаған екен. Мектеп кезінен спорттың бокс түрімен айналысқан бозбала әскерде де спорттық ротаға түсіп, өзінің қоғамдық жұмысқа араласуының арқасында взвод командирі болады. Сонда жүріп комсомол ұйымының мүшесі атанады. Сондай-ақ, жастайынан «Айгөлек» би ансамблінің бишісі ретінде танылған Сержанды сол кездегі «Достық» ансамблімен бірге Польшаға баруға ұсыныс түседі. Комсомол ұйымының мүшесі ретінде оған үлкен өндіріс орындарына комсомол ұйымының төрағасы қызметіне шақырады. Ішкі істер органдарында 1983 жылдан бері қызмет етіп, осы салада 20 жылға жуық уақыт жұмыс атқарады. Оның ішінде он жылға жуық Еңбекші аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары қызметін атқарды. Содан кейін ОҚО ПД Кадр жұмысы бастығының орынбасары болып жұмыс істейді. ОҚО мемлекеттік Тергеу комитеті бастығының орынбасары, ОҚО ПД Кадр жұмысы бастығы, 2001-2006 жылдар арасында ОҚО ПД бастығының орынбасары қызметін атқарады. 2007-2008 жылдар арасында ОҚО ПД бастығының кеңесшісі, сондай-ақ, ОҚО ПД Ардагерлер кеңесінің төрағасы секілді әртүрлі басшылық қызметтерде болған. Жоғары білімді, инженер-техник, саясаткер-оқытушы, заңгер секілді үш түрлі мамандықтың иесі.

Қазіргі таңда «Динамо» ДШҚ ҚБ Оңтүстік Қазақстан облысындағы филиалы төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарады. Оған дейін Сержан Оразұлы

Облыстық Туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының бастығы болып жұмыс атқарған.

Бүгінде отставкадағы полиция полковнигі, Ішкі істер органдарының құрметті ардагері. КСРО бокстан спорт шеберіне үміткер, Қазақстан ардагерлер арасындағы футболдың жеңімпазы, спорт шебері.

Бір ұл, екі қыз өсіріп отырған өнегелі әке, асқар таудай ата. Балаларының бәрі жоғары білімді. Көп жылдар басшылық қызмет атқарып, әлі де болса жастарға берері мол азаматтың өмірінен өнеге аларлықтай.

#### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз.
2. Мәтіннен қиыса байланысқан сөз тіркестерін табыңыз.
3. Қыстырма сөздерді табыңыз, тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңіз.
4. С.О.Тұрсынбековтің спорт туралы пікірін көшіріп жазыңыз.
5. «Спорт – денсаулық кепілі» тақырыбында шағын шығарма жазыңыз.

#### **44-мәтін**

##### **Спортта оза шапқан полицей**

Қым-қуыт полиция қызметінің арасынан спортқа уақыт тауып жүрген қызметкеріміздің бары біз үшін мақтаныш. Аттың жалында жүрген полицейлер үшін спорттың орны бөлек. Екі саланың ажырамас бірлікте болуы керек екені дәлелдеуді қажет етпейді. Себебі, сергектікті талап ететін қызметте спорттың көмегінің зор екені белгілі. Қызмет пен спортты қатар алып жүрген полицейлеріміз аз емес. Солардың бірі әрі бірегейі Ғани Қалменов. Жақында ғана Ғани Есенгелдіұлы тағы бір жеңіске жетіп, мерейі үстем болды.

Жақында 2011 жылғы 30 маусым мен 2 шілде аралығында Шымкент қаласында Оңтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер департаменті қызметкерлері арасында самбо күресінен біріншілік болып өтті. Осы жарыста I орынды алып, қанжығасы толықты десек болады. Сондай-ақ, биыл алдағы тамыз айында Қарағанды қаласында өтетін полицейлер арасындағы самбо күресінен жарысқа барып, бағын сынамақ.

Оңтүстік Қазақстан облыстық ПД-нің Жылдам қимылдайтын арнайы жасағында дене шынықтыру дайындығы бөлімнің командирі, полиция капитаны Ғани Қалменов талай жарыстарда үлкен жетістіктерге жеткен еді. 2000 жылдан бері ол қатарынан он жыл бойы самбо күресінен Қазақстан чемпионатында жүлделі орындарды иеленіп келеді. Сондай-ақ, Ғани Қалменов дзю-до, қазақша күрес түрінен де талай жарыстарға қатысып, чемпион атанған.

Ғани Қалменов облысқа танымал спортшы. Ол самбо, дзю-до, қазақша күрес түрінен КСРО-ның спорт шебері. Әсіресе, ОҚО ПД ЖҚАЖ (СОБР) қызметкерлері арасында дене шынықтыру мен салауаттылықты насихаттауда көш бастап келе жатқан білікті бапкер самбо, дзю-до күресі мен жекпе-жек спорт түрлері бойынша жаттықтырады.

Темірдей тәртіпке бағынатын қауіпсіздік қызметінің мамандарын кез келген жағдайға сақадай сай етіп дайындайтын полиция капитаны Ғани Есенгелдіұлының спорт жолындағы жетістіктерінің өзі бір бөлек әңгіме.

Спорт пен қызметті қатар алып жүрген азаматтың полиция саласына келуі де тегіннен-тегін емес. Оның әкесі милиция полковнигі Қалменов Есенгельді Баймаханұлы көп жылдар Ішкі істер органдарында қызмет еткен. Әке жолын қуған Ғани бала жасынан спортпен шұғылданып келеді. Ішкі істер органында 2000 жылдан бері қызмет жасауда.



Алғашқы еңбек жолын «Динамо» ДШСҚ-нан бастаған, кейін келе алғашқы дайындық мектебінде оқытушы болып жұмыс атқарған. 2004 жылдан бері Оңтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер департаменті Патрульді полиция полкіндегі Жылдам қимылдайтын арнайы жасақта дене шынықтыру дайындығы бөлімінің командирі болып қызмет етіп келеді.

Бес баланың әкесі. Жұбайы Ақмарал екеуі 4 қыз және 1 ұл тәрбиелеп, өсіріп отырған жайы бар. Ұлы Нұраділ де спортпен шұғылданып, дзю-додан Қазақстан чемпионы атанып жүр. Биыл 9 сыныпқа көшкен Нұраділ болашақта полиция саласын таңдап, әке жолын қумақ ниетте екен. Қырықта қамал бұзар жасқа келген Ғанидің қызметте де, спортта да үлкен биіктерге шыққан жан.

Өз сөзінде Ғани Есенгелдіұлы: «Елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықтың, тыныштықтың орнығуы барысында полиция қызметкерлеріне зор міндет жүктелген. Туған жерін қорғайтын айбынды ұлдары бар кезде мемлекетіміздің қауіпсіздігі нығая түспек. Сондықтан да, қоғамдық өміріміздің тәртібін қадағалайтын сала мамандары әрдайым дене шынықтыру және спортпен етене жаттығулары қажет. Талап солай. Бұл бір жағынан, ер азаматтың шыңдала түсуіне ықпал етсе, екіншіден, оның өз өмірінің қауіпсіздігі мен өзін-өзі қорғай алатын дәрежеде болады.

Қызметкерлер аптасына екі үш реттен самбо, дзю-до күресі және жекпе-жек спорт түрлерінің қыр-сырын жетік үйренеді. Олар бұқаралық спортпен де шұғылданады. Футбол, баскетбол, волейбол ойнау біздің сүйікті ойынымыз», - деп атап кетті.

Қазіргі таңда ол ОҚО ІД Жылдам қимылдайтын арнайы жасағында дене шынықтыру дайындығы бөлімінің командирі болып жұмыс істейді. Биіктерді бағындырып жүрген Ғани Қалменовқа алдағы уақытта да тұғырынан таймай, табыстарға жете бер демекпіз.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, қай стильде жазылғанын анықтаңыз.
2. Сын есімнің шырайларын табыңыз.
3. Мәтіннен көмекші сөздерді табыңыз.
4. Мәтіннің соңғы азатжолындағы сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз.
5. «Менің - сүйікті спортым» тақырыбында шығарма жазыңыз.

### **45-мәтін**

#### **Шешендік өнер**

Шешендік өнер бар да, сол өнер жайлы ғылым бар. Антикалық грек-рим мәдениетінен белгілі “Риторика” ілімі шешендік өнердің табиғатын, болмыс-бітімін, сыр мен сымбатын зерттейді. Қазақ әдебиеттану ғылымында шешендік өнерді зерттейтін ғылымның терминдік атауы қалыптаспаған. Әдебиеттану ғылымының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Антикалық шешендік өнер қажындығы алғашқы толыққанды мәліметті бізге Перикл дәуірі (б.з.д. V ғ.) береді. Перикл даңққа мемлекет және саясат қайраткері бола жүріп адамдарды сұлу сөзбен ораған шешен ретінде бөленді.

Бұл кезеңдерде шешендік сөздердің теориясы мен шешендік өнер ілімі пайда болды. Оның негізін Коракс, Лисий және Горгий салды. Коракс шешендік өнерге “Шешендік дегеніміз – нандырудың қызметшісі” – деп анықғама берді.

Көне Грециядағы софистер (б.з.д. V ғ.) шешендік өнердің нағыз шеберлері болды. Олар әртүрлі көзқарасты тұтынушылардың арасында сөз сайыстарын өткізіп, сөз күдіретін танытатын тапқырлық сайыстарында сынасты. Софистер өздерінің теориялық және практикалық сабақтарының мақсаты жастарды қоғамдық шынайы өмірге дайындау

деп түйді Сондай-ақ олар шешендерді (кәсіби шешендерді) дайындады. Софист Горгий алғашқы шешендік өнер туралы оқулықты да жазды.

Софистік ағымның көрнекті өкілдерінің бірі – Сократ. Сократ ғылыми трактат жазып қалдырмаған. Оның философиялық ой-тұжырымдары Аристотель мен Платон еңбектерінде көрініс тапқан. Сократ даналық сөздерін көшеде, алаңда жиын-топқа сөйлеп, айтып отырған.

Сократтың тәсілі — асқан шеберлікпен табылған сұрақ-жауап арқылы қисынды әңгіме-дүкен құру, сөйтіп күрделі, ғибратты ойлар өрбіту.

Софистердің риторика ғылымына сіңірген еңбегін әдебиетші ғалым С.Негимов былайша бағалайды: “Олар риториканы -шешендік, эвристиканы — тартыс өнері, диалектиканы — дәлелдеу өнері дәрежесіне жеткізді” — дейді.

Шешендік өнер теориясына айтулы үлес қосқан грек философтары: Платон мен Аристотель болды.

Платон шешендік өнердің пәні мен мәнін: “Шешендік - нандырудың шебері, оның маңызы мен мақсаты осында” — деп, анықтайды.

Шешендік өнер теориясының бүтін бір дәуірін тудырған атакты грек ойшылы, алыптардың алыбы, жаратылыс, логика, этика, психология, педагогика, тарих, саясат, эстетика ғылымдарының түп-тамырын қозғап зерттеген Аристотель творчествосы.

Шешендік өнер табиғатын жасай отырып, Аристотель риторика пәнінің ауқымын өзіне дейінгі бұл мәселеге қатысты көзқарастармен салыстырғанда кеңейте түсті. Аристотельдің айтуынша, риторика жекелеген пәннің арнасында қалып қалмауы керек. Ол нандырудың құралы мен жолдарын шартты түрде барлық пәндерден таба алады. Осы қасиетімен ол дәрігерлік, арифметика, геометрия т.б. арнайы ғылымдардан ерекшеленеді.

Шешендік өнердің жалпылық мәнін, мақсатын тиянақтаған соң, Аристотель шешеннің мақсатқа жету жолында нені меңгеру керек екендігін үйретеді.

Шешеннің сөйлеу барысындағы нандырудың амалдарын қарастыра отырып, Аристотель өзінің “Риторика” еңбегін үш бөлімінен түзеді. Бірінші бөлімде шешеннің тыңдаушыларын тыңдауға мәжбүр ететін принциптері сараланады. Екінші бөлім тыңдаушының сеніміне кіріп мақсатқа жету үшін қажетті шешеннің жеке бас қасиеттері мен ерекшеліктері сипатталады.

Үшінші бөлімде Аристотель шешендік өнердің техникалық жақтарын: сөйлеу процесінде пайдаланатын ойды жарыққа шығарудың амалдарын, сөйлеу мәтіндерінің құрлысын қарастырады. Ол сөйлеудің алғы сөз, әңгіме, дәлелдеме, қорытынды секілді төрт түрлі бөлшегін бөліп көрсетіп, әрқайсысының нандыруға, сендіруге қажетгі маңызын жан-жақты негіздейді.

Көне Грецияның маңдай алды шешендерінің бірі — Демосфен, (б.з.д. 384-322 жж.) Құл иеленушілік дәуірдің өкілі, демократиялық құрылымның қорғаны болған адам. Оның Македонияның үстемдік әрекеттеріне қарсы дербестік үшін болған Афина күресінің тұсындағы саясат шешен сөздері, әсіресе, антимакедониялық партияны басқарған кездегі және оның Македония патшасы Филиппке қарсы айтқан сындарлы сөздері тарихта қалып, тағылымдық сөздердің қатарына енді.

Шешендік өнер Демосфен өмірінің мәні болды, ол оны аталмыш өнердің ұстазы етіп шығарды. Ол қажырлылық пен үлкен еңбектің арқасында “өзін-өзі қайта туындатты”, әлем шешендерінің эквивалентіне айналды. Демосфен сөйлеу мен оның техникасын шегіне жеткізді. Ол өзінің болмысы арқылы Цицеронның “Ақын болып жаралу керек, шешендер жүре келе қалыптасады” деген аталы сөзін дәлелдеп шықты. Ал бұл принциптің қазақ топырағындағы көрінісін бабаларымыз “көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады” деп ұлағатты оймен өрнектеген.

Демосфен өз өнернамасында сұрақ-жауап әдісін кеңінен пайдаланған. Осылайша, сөздің драмалық қасиетін күшейтті. Ол нақтылы дерек көздерімен сөйлеген, ойды түсінікті, еркін баяндаған. Сөйлеудің техникасын еркін меңгерген ол тыңдаушы алдында мың сан қозғалысқа түскен. Демосфен сөздері сөйлеу мәнерімен туған. Қарапайым және

көтеріңкі пафоспен (екі стильде) келеді. Ол осы екі стильді де еркін игерген. “Демосфеннен 170 қолжазба біздің дәуірімізге келіп жетті.

Грек шешендік өнерінің игі әсері арқасында көне Римде де бұл өнер дами бастады. Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасыр Рим мен Грек елдерінде эллиндік дәуір деп аталып, әдеби-мәдени құндылықтардың алмасуымен сипатталады. Бұл сипат шешендік өнерге де тікелей қатысты.

Шешендік өнер көне Римде үлкен күшке ие болды. Цицеронның мәлімдеуінше, Римде сөз күдіретіне ие болған адамға тәңіріндей табынған. Олар “адамды даңққа бөлейтін екі қасиетті өнер бар: бірі — қолбасылық, екіншісі — шешендік” деп білген. Рим мемлекеттік істерді халық жиындарында, сенатта, сотта ерікті әрбір азаматтың сөйлеу мүмкіндігіне ие болатындай жағдайда қараған. Сондықтан Римде әрбір азаматына шешен сөйлеудің қыр-сырына қанығып өсу мемлекет істеріне араласу талабынан туындаған. Республикалық Рим үшін қоғамдық қарқынды өмір, сөз бостандығы шешендік өнердің кеңінен өрістеуіне жол ашты. Басқаша айтқанда “демократия — шешендік өнердің анасы”.

Цицеронның шешендік өнер іліміне арналған еңбектерінде шешен үшін сөйлеу композициясы, стилі, айшықты тіл оралымдары, сөйлеудің дыбыстық жағы, артистік қасиет сияқты тәлім алатын көптеген жақтар қамтылған.

Шешендік өнер теориясына дамуына орыс ғалымдары да зор үлес қосты. XVII ғасырдың өзінде шешендік өнері туралы бірнеше еңбектер белгілі болды. Осылардың ішінде М.Усачевтің “Риторика” кітабын атап көрсетуге болады. Бірақ осы және басқа да еңбектерде діни, яғни шіркеулік шешендіктің әсері әлі де күшті еді. Бұл Ресейдің мемлекеттік құрылымдық жағынан демократияның парламенттік өмір сүру арнасынан қол үзгендігімен түсіндіріледі. Бұл түр батыс еуропа елдеріне тән еді. Шындығында университет қабырғаларында ғана жанды сөздің еркін дамып, жетілуіне жағдай туды.

Бұған шешуші қадамды Мәскеу университеті мен ғылым академиясының негізін қалаушы М.В.Ломоносов жасады. Ол қазіргі орыс әдеби тілінің негізін қалап, орыс тілінің қиын реформасын жасады. Ломоносов “Шешендікке қысқаша басшылық” кітабын жазып, орыс шешендік өнерінің бастауын ашты. Өзектілігін күні-бүгінге дейін жоймаған бұл кітапта орыс шешендік өнерінің ары-қарай даму бағдарламасы жасалынды.

Жалпы қазақ сөз қадірін жете ұғынған, оған өз өмірінде мейілінше мән берген, айрықша бағалаған. Сөз өнерін дертке балаған ел “тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады” деп сөз күдіретіне табынған, оның уытты күшін “таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді” деп бағалай білген. Мән-мағынасыз, қалай болса, солай сөйлеуге болмайтындығын ескертіп, “аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі”, “іріген ауыздан, шіріген сөз шығады,” “жақсы сөз – жарым ырыс” деп тыйым айта отырып жүйесін тауып сөйлей білгенді “сөз тапқанға қолқа жоқ” деп қошамет көрсетіп отырған. Әлемдік өркениетте ең бай да құнарлы тілді меңгерген қазақ елінің “жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз киесін табар” деп сөйлеудің мәдени нормаларын да белгілеп, тіл білудің, сөйлей білудің соншалықты қиын өнер екенін айтқандығы халқымыздың даналығын танытса керек.

### **Мәтін бойынша тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып, жоспар құрып, мазмұнын баяндаңыз.
2. Мәтіннің қай стильде жататындығын анықтаңыз.
3. Мәтінде тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңіз.
4. Мәтіннен күрделі етістіктерді тауып, морфологиялық талдау жасаңыз.
5. Ілгерінді, кейінді ықпалдың жасалу жолын түсіндіріңіз.

## Жас туралы

Жиырма деген жасыңыз  
Ағып жатқан бұлақтай,  
Отыз деген жасыңыз  
Жарға ойнаған лақтай.  
Қырық деген жасыңыз  
Ерттеп қойған құр аттай.  
Елу деген жасыңыз

О да бір көшкен ел екен,  
Алпыс деген жасыңыз  
Қайғылы - мұңлы күн екен,  
Сексен деген жасыңыз  
Қараңғы тұман түн екен,  
Токсан деген жасында  
Ажалдан басқа жоқ екен.  
*(Бұқар Қалқаманұлы)*

### Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Толғауды оқып, поэтикалық сипатын анықтаңыз.
2. Мәтіннің стилін анықтаңыз.
3. Сын есімнің шырайларын табыңыз.
4. Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңіз.
5. Толғауды жаттап алыңыз.